


63,5(2423)



• Қазақ этнографиясының кітапханасы 50 том •
Библиотека казахской этнографии 50 том
Circular text around a central illustration.



32 том

Копеев М.Ж.

Қазақ шежіресі



63.5 (24,23)
K 69

Қазақ этнографиясының кітапханасы

Копейұлы М.Ж.

Қазақ шежірессі

2-ші басылым, толықтырылған

Астана
«Алтын кітап»
2007

УДК 93/94
ББК 63.5 (5 Каз)
К-69

Кітапхана 2005 ж. негізделген.

Редакция алқасы:

Арын Е.М., Смагұлов О.С., Әжіғали С.Е.,
Шалекснов У.Х., Төлесбайев Ә.Т.,
Артықбаев Ж.О. (жауапты редактор),

Пікір білдірушілер:
Сейдімбек А.С., Шаханова Н.Ж.

Копейұлы М.Ж.

К-69 Қазақ шежіресі. 2-ші бас. толық. – Астана: «Алтын кітап», 2007, – 233 б. – (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 32-ші том).

ISBN 9965-869-20-0

«Қазақ этнографиясы кітапханасының» бүл томына М.Ж. Копейұлының қазақ этнографиясына ариналған сөбектері мен достүрлі фольклор үтілдері енді. Олардың шартта «Қазақ шежіресі», қазақ тарихына кәтістік ойпимдер және қазақ фольклор үтілдері бар. Кітап қазақ халқының этнографиясымен, этномодемистикмен және фольклорымен айналысадын мәмандылардың үшін құнды болын табылады.

Басылым тарихындаға, этнографтарға және қазақ халқының этнографиясы мен фольклорына қызығушылық білдіреттің қауымға ариналған.

УДК 93/94
ББК 63.5 (5 Каз)
ISBN 9965-869-20-0
050500/000 КІТАПХАНА
К 00 (05)-07

Tіркеу 570571

© Артықбаев Ж.О., түсініктеме,
мақала, 2006
© С. Торайғыров ат. ПМУ, 2006
© «Алтын кітап», беделіру, 2007

Библиотека казахской этнографии

63,5(21293)
K 65

М.Ж. Копеев

Казахское шежире

2-е издание, дополненное

Астана
«Алтын кітап»
2007

Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ. «Оқуға сенген үмытшақ» дег окуды керек қылмаған. «Жазуға сенген жаңылшақ» дег жазуды керек қылмаған. Окумен жазудың жоқтығынан жазылған шежіре болмады. Естігінен үмытпайтын құлағының тессігі бар, қеудесінің есігі бар, үкіп құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуменен кеудесі хат, естігін, көргені жад болған қариялар күйнігіне ауыздан ауыз алып айтумен үлгі-есиет калдырыған.[1]

Білдің қазақта шежірені басқа жүрттап ақтарып, таптырып алған кім екендігін сойлейік! Қазақ қазақ болғанда бұл қазақта хажыға ілкі бастап барған уақ Нұркен бай. Тоқал қатынымен барып, тортжыл жолаушылықпен жүріп, бесінші жылда қайтып, аман-есен еліне жүрттина келген. [2]

Сол Нұркеннен соң екінші хажыға барушы құлік Самай сопы мен Баянула дуан болып, ашилған кезде, ноғай Байжан хазірет екеуі болғац, екеуі де сол жақта өлтген. Солардың кеткен жылы қой жылы еді. Мың сезіг жұз елу сезізінші жыл болса керек. Осы сөзді жазып отырган Мәңгір Жүсіп дәл сол жылы туған бала. Осы күнде жетпіс жаста отыр.

Бұл қазақтан үшінші хажыға барушылар тобықты Қунанбай, айдалбон Қиышыл Қыстаубай, Ақмоладан, Ақкүм-Қосқопадан Шекшік хажы, Атбасардан Егізек, Жанайдар. Есіл бойындағы құлаң қыпшақтан Шоңты-бай, Батырқожа молда балалары, Сілеті бойындағы қыпшақтан

УДК 93/94
ББК 63.5 (5 Каз)
К-69

Библиотека основана в 2005 г.

Редакционная коллегия:

Арын Е.М., Исламгалиев О.И., Ажигали С.Е.,
Шалескинов У.Х., Толеубаев А.Т.,
Артықбаев Ж.О. (ответственный редактор),

Рецензенты:

Сейдимбек А.С., Шаханова Н.Ж.

М.Ж. Конев

К-69 Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. 2-е изд. доп. – Астана: «Алтын кітап», 2007. - 233 с. – (Библиотека казахской этнографии, том 32).

ISBN 9965-869-20-0

В данный том серии «Библиотека казахской этнографии» вошли труды по этнографии казахов и образцы традиционного фольклора из собрания М.Ж. Конева.

В книге представлены «Родословие казахов», а также исторические рассказы и образцы устного творчества казахов. Книга представляет большую ценность как для специалистов-ученых, занимающихся изучением этнокультуры, этнографии и фольклором казахского народа.

Издание адресовано историкам, этнологам, и всем интересующимся историей и этнографией Казахстана.

УДК 93/94
ББК 63.5 (5 Каз)

I-ое издание вышло в 2006 г.

ISBN 9965-869-20-0

К 0505000000
К 00 (05)-07

© Артықбасов Ж.О., комментарии,
статья, 2006

© ПГУ им. С. Торайтырова, 2006
© «Алтын кітап», оформление, 2007



Күрман баласы Қасен қажы, Мәмбет тоқадан Ұзынсазан ұргагы Мұхамет Салық қажы. Өр Алтайынан Алдағұман немересі Ешмұхамет қажы. Ертіс бойындағы Апайборіден Құдияр қажы, Қекшетаулық атығайдан Қожахмет қажы. Егізек Жанайдармен бірге барған Сұлтанқожа қажы, Қиышыл Қыстаубаймен бірге барған Жемекқожа, Байзолда ишан, бұларды қалдырмай жазып жатканым, тірі кайтып келгендерінің бір сыйырасымен ауызба-ауыз сойлесіп, мөн-жайына обден анық болғандығымды тустаныру үшін. Орта жүзден жиырма кісі болыпты. Кіши жүзден табандаган жұз кісі болыпты. Ішінде Нұрпейіс хазірет, Досжан халфе бар дейді.

Қазақ мұнан бұрын бүйтіп бас қосып қажыға бармаган екен. Жұз жиырма кісі болып, арасын айырмай, тізе қосып, қол ұстасып жүрген соң және ездері де козеге түсерлік әр таптың қасқа-жайсаңы болғандықтан көрғендегер таңырқарлық болыпты. Қазақ байғұстың салығантұмағының кулагын, сүйретілген тонының етегін, аңқиған аузын корген соң, коргсі қызығып, сұктана бастайды рой.

Ногай өкілі мен сарт өкілі таласыпты. Ногай өкілі бұлар маскүптік, мен де маскүп кісісімін деп. Сарт дәлелі бұлар Бұқар тіл, мен де Бұқар тіл кісісімін деп. Меке бастығын шәріп, Меди-не бастығын шайы әдейді екен. Екі Шәріптің шәріппері, шайхылары бас қосып, алдарына алдырып сұрапты:

— Сіздер маскүсіздер ме, жоқ Бұқар тілсіздер ме деп. Сонда хажы басы Құнанбай екен, ол кісі сейлепті:

— Біз маскүп-сасқубінді білмейміз, Бұқар тіл, сұкар тілінді де білмейміз. Тіріміздің билігі «мілдія» ұранды төреде, еліміздің билігі «калла» ұранды қожада. Қазақ деген жүрт болады скен-ау деп аң-таң қалысыпты. Тарих ақтарып, шежіре қаратыпты, таба алмапты. Бір буырыл бас сейлепті:

— Бұл тарих табылса Бағдат шәріпте Имам ағам кітапханасы деген үй бар. Жау тала-маган, ешқайда шашылып бытырамаған, табылса сонан табылады деген сон Бағдат шәріпке желмая мінгізіп, кісі жіберіпті. Бұлар өз ортасынан кіші жұз Досжан халфені жіберіпті. Бағдан кісілер:

— Табылды, қазақ деген жүрт Анас сахабадан есіп-оніп өрбітеген екен деп, нұсқа көшіріп алып келіпті. Сонан кейін бұл жұз жиырма кісі ортасынан расход шығарып: «қазақ тақиғи» деген тақиғ салдырып, ол үйді Құнанбай-атына жаздырып, мұнан былай қазақтан келген хажы осында түсетүғын болсын деп, қазақтың озінен ие болып бір шайхы тұратын болсын деп. Сонан былай қазақ та ел-жүрт екенінді, фұсырман екенінді өйтілген.

Бұлардың хажыға барған жылы, баяғы жүт кояннан бұрын, қаракік жылы еді. Қиышыл хажы хажыға кеткенде қатыны буаз қалып, Үл тауып, атын Мекебай қойған. Сол Мекебай тірі, елу үш жасқа аяқ басты. Баннаула, Қызылтау жып-жылтыр мұз болып, жылқы біткен Тініке, Шолақ, Сілетіге кетіп, қара мал семіз, күйіл шығып, мал мен мұзды атанды деп, сол күкіс жайында екінің бірі, егіздін сыңары біліп,

сойлеп отырушы еді. Бұл күнде алай-түләй, үйкі-түйкі аласапыран болып, бүтін естінің өзі де қалған жоқ. Жарым естілер шала-шарпы білгеннен айрылып қалды.

Құнанбай хажының хажыға барған жылға 1874-інші жыл. Өзінің өлтірілгені 1888-інші жыл, 81 жасында, тауық жылы өлді. Бұл Мекедегі «тақия» өзөлі Құнанбай атына жазылған, аргын атында болғандықтан Орманшыдан барған Хасен шайх даулап алған. Оナン кейін тоқал аргыннан барған Ешмұхамед даулап алған. Бұл күнде кіші жұз Досжан халғе атына жазылып қалыпты. [3]

Қазақ көсемі Мәліктің әкесінің аты Нәзір екен. Ерте заманда бұрынғы ата-бабаларымыз:

— Біз Ақкөс саҳабадан екенбіз дсп жүрді. Біреуден біреу естіп, айтулары бойынша пайғамбар дүниеден кайтқанын кейін әзіреті Омар халғе құнінде жетпіс мың сахаба аттандырыған скен. Алатау, Қаратаяуда «Мыстыңкөз» деген көпірдің жұрты бар. Соларды фұсырман қылмай қайтпандар дсп. содан бытырап, бөлек-бөлек кетіп, торт мың торт жұз қырық торт жыл жасаған Анакбар атанған сахаба Бұқараға жиырма торт шақырым жерде шайт болыпты. Қайсысын таусып сойлейін, Ақкөс, Имам, Бабыр, Құттықожа, Аққояндар Қаратаяуда шайт болып, молалары Қаратаяда бұл күнге шейін елі жоғалмаган. Имам Бабыр Қарнақта. Ақкөс Қарнакка жақын бір сайда. Бұл күнде гелер Домбы Ата деседі. Көпірлер басын кескенде кесілген бас домалап Меке, Мединеге қашады.

Копейұлы М.Ж.

Көп ұзамай бір тесікке түсіп кетеді. Сол тесіктен су тасып шығып, көпірлерді сел қантап, су ағзып набыт қылады.

Сол бастың түсіп кеткен жері бұл күнге шейін тессік, зиарат қыла барғандар беліне арқан байлап кісі түсіреді. Сол түскен кісінің айтып шығуы қып-қызыл киятас дейді. Су құннін батысына қарай ағып жүре берген. Жағалап жүре берсе, кісі жүре берерлік күргәж жол дейді. Жарық сәуле жоқ, шаммен жүрмесе жүре ала-тұғын емес дейді. Жоғарғы жағының биіктігі кісі бойы дейді. Мұз болып катқан сүнгі бар дейді. Қолмен біреуін алса, тұбімен қопарылып қолға келеді дейді. Қойына салып жер үстіне алып шығады, тас болып қатып қалады. Біреуден естіген сез емес, көзben көріп, қолмен ұстап айткан сез. Бұрынғы заманда бір диуана сол суға таяғын тастапты. Сол таяғын іздел Мекеге барыпты, барса таяғы соңдагы жандардың қолында жұр дейді. Зәмзәм шәріптен алдық десіпті. Қырым жұртынікімін, осы Ақкөс үргапғын деп Габдолмұхамет деген бір семіз әпненде үстіне күмбез тұрғызыды. Бұл жарты денесі дейді, жарты денесі суда қалған, үят жерін жұрт козінен жасыру үшін дейді. Өзіміз наңдық, наңған үшін жазып отырмыз, аяқ жағы суағар, судың жолы, бұрынғы атабабаларымыз:

— Мынау Ақкөс сахаба бабаңын моласы деген соң, бабамыз деп, біз соның рүм-бұтағымыз деп кеткені сол екен. Қазақ түбі Анастас екен деп, тобықты Құнанбай, Кіші жұз Нұрпайис хазірет айтып келген солар. [4]

Біздің айтатуғынымыз естіген құлақтың жазығы жоқ. Басқа жүрттан шыбың, тарих жазушылар қайдан шыбың, қайда барып ұшырасырынды білмейді. Анас пен Мәлік хазіреттері арап. Қазақ езін араптан шығарып, тұгызып, пайғамбарға туысқан, бауыр болғысы келеді дейді. Мына мен, Мешінүр Жүсіп Көпей баласы осы сөзді жазып отырмын! Бақытай бал ашып, түлкідей тұс коріп, жаурын жағып, күмалак салып айтып отырғаным жоқ. Нұсқалардан қөрумен, көрі құлақтан естүмен өз білгенімді шамам келгендішес көріп, шындал, тыңдал айттып отырмын. Бұл қазақ деген кеше мен бүтін қойылған ат емес, заман-заманнан айтылып келе жатқан ат. Арап тілінде «ғұғызқ» деп жазылған, шагатай түркісінде «қазағ» деп жазылған, езіміздің жуан тілде «қазақ» деп жазылған. Өуел басы Нұх пайғамбардан тараپ болынғанде Жаппас деген баласынан түрік, онан түтік, онан қой, онан киік, онан еділше, онан алтыншы, онан магол татардың мағолынан Қара хан, онан Үыз хан! Осы Үыз ханнан ербіп, енген нәсілден тарадық. Қіз үй сол Үыз ханың жасатқан үй. Қиз туырлықты қазақ, уыз үйлі атанғандығы сондықтан.

Ол Үыз хан балаларына Құн, Ай, Жұлдыз, Кек, Тау, Теніз деп ат койған. Қазақ күні бұл күнге шейін сол аттардың ізіменен келеді. Айдың басында тұғанының Айбас, таң ата туся Таңатар, күн шыға туся Күншығар, тұн ортасында туся Тұнқатар, көлде туся Қөлбай, тауда туся Таубай, жайлауда туся Жайлайбай, қыстауда туся Қыстаубай. Күзекте туся Күзек Үыз ханнан қалған ернек-үлгі.

Түріктен тоғыз атага шейін хандығым үзілмей келді деп, кінін тө тоғыз... құн да тоғыз, осы тоғыз-тоғыздан белетүүбын жол-жоба сол Үыз ханнан қалған.

Бейштің қақ терінен тимесе де,
Орын-морын тимей ме босағадан,-
деп баяғы Шәкір-Шәкірттегі кемпір-шал айтқандай. Бізге Құн, Ай, Жұлдызыдым кимаса да Кек, Тау, Тенізде көпсіне мә? Қазақтың бетімен жайылған қойдай емін еркін, ез тізгін езінде жүрген күндерінде катын керек болса, ногайлықтардың кызын ерікісі, сұраусыз алып кете бергендейтін ногай халқы қазақты бұ қүнгеше жек коріп кеткені сол, қалмақ ежелден атасының «асындағы» болған [5].

Орта жұз тарихы

Жанарыстың екі катыны болыпты. Бірде-бірінің бұшпағы қанамай, бізге құн көрү қайда, жас іисті баланы-ай деп, зарыбып, камығын жүрген күндерінде ойламаган жерден алты қожа кез келіп, кона қалыпты:

*Ой, құдай-ай!
Берді ғой бала беретүгін,
Әүлиелер келді ғой.
Сыйынбасам маган серт,
Қолдамасаң саған серт,*

Сарт болсаң садағам кет,-
деп алтауына алты қой сойыпты. Кір-конда-рынды жудыр, аттарынды тынықтыр. Осы койлардың етін жеп тауыспай жібермеймін деп. Сонда кожалар мұның шын құлап, ықылас кылған пейліне риза болып, осы алтауымыз да

атымызды бердік, алты үлға ата боласын деп баталарын беріпті. Аттары Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердікожа, Дарапқожа, Есімқұлқожа, Қосымқожа! [1].

Сонан соң қатындары буаз бола бастап, бәйбішеден төртеу, тоқалдан екеу туыпты. Алтауына алты қожаның атын қойыпты. Бәйбішеден туған төрт бала: Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердікожа, Дарапқожа. Қарақожадан арғын, Аққожадан найман, Ақтамберді қожадан қыпшак, Дарапқожадан қоңырат, тоқалдан туған Есімқұлқожа, Қасымқожаның бреуінен – керей, биреуінен – үақ.

Естіген құлақтың жазығы жоқ, арғын апасы қызы күнінде он жақта отырып, бір төремен айқасып қалып, ерек бала тауып, бул қалай деушігे дәнeme дей алмай, шашын тарай берген екен. Сонан балалының аты Таракты қойылып, «төре жоқта тарақты төре болуға жарайды» деген де сез бар. Ит жаманы баражы, ел жаманы тарақты деген де сез бар. Қыздан туганның қызы жоқ деп арғын балаларына тарақты нокта ағасы болған, – деседі. Орта жұз тарақтымен қосылып жеті арьс ел аталаған.

Арғының, бәйбішесінін аты Аргул бәйбіше. Мұнан Қотан, Ботан деген екі үл туған. Ботан қыршиын жасында өліп қалып, несіл-тұқым қалмаған, Қотанинан Мейрам-сопы жалғыз:

*Сұрасан, аргы атамды ер Қотанды,
Сұлтанбек Әзіден ол бата алды.
Мейрамұлы Қарашаш бір қыз туып,
Қуандық, Сүйіндік бол сонда атанды.*

Үақ Жарқын би Көтеш ақыннан сұраған скси: «Бүл ақындық ата-бабаңыда бар ма еді.

нагашы тегінізде бар ма еді» деп. Сонда Көтеш ақын айттығы:

*Қазақта арғын ага болған зерек,
Басқадан ол кісінің жөні болек.
Біздердің түп атамыз ақын Қотан,
Өзгеден олenger үстін болса керек.*

Осында сөздерден біздің Қотан деген бабалармыз, болғанын білеміз. Бұқарекен айттыпты деген бір сез бар:

*Бәріміздің сұрасан,
Қотанбайдың баласы,
Арғындардың сабасы.
Қарақожа бас болып,
Қабыл да болған дуасы.*

Арғын тоқалының аты Момын. Бұл Момыннан Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы. [2] Ақсопыдан толыбай үранды Қанжығалы, маябоз үранды тобықты. Қарасопыдан қарақай үранды қарауыл, барлыбай үранды атығай, он екі атаниң үлі Әдайт, Арықсопы, Нәдірсопыдан үрімбұтак–жұрагат жоқ.

Арғын бабамыз жұз алты жасында бір тоқал алған, аты Айнакоз. Онаи туған баланың атын Таңбыссопы койған. Таңбыссопыдан Үсенбай, Елемес, Елеместен Ериман, бұл Ериманнан Шағыр, Болтірік. Шағырдан Ақай, Жолдышбай, Тагышы, Аманжол, Сомжурек! Аманжолдан Қөшей, Қөшійден Шакшақ батыр, Шакшақұлы Қошқар, Қошқарұлы Жәнібек батыр, Әз Жәнібек, аталаған, мойны бүрүлмайтын, беті қайтпайтуғын жан болыпты. Әз Жәнібектен Әдайтбай, мұнан туған Мұса батыр, мұнан

кейнгілері Бірімжан, Қазыбек, Бірімжаннан Қорғанбек, Дауренбек, Қорғанбектен Ғазымбек. Шағыр Бөлтіріктің Бөлтірігінен Сырлыбай, Сары.

Елемеспен туысқан Үсенбайдан Қарамерген, мұнан Байтақы (вуыл тілінде әнгіме болған Байтақының есепшісі-ай деген осы Байтақы екен).

Ақташи, бұғышы, байташи, тағышы, шаржетім, шақшақ десе білмейтүғын жан жоқ. Қараман, төлек, қырықмұлтық дегендер де бар.

Тоқал арғын деп сойленеді. Орынбор жакта алты болысттан асатуғын шыгар. Біздік үзынқұлақтан естіген сөз, кем-кетік, қалған-құтқаны Майқы би аталған, Аккажақ пен Накақ аталған інілдеріміз түтелдер деп сенеміз. Біздей алжыған шал атапған ағаларын есірмесе өшірмес, далада жүріп тебісетүғын кері кеткенін саяғы емес едік.

Тоқал арғыннан скі Жәнібек шыққан, бірі Шақшақ, Жәнібек, бірі қара балуан Жәнібек.

Мейрам тарауы

Мейрам сопының қайны алшын Құдысбай екен. Қалыңдығының аты Нұрфая екен. Өзін қыс ішінде ұзатынты. Нұрфаянын өз шешесі өліт қалған екен. Биқешке шешесінің жоқтығын білдірмеймін деп Нұрфаяның ағасының қатыны – женгесі ертіпі. Түйіннін басын жетектеуге бір жетім ертіпті. Қош ілгері кетіп, күйеу жігіт артта қалып, қөштің ізімен келе жатса, қөштегі уш әйел түзге отырыпты. Жолшыбай түзге отырган кім деп қараса, біреуінің зәрі

тоңды бір карыс айрып жіберген екен. Тұнде қойыннан жатқанда қалыңдығы Нұрфаядан сұраса, ол Қарқабат еді дейді. Ол отыра қалып құрлалткенде қасындағы езіміз де шошып қалмыз, ат та тас-талқан болып үркеді депті. Елге келіп орнықкан соң, екі елдің арасы жау болып, қайын сіңлісін ертіп келген қатын елнің қайта шимай қалыпты. Сонаң сон Нұрфая «ағамның тоси тиген, женгем еді басқаға қимаймын, өзін үш» деп Мейрамның өзіне алғызыпты. «Мына қүциді де өзін ал, жатыры асыл есіп-өнейін деп түр. Бір жүрттап келген үш үргашы өлсек те, тірлесек те бір жерде болайық» деп, оны да алғызыпты. Нұрфаяның өзінен Куандық, Сүйіндік тұады. Женгесінен Бегендік, Шегендік тұады. Құишен Болатқожа тұады.

Құннің аты Қарқабат екен. Өмірінде Мейрам бабамыздың етіне сұық су, табанының астына сыз тигізген жоқ екен. Отын тергендеге ку көдені коп қылыш коса алып келіп, табанының астына тоссайды екен. Құманды тұнде қойынна алып жатады екен. Суға түсken сайын Мейрам:

– Ой, кесеген көгерсін, – деп алғысты көп айтады екен. Бұрынғының «калғыс тұбі ак май, карғыс тұбі кара қан» дейтіні сондайды коргендіктен айткан. Куандық марқа туыпты, Сүйіндік ұмытыңқырап кетіп, екі арасы тым алыс, кенже боп туыпты. Куандықтың алты баласы ат арқасына мініп, соңына еріп, жасаққа жараганда Сүйіндіктің отауы сонда түсіпті, қатыны ұлы жұз – үйсін Өзіг бидің қызы екен дейді. Сонда бұл қызды да женгесі ертіп келіп, сліне қайта алмай қалған екен.

Мейрам сопы ертерек еліп қалып, Нұрфая бәйбіше көп заман бес берсекін біріне қосылған бәйбіше болып, халқына үйлікте, құт бәйбіше атанған екен. Қара мал еңшісі белек, басқа екен де, жылқы үлеске түспеген екен. Сонда Куандық жылқыны үлеске салып, енші белуге келгендे озім бір сыйбаға, алты балам алты сыйбаға, қара шаңырақта қалғандарының бір сыйбаға депті. Сүйіндік Болатқожаны оңаша шығарып алып:

— Мына Куандық алты баласын арқа тұтып, маган көптік күшін көрсетеді. Сен маган жақтасып, жасақта шығуға жайын бар ма? Сен маган болыссан, мениң өліспей мал бергім келмейді,— дейді. Болатқожа:

— Жарайды, мен саган болысайын, мына жеңгенді маган қи, сонаң соң, оның баласы алтая болмак түгілі. Жақып пайғамбардың балаларында он екі болса да маган қоя бер, — дейді. Сүйіндік жентесін Болатқожага тигізбекші болды. Куандыққа кісі салды:

— Тұрысатын жерін айтсын,— деп.

Ертеге ертемен Куандық та шықты. Болатқожа аттан түсе қалып, жерден жеті шым ойып тастады да атқа мініп алып, Куандықтың алты баласын алты шыммен үрүп жықты да, бір шымды алып Куандыққа жетіп барды:

— Жасы үлкен аға едің, саған қол сермемеймін, — деп, жерге тастан беріпти. Куандықтың үрейі үшіп, түсі қашып, корқып түр екен. «Мына қолыңдағы шыммен періп қалса, мені жайратады гой» деп қуарып кетті дейді. «Кой асығы деме, қолына жақса сака гой»—деп еді.

«Біз саған тоқтадық, еншіні өзің боліп бере гой» — депті. Болатқожа:

— Маган тоқтасаң, ана жайылып жатқан жылқының бір жағын өзің таңдал ала гой. Мен қақ ортасынан жүрремін, мениң соңымнан өзгең жүріндер,— дегенде Куандық:

— Мен ана жағын алдым,— дейді. Болатқожа қақ ортасынан жүрді,— алған жағы Куандықтікі, калған жағы Сүйіндіктікі,— дейді.

Сонда Сүйіндік Болатқожага өкпелепті: «Мен өдейі сені «Аттай қалап, атандау таңдал» алып шыққанымда, бұл не қылғаның, көп жағын оған аудара байлан кеттін» деп. Сонда Болатқожа айттып:

— Сүйек-саяк сықылды шашылып жатқан жағын ол алды да, үйтқан қатықтай үйіп жатқан жағы сенде қалды. Бірақ айғырдың үйірі артық шығар, оның ағалығы жок па депті. Санаса келе, Болатқожаның айтқаны болып тұрыпты. Болатқожаның қарекесек атанған жері сол.

Сүйіндіктен қолқалап алған қатынынан Шұбыртпалы, Шекті туады. Алшын Зортұмқызың асына ат апарып қосып, оның бәйгесіне келген қүнін Қамбар туады. Бір шабыншылықта өз-өнерін асырып алған олжас баласы Жалықбас болады. Қыздай алған қатынынан Ақша, Түйге, Түйтеден Майқы, Танаас—Майқыдан Әйтік, Танастан Тымырық, Һөзір. **Бұл өткізділген саршар, Ақшадан ғошызылорда Мемлекеттік Университеті**

KITAPXANA

Tirkeye 570511

Бошан

Жанту, Таз, Байбөрі, Машат, Машай, Жантудан Токтуыл. Таздан Наманай, Бұлғұл, Бұлғұлдың екі катыны болған. Бірінің аты Қаракемпір, бірінің аты Құбакемпір. Құбакемпірден Қөшек, Алдияр, Құдайберді, Үсен, Шаншар. Шаншардың үш катыны болған. Қыздан Бике, Айбике, Нұрбике. Машайдан Бәйімбет, Бораныш, Бәйімбеттен Қояныш, Тағай, Дәүлет, Керей. Манаттан Ыдықбай, мұнан Қоянкоз, Торым, Боранышыдан Қарсұн, Керней, Қаракесек болған соң, есіп-өнуге келгенде бұған ешкім таласпайды.

Өзгени қоя тұрайық, өзімізге келейік, Қуандық.

Сүйіндік

Нұрфая бәйіште Сүйіндікті, Бегендік, Шегендікті, Олжагелді деген асыранды бір бала – тортеуіне өз қолынан катын алып беріп, енші беріп, сол тортеуін тортуыл атаған. Бегендігі – қозған, Шегендігі – қақсал, Олжагелдісі – каржас. Туысы басқа-басқа болса да тортуыл дегенде тортеуі қосыла кетеді. Бегендік қыршын жас құнінде оліп, катыны онан бір бала тауып, Оразгелді атаған. Бегендік олген соң, ол қатынды Сүйіндік алып, Сүйіндік алған соң, бір үл туып, мұның атын Сұғыншы қойған. Оразгелді, Сұғыншы Сүйіндіктің баласы есепті болып, Оразгелдіге катын алып беріп, енші берген. Оразгелдіден екі бала – Тәнірберді, Сөрік. Сұғыншыдан екі бала Шоманақ, Мәжік.

Копсіұлы М.Ж.

Тәнірбердіден үш бала – Ораз, Малқар, Жолым. Сөріктен екі бала – Қожамберді, Тоқтас. Қожамбердіден - Байназар, Есназар, Қозыбақ. Тоқтас екі катын алған, бәйішесінен Есіл бойындағы Қарақозған, тоқалының аты Сарықызы, онан тұганда Сарықозған атанағы.

Қозған деген кісі аты жоқ, козғала берген соң, шіркін қоза береді ғой деп Қозған аталған. Қақсал деген де кісі аты жоқ, қақсай берген соң Қақсал атанаған.

Қуандық, Сүйіндік енші альясканда қарабауыр қылып аламыз деп таласып, асық қаржысып алғандықтан Олжагелді қаржас атанаған.

Баяғы Бегендіктен Оразгелдіні, Сүйіндіктен Сұғыншыны тапқан катын Сүйіндік олген соң, байға тиіп кетіп, Куандықта тимеш деген елде Оразды тапқан. Бала құнімізде қариялар аңыз қылып айттып отыруши еді, бір катын бес елді есірген екен деп.

Сүйіндіктен Сұғыншы, онан Шоманақ, Мәжік дедік. Сұғыншының катынының аты Жолбике. Бұл Жолбикеден Жанболды, Құлболды, Жолболды туады. Шоманақ олгенде Жолболды емшекте қалған бала. Жолбикені Қаржас алып, Жолболды анасының құшагында кетіп, оған катынды Қаржас алып беріп, енші беріп, мал-жанданып, жан-жанданып, үйлі-баранды болғаннан кейін бауырларын тапқан. Құлболды балаларынан зорлық көре бастаса, бірі боз қасқа сойып, бірі көк қасқа сойып, Қаржас пен Орманшы біріге бастайды. Ол бүрынғы есіп-онбекен қунде болған жұмыс. Бұл қунде есіп-өніп көбейген соң, ешкімді ке-

рек қылмайды. Бірақ ұрандасқанда «Жолбике, Жолбике» дескенде бірігіп кетеді.

Шоманақпен бір туысқан Мәжіктен Малай, Жәдігер, Малайдан – Қатке, Даулет, Жәнібек, Тыныбек. Жәдігерден – Бәйтік, Шақай, Сары. Бұл Малай Жәдігер үрпағы. Өзге торттылға қарағанда аз, аз болғандықтан күні бүгінге шейін торттыл атында. Құлболдымен туысқан Жанболды өслегендіктен күні бұл күнге шейін Жанболды атымен аталауды. Бұрынғы ақындардың елеңі:

*Мәжіктен бір туысқан ер Шоманақ,
Койыпты Құлболдыны құдай қалап.*

Құлболдының бәйбішесінің аты Мақпап. Мақпап бәйбішениң тұңғышы Құлік, ортавшысы Тұлпар, кенжесі Айдабол. Айдабол он үшінде Айдабол би атанған екен. Ол заманда аргын Сырдәріяның құнібатысында жүрді скен. Аргын дәріядан отіп, Қарату жайлайды деген сөз естіле бастағаң соң, қаралапқаң аргын бұл жаққа келсе, таң атырып, күн шығармайды. Өткелден өткізбейміз деп, өткел аузын алып тұра қалды дейді, Сыр суында аяктап өтетүғын откел болмайды. Сонда Мақпап бәйбішениң астында тор жорға аты бар екен. нар жетелеп судан өтерде қара шұбар манат белдемшесінің етегін жинап алды да, іркілмesten аты да үйректей қайқаңдал, жүк-мүгімен нарлары да шегініп тұрып қалмай, байпаңдал оте шықты дейді. Өткізбейміз деп тұргандар ләм-лим дей алмады. Пай, пай бәйбішениң бексерсіне болайын, – десіпті. Сонда Мақпап бәйбіше:

Күлсөң қулерсің, қулерсің
Күндердің күніндеге кебің,
Езуің жисия алмай жүрерсің.
Бұл қай бексе,
Айдабол шыңқан бексе,
Артың болса Айдаболдай үл тан,
– деп жүре берген екен.

**Құлік, құлік, жүрген жерің үллік,
атанған Құлікке келейік**

Құлік – қыргызша жүйрік делінген сөз.

*Қыс шілдеде
Жілік жүгіреді.
Жаз шілдеде
Құлік жүгіреді.*

Өзінен жүйрік тұа беретүғын ел. Екі қатыны болған. Бейбішесінен Тілеуімбет, Наурыз, Даулет, тоқалдан Өтепберді, Дашияр, Сексен, Өтепбердіден – Ақыл, Қошқар, Өтепбердіні жан білмейді. Ақыл, Сексен атанған. Ақылдан – Бейбіт, Жапалақ, ДЕРІПСЕЛІ, Миrzagelді, Айбас. Ақылдың қалмақтан алған қатынының аты – Сұлым. Онаи тұған Қойгелді, Жылтеді. Ақыл өз қара шаңырагына Бейбітті ие қылыш, кенжесі Айбасты Сұлымның қолына кіргізіп, соның шаңырагына ие қылған. Ақылдың қалмак қатынынан тұған Қойгелді Самыраттын асында өз тұсында үш жұзден балуандығын асырган, Бұқара балуаны атанған коныраулы балуанды жығып, бәйтеге алып кеткен. Самырат Бұқарды билегеи Даниар биден тұған Мінайдар ханының баласы.

Қойгелді балуан жалғыз барып, қалмақтан бір ерек бала алып қашып келіп, атқа отырысы дұлығадай болған соң, атын Дұлыға қойып, асырап алып, бала қылған. Осы күнде Қызылтуда «Дұлығатас» деген тас бар. Сол Дұлығадан рұмбұтақ – жұрагат бар Дұлыға балалары – Тоқанай, Токай, Тоқанайдан – Өтебай молда, Тоқайдан Оразайлар. Бейбішеден Құнтай, Тақашбай, Тақашбайдан Қуанбай жалғыз. Тақашбай ел тауға қонып жатқанда олғен екен, сол күнде Қуанда үш жұз қой бар екен. Бір жұзін сойып әкесіне ас беріпті. Қалған екі жұз қойдың бір жұзі егіз тауып, Қуанын өз козі тіршілігінде он екі мың қой тұғыры болғанын коріпті дөлінген соз бар. Қуан балалары – Ордабай, Даңдабай, Молдабай, Ногай. Молдабай қотанынан бес мың тұқыр өрген күнін осы қалам ұстап отырган өз көзімен көрген кіси.

Даңдабайдан Торғауыт, Аймауыт бәйбішесінен балалары. Тоқалынан Оспан, Бейділда, Әбдірахман. Аймауыттан Жұсіпбек, Жұсіпбектен Бектүр, Жанақ.

Тілеуімбет, Наурыз

Құліктің бәйбішесінен Тілеуімбет, Наурыз. Тілеуімбет тұңғышы екен Он алты ұлды Тілеуімбет атанипты. Үй тентек, айран көз, белдеу ұстап, безерлік қылуға мығын екен. Арғында Тілеуімбет, Алышында Жолымбет деп аттары шығыпты. Батырлықпен, билікпен, құндышпұлдылықпен емес, кисық-қызырлықпен аты шығыпты-ау деп ойлаймын. Өзі жұтап, жұттан

қашып шұбырып келе жаткан қазақтың көшіне жол-жөнекі қалмак оқтай үшырап, алты бала сымсын Наурыз қашып құтылып, он алты бала әт арқасында соңынан шұбырып жүрген сон, Тілеуімбет қашпай соғысып қалып, басы отағасының өзі больып, бықбырт тауыпты.

Орманшы Бәлке Тайлактың бала батыр атапған күні екен. Жау ортасында жаралы жатқандардың үшесін алып қашып құтқарыпты. Құліктің сексен жасында тұған тоқалының баласы Сексен, сары атты Сексен атапған. Жүкті түйені жүгімен ала қашып құтқарыпты. Ол түйісде екі бала бар екен. Бірінің аты Бесім, бірінің аты Қойтан. Сол түйенің үстінде жан сактап қалған. Бесімнің үрпағының есіп-онген жаинан тұған үрим-бұтақ, журагаты осы шежірени жазып отырган.

Бесімнің бәйбішесінің аты Бектік. Қылшақ Қытықолақ мергениң қызы екен. Бектік бәйбішеден тұған уш бала – Жанжіт, Ақжігіт, Қарымыс Ақжігіттен Құлмагамбет, Сырмагамбет, Досмагамбет, Ермагамбет, Сырмагамбеттен – Санжасар, Мыңжасар, Жұзжасар, Қөпжасар, Мағырып. Қөпжасар корыаш, уактуда тұғандығынан Көпей атанип кеткен де, сол Көпейден тұған Мәшінур Жұсіп жетпіс жасында жазып отыр осы нұсқаны.

Наурыздан алтая

Шобалай, Шобай, Ақай, Төкей, Ерсімбек, Мемек. Ерсімбек еслеген, Шобалайдан Жәңке батыр, Әміртай. Мұның үрпағын Қожаберген

деседі. Жәңке батыр жұз төрт жасқа жетіп өлген, он төрт үлға ата болған. Балаларының бәрі де есіп-өнген. Абылай хан заманында болған билердің қақ маңдайы болған. Жалай мен Жәңке батыр да үш табылды дейтүғын Жәңке батыр осы. Байдың бейбішесінен Аққожа, Тансыққожа, Қосақ, Жанақ.

Жәңке батырдан кейін Жанақ би болған. Өз тұсында Жанақ деп ешкім атын атайды алмайды екен. «Жәңке Жәңке» деседі екен. Бұл кісі «аттым» десе, мал да, жан да мұрттай ұшады екен. Қаһарлы Жанақ догал оқ Жанақ атанипты. Өзі біреуге іренжіссе:

— Эй, жаңым, ақшолаққа оқ салдырайын демесе, тыныш жүр, — дейді екен. Токсан бес жасында, ел жайлауға көшіп бара жатқанда Сілтепінің ар жақ, бер жақ қабағында Сарытебе деген жерге қойылыпты. Әруақ, мұра, кор деген барғой. Елу алты жасымда осы Баянаулдан сүрінбей-жалықпай басына барып, ақ шолагын, догал оғын алып қайтқан жан осыны жазып отырған.

Жәңке батырдың бейбішесінен тұган төрт үлдің бірі – Қосақ. Бұл Қосактан Торсықбай туып, ең алғаш орысқа бағынып, дуан аузы ашылғанда Шоқ би аға сұлтан, дуанбасы сайланғанда Торсықбай болып сайланып, ескі законда он жеті жыл болыс болған. Түкірігі түйме алтын, қақырығы құйма алтын, аузынан шықкан лебізі жерде қалмаган қасиетті, үлгілі осиетті жан болған.

Жәңке батырдың қалмақ қатынынан Татаң, Шекей, Құлмырза, Тікей, Қабыл бес ағайынды. Бұлардың үрпағын күні бүгінге дейін бес қара

дейді. Үшінші қатынынан Босмойын, Биқбас, төртінші қатынынан Алдияр, Байбарак, Қожам, Сейт. Осы он төрт үл иттің күшігіндей есken-өнген, би баласы дейді. Құліктің көбі осылар болады.

Жәңке батыр әкесі Шобалаймен бірге тұган Шобай, бұл Шобайдан Жаманғара, Байтобет, мұның үрпағы да толық бір ауылнай ел. Шолабай, Шобаймен бір туысқан Ақай деген тагы бар. Мұның балалары Бекмырза, Санмырза. Бұлар да толық бір ауылнай ел. Енді бір туысқан Түкей деген. Алдыңғылардай еспесе де, өз алдына Түкей атаптанды ауыл-аймақ. Бұлармен туысқан Ерсімбек, Мәмек. Өспеген де өшпеген азғанын Жәңке батырмен бір туысқан Өміртай. Мұның балалары – Ақбота, Тайлақ, Қайнар, Кошқан. Мұның үрпағы да есken-өнген...

Құліктен бері неше атала келгенін аңғартайын. Құлік, Наурыз, Шобалай, Жәңке батыр, Ақкожа, Құлжан, Жаутон, Тілесбай, Ыбырай, Әбікен. Осы Әбікен де бала-шагалы жан. Құлік үш ағайынды – Айдабол, Құлік, Тұлпар.

Наурыз екі ағайынды. Тілеуімбет, Наурыз. Шобалай алты ағайынды, Жәңке батыр екі ағайынды.

Ақкожа бір атадан төрт ағайынды. Әкесі Жәңке батырдан тұган он торттің бірі. Құлжан алты ағайынды. Өстемір, Құлжан, Бижан, Құнан, Дөненбай, Құлбек! Жәүтен екі ағайынды. Тілесбай үш ағайынды. Тілесбай, Елесбай, Тәтікот. Ыбырай үш ағайынды, Әбікенде сондай. Мұның бәрін шұбыртып жаза беруге өзім көрі, қағаз қат.

Торсықбай торт ағайынды: Жаңгара, Баба, Сапқай, Торсықбай. Жақып баласы Малғабас, мұның баласы Арын, мұның баласы Шәріп! Қойсары ішінде Қозыбақ, Малбағар бір туысқан. Қозыбақ балалары Байсалық, Жансалық, Қожаберген.

Үртактары Нарымбай, Түгелбай. Нарымбайдың көшіп Қаржасқа келген жылында туган баласының аты Қаржабай. Оナン туган баланың аты Омар. Бұл Омардан Имаммөлік. Тұбі-тегіміз үйін дейді. Нарымбай Түгелбайдың нағашысы. Қаржас шешелеріне еріп келіп, нағашысында тұрып қалған дейді. Өздерінен басқа ағайындары бар дейді. Дағбада, қосқулақ ішінде, біраз үйін бар. Қоқиетау жакта қарастырылғанда үйін бар дейді.

Қаржас, Құлдың торт баласы Құдайберген, Тәнірберген, Тілеке, Тілеміс. Бұрынғы қонысы Қызылтауда. Есеннің қарақуысы болған. Алабас айғырдың үйірі жетпіс-сексен болған. Алабас айғырдың үйірі жоғалып кетіп, Құлдың Тілеке батыр атанған баласы тауып алғып, сонын барып жатқан жерін Алабас койған. Айдан жүреін десе айғыр айдатпаган. Айғырдың өзін ұстап мініп алғып, намаз оқып отырганда айғыр тықыршып тұрмай, шиыршық атып оралғанда, қыл шылбыр мұрнының үстінен оралып, мұрның шорт қылп тастаған. Мұрның кесіп тастан, күмісен мақта жұлып алғып, жапсырып жүре берген. Үйіне келсе, әкесі:

— Балам, Есен тентек малымызды қуалап оттаптайтын болды. Құн корсететүғын болмады, — деген сон, далада малда жүрген Есен тентекті

ұстап алғып, тентекті өзінің шалбарының ішіне салып, аузын-балагын буып, таудың басынан домалатып жіберіп, көшіп кетіп қалған...

Қуандықтан алтау туды

Есенқарт, Аманқарт, Алтай, Қарпық, Баршы, Тимеш. Қарпықтан Тінәлі, Мәмбет, Күзей, Есентемір – Күзей атанған. Күзейден туган Тоқа, Алтайдың Тоқасы осы, Тінәліден Әжіке, Әлімбет, Үсейін. Қасқа. Үсейіннен Құттыбай, Жәйілмес. Құттыбайдан Құттымбет, Тілеуімбет. Құттымбеттен Қарабас, Деріспәлі, Айдай, Торгай. Қарабастан Дүкен, Баянбай, Түгелбай, Тенізбай, Төлек, Дүкеннен Қылдыбан, мұнан Айтқожа халфе, Шырай, Әбей хажылар. Осыны жазып отырган Мәшнүрмен замандағас кісілер бұлар. Баянбайдан Қалдыбай, Орбай. Құттымбетпен туысқан Тілеуімбеттен Қанай, Құрмантай, Енем; Енем – қатынга аталған ат. Байның аты Өтеміс. Өтемісті жан білмейді, Енен баласы атанып кеткен.

Қанайдан Байғұн, Байғұннан Сары, Қоныр, Сарыдан Кебе, Қөгер. Қоңырдан Досымбек, Қанаймен туысқан Құрмантайдан Үмбетай, Үмбетайдан Елшібек, Елшібектен Қанту, Жанту, Қантудан туды Бесімбай, Өтебай. Жантудан Айдалек, Мұса, Секербай. Заманында Ақмола дуанына қараган елге қазы болған кісі.

Енен баласы Жаманбай. Жаманбайдан – Елеу, Елеуден – Бейісжан, Тілеуімбетпен бір туысқан Құттымбеттен Қарабас туган деп едік кой. Қарабастан Түгелбай, Түгелбайдан Ерәлі, Серәлі, Тілеулі, Бектас, Бегімбет. Бұлар тоғыз

ағайынды болып туған. Ерәліден Сүріпкел тоғыз ағайынды болып туған. Сүріпкелден – Мұсабай тоғыз ағайынды болып туған. Мұсабайдың бір баласынан тоғыз туған. Торт атага дейін тоғыз-тоғыздан туып келген. Ерәлі, Серәлімен бір туыскан. Тілеуліден Ақбике, мұнан Қылыш хажы. Тінәлі де кол жыл болыс болып, атак шығарған бір кісі.

Жоғарғы жақта айтылған Қанайдан Сары, Коныр, Қеңгір деген біреуі тағы бар. Қенгірден Олжабай, Олжабайдан Жарқынбек, Жақынбектен Әніппак. Тәніліден торт бала Әжіке, Әлімбет, Үсейін, Қасқа. Үсейіннен – Құттыбай, Жайілмес, Дедек. Жәйілместең Қожагүл, Дәүлет. Қожагүлдан – Өтеген, Қөлбай. Өтегеннен – Байұзак, Жанұзактан – Бердісүргібай, Тінәлі, Дебір, Қадірлі, Құнды, Пұлды болған. Мұса, Секербай заманында Бердісүргірбай десе, әркім білерлік бір кісі болған. Осы кісі айтып отырады екен, балалар:

– Қаңтар болмай қарға жарымассыңдар,
Хақсы қөбеймей дауга жарымассыңдар... –
деп ол заманда қазақта хажы салама болған күн.
Бердісүргір балалары Әбділда, Жақып, Сайдалы, Аққошқар, Өтеген, Қөлбайдан Әлі болыс. Бұл кісі де Қуандықта кешегі Шоң болыс сықылды көп жыл болыс болған жан.

Қанту баласы Әлі болысты «шата мұрдар» деп айта береді екен. Әр орында бір айтып, қоймаған соң:

– Мені шата, шата деп айта бересіз. Әкессі белгілі кісіні шата дей ме екен? Мен кімнің баласынын айтып беріңіз, – деген екен.

Копейұлы М.Ж.

– Өзің іште жатырысын... Қайдан білесін? Жаман Құлшымбайдан сендей бала туда ма, сен Наурызбайдан пайда болған бала едің! – дегендеген:

– Онда әкем жаман кісі болмады фой, – деген екен. Өтегеннің Қөлбайынан Жантілі, Майкөт. Майкөттен Әміртай. Әміртайдан Құлшымбай. Құлшымбайдан Әлі болыс. Жантіліден Жорқабай. Жорқабайдан Ысқақ. Кісі білмейтүғын жандарды жаза беріп немеге керек.

Қуандықтың бір баласы – алтай

Бұрынғылар айтқан сөз дейді: алшын болсаң адай бол, аргын болсаң алтай бол, үйсін болсаң сиқым, жаңыс, ботбай бол, найман болсаң каракерсій, садыр, матай бол. Өзгелерің қалай болсаң, солай бол деп.

Тышқанның да сөүірі болады деседі. Алтай аргынның сөүірі болған екен. Алтайдың бай бәйбішесі қанжығалы Піспекбайдың қызы Байбике. Онаң туған Алысай. Жеке алған бір қатыны болған, онан туған Нұrbай. Алтайдың ақ сауыты Нұrbайда қалған. Қалмаққа олжага түсіп кеткен жерінен Нұrbай езі барып алып келген, сауыттың аты шежекөз. Сондықтан Нұrbай ұраны шежекөз болған. Нұrbайдан басқасында белгілі ұран жок. Әүпәй Қуандық аталған.

Байбике өлген соң, Піспекбай Алтайға Аққоян деген қызын беріп, мұнан туған балалар Әлике. Байдалы, Сайдалы, Әликс, Байдалы томенігі Алтай атанаады. Сайдалы Ақтая, Ортау жакта ер Алтай атанаңт кеткен. Аққоян өлген

соң, Піспекбай Алтайға тағы бір қызын берген. Мұнап тұған Мойын. «Мойын болмай ойын болмас» атапған. Алтайдың балаларының ішінде есекен-өнгеги, толығы осы Мойын болса керек. Бұл тоқал Мойынды тұған соң қалмаққа олжа болып, жау қолына түсіп кеткен. Нұрбайдан басқасы қалмаққа барады дейсін бе? Нұрбайдан алыш келген. Тоқал қалмақтан екі қабат келіп, ер үл тапқан. Алтай бабамыз:

— Кенжеқарам деп айтқандықтан Кенжеқара аталаып кеткен. Қалың Алтайдың ішінде мұнан да үрпак бар. Бұл күнге шейін Кенжеқара атанады.

Мойынды таратайық

Алтайдан алтау – Алысай, Нұрбай, Әліке, Байдалы, Сайдалы, Мойын. Кенжеқара Алтай баласы аталаып, есеп-санға қосылған емес. Мойыннан алтау – Рақбан-құл, Аманқұл, Сарша, Шаккей, Қаріке, Мұрат. Сарша, Шәңкейден – Етболды, Байболды. Рақбанқұлдан – Әлібек, Калибек! Аманқұлдан – Әжім, Мәжім. Әлібектен – Арапбай, Сармантай.

Мұраттан алтау – Әлмәмбет, Мырзамбет, Үмбет, Үкібас, Мәмбет, Таубұзар. Әлмәмбеттен тертеу – Жылқайдар, Қожагұл, Қалқамаш, Бекайдар. Бекайдардың үш қатыншынан тогыз туады. Тоғызы да есіл-өнеді. Мырзамбеттің қатыншының аты Төмен бәйбіше атапған. Мырзамбеттен Қоңқар деген баланы тапқан. Мырзамбет өлтөн соң, бұл Төмен бәйбішени Бекайдар алған. Төмен бәйбіше Бекайдардан

үш үл тапқан: Елібай, Жайықбай, Теңізбай. Төмен бәйбішeden кейін Салия атты қатын алған. Мұнап тұған Төлебай, Дербес, Қожамсейт. Баяу тоқалдан Ізбасар, Баба, тағы біреу бар. Төлебайдан - Жиенәлі батыр, Абылай хан тұсында әрұқаты батыр болған.

— Жылқайдардан – Ақкісі, Жанкісі, Бердіс, Төлек. Бердістен - Жапалақ, Ботбай, Шымыр. Жапалақ батыр атапған, өзінде үл жоқ, екі қыз болған. Батырлық деген жылқы қуалап ала бергенен батыр атапған. Базыл Баштайдың әкесі Тұрсынбайдың жылқысын алған. Жылқы соңынан бітім-тыншы үшін барғанда: құдық – тұбі шыммен бекіт, бітеледі, дау аяғы қызбен бітеді деген бар гой. Жапалақ батыр Қосајқ деген қызын Тұрсынбайдың, беріп, Тұрсынбайдының тоқалдыққа алыш, кешегі аты шықкан Бейтен сал сол - Қосајқтан жалқы тұған. Жапалақпен бір туысқан Шымырдан – Бармақ, Бармақтан – Танаш, Қапай, Ашай. Танаш қызы Ұлбаладан осыны жазып отырган Мәшін Ҳұсіп тұған. Жерде қалмайды, жиенде қалады деген бар гой. Жиенәлі батырга, Жапалақ батырга жаққан жұмыстар осы екеуіне де көрінс көзге жақты, басқаға жақпайтын қылыштар.

Сармантайдан

Мәулім бәйбішeden – Байдөulet, Келдөulet, Өмірзак, Ерназар, Бекназар, Құлназар; Тотия тоқалдан – Алдажуман, Қаражігіт. Ерназардан – Алишагыр батыр, онаң Білжан, Шынтемір, Тыныбек. Алдажуманның бәйбішесінен Қорам

жалғыз. Мапа деген бәсентиң қызы тоқалынан Сәттібай, Сөті, Қошқарбай, Тәті. Бұл Тәті жақсы Тәті атанды. Қуандық, Сүйіндікте жалғыз қара болды. Өз түсінда мұның алдына жан түспеді. Тетіден – Азына. Сәттібайдан – Есемекай, Абыл. Қошқарбай немересі Ешмұхамет. Тобықты Құнанбаймен сапарлас болып, хажыға барып, хажы атанған.

Алтай – Тоқага он жеті мый жылқы біткен. Алдажұман дейтін бай екен. Алдажұман байдын Мәулім дейтүғын бойбішесінен Қорам жалғыз. Жаздығуні бай жылқысын көлден сауартып шығарып, аулына қайтып келе жатса үйінің қасында төрт-бесті бәсентиң қоңысы болады екен, солардың бір үртек бас, жалаң бұт, жалаң аяқ жүрген қызы үйінен шыға сала отыра қалды дейді. Сонда соның дәретінің ғүрілдегенінен байдың аты үркіп, жығып кете жаздалты. Атын бұрып, тоқтатып алып әдейі келіп отырған жерін караса, әлгі жерді қарыс айрып жіберген екен. Үйіне түсісімен жылқыға шаштырып жіберіп, бір тай алдырып, сойып, түн ішінде ауыл-аймағын жиннатып алып, сол қызды тоқалдықта алыпты. Аты Мапа екен. Төрт ұл туынты – Сәттібай, Тәті, Қошқарбай, Сөті. Төртеуі де бөлекше болып туынты.

Қарікеде – Ақбура, Тоқбура дегендер болған. Тоқбурадан тогыз, Ақбурадан алтау. Ақбура балалары – Арзықұл, Құдайқұл, Менліқұл, Жанықұл, Жанықұлдан – Аманбай, Аманжол. Аманжолдан – Мәмбет, Үртек, Қошекбай. Мембеттің бәйбішесінен – Санырық, бір қатынан

Копейұлы М.Ж.

Мұдайтпас, Қашаған, бір қатынан Тоғалақ, Сәтбай, Сотек. Аманжолдың қара шаңырагы осы Сәттеке қалған. Кеме Мұса, Секербай заманында Сәтек асы атакты зор жиын ас болған. Айтбақының күрең аты бәйгениң алдын алған. Балуан бейтесін Байдальының Мұстапасы алған. Санырықтың бәйбішесі Асан Тастемір қызы, аты Ұлбала. Ол он ұл туган. Токалының аты Айымжан. Бұл ұш ұл туган, бәрі де есіп-өнген. Қуандықтан алтау, Мойыннан алтау, Мұрраттан алтау, Әлмәмбеттен төртеу, Бекайдардан тогыз, Қошқардан алтау.

Биікіе деп атанған, Арапбайдан тогыз. Сәйдәлі де Иткарадан тогыз. Тінеліден Қарабастан тогыз. Біреуі Ерәлі. Бұл Ерәліден де тогыз. Біреуі Сүріпкел, Сүріпкелден де тогыз. Біреуі Мұсабай, Мұсабайдың бір баласынан тогыз. Төрт атага дейін тогыз-тогыздан туып келген осылар. Қуандықтың есіп-өнүн осылайша.

Біреуі теріс, екеуі керіс, төртеуі дұрыс, бесеуі шокпар, алтауы бақан, жетуе жеті ит, сегіз болды, иттің күшігі болды, тогыз толық деген.

Жалғыздық бір құдайға жарасқан, онаң басқаға жараспаған. Екеудің бірі өлсे бірі қалады. Жалғыздың өзі өлс... артында несі қалады. Төртеудің дұрыстығы екеуі біріңгай болса, қалған екеуі тағы біріңгай болады... Жетеу болса, жеті иттің аулы атанады. Ұш жүздін баласы қазақты аралады, сегіздің онған жерін көрғенім жоқ. Тогыз не де болса жаман емес, ең дәнeme болмағанда есіп-өнеді.

Қарекесек

Бұл шежірениң жоғарғы жағында қарекесек бес мейрамның бірі атанаып, Болатқожадан есіп-өнгендігін Шашар абызға шейін сойледік. Шашар абыздың үш қатыны болды дедік. Қызыбеке, Айбике, Нұрбике, Қызыбикеден Әлслай, ол есken жоқ. Айбикеден Келдібек, Тыныбек, Есіркеп, Жәнібек. Торт бек атанған. Келдібекке өз заманында Бегімсызың деген әүлие атанған қожа кітап ашып, талал нәмे кетеріп, екі беті толған мен, екі емшегі екі сүйретпедей толық, бір аяғы ақсақ қыз ал. Солай қылсан, тұқым-жұрагатынан құтты да тудады, сүтті де тудады, әруакты, бақыты ханға бергісіз бі де тудады деген соң, қырықтан ақсанша қатын алмай жүріпті. Бірауып бара жаткан Ақымбет керей деген елден осы қыз табылыпты. Келдібек қатындыққа алыпты. Асан, Үсен, Бадана, Бөдене, Сәдібек, Қазыбек, алты үл тауыпты. Бұлардың «ақсақтың алтасу» атанғаны сол.

Шешелері балаларын емізгенде бір емшегін баланың аузына салғанда, бір емшегін илығының үстіне асып отырады екен. Олай қылmasa, сүті жерге саулап кетеді екен. Асан, Үсен етіз туған екен. Екі емшегінің сүті етіз бала тауыса алмаған екен. Қазыбек жалғыз езі-ақ. Сүйретпелерін көрсегін басына іліп қоятұғын қылады екен. Үсен үрпағын бұл күнде Құланызы атаған.

Қазыбектің бәйбішесінен Қазымбет, қүн қатыннынан Бекболат. Қазымбеттен – Аней, Жанай, Қанай, Атымбай.

Қалдыбай қожаның өлеңі:

Копейұлы М.Ж.

Қазымбеттің баласы Қанай, Жанай,
Ортанишың Атымбай, кенжесі Аней.
Қараұзақ пен Сарыұзақ қарақалпақ,
Құлтексін сұраймын әлдеқалай?

Қанайдан – Базыл, Базылдан – Жылқыбай, Саржан, Саржаннан Жаманкет хажы, Жылқыбайдан – Қорабай, Шалабай. Жапайдан – Соқырби бала, Анейдан – Жолшара, бұл да қазы болған.

Бекболаттан – Тіленші, Тіленшіден – Тоқсанбай, Алшынбай, докей ер болған Алшынбай би осы. Алшынбайдың бәйбішесінен - Жүсіп, мұнан туады Іслембек, Тогамбек. Алшынбайдың токалынаң Қақабай бұл бес ағайынды болған.

Айбике ежелден толық бір - болыс ел. Қаздасты Қазыбек туған соң не кемдігі болсын.

Нұрбике

Нұрбикеден – Тілеуке, Бертіс, Тілеукеден – Шақабай, Жарылқап – ұры Жарылқап атанған. Бектігі жүрт үстінен жарлық жүргізіп бес болған емес, өз үйінде озі хандарша салтанатпен отырады екен.

Жарылқаптың бәйбішесінің аты Маңқан бәйбіші, торт ұлы бар, Жоламан, Таstemір, Атыбай, Кенжебай.

Жоламан – он алты ұлды Жоламан атанған. Бәйбішесінен Ақтанберді, Құлшипаш. Ақтанбердіден – Жанысбай, оның үрпактары Дегеленде болады. Жоламанның екінші қатыннынан Жетісары. Ен тұнғышы Тоқтамыс, одан кейін Тайтелді, Қөптік, Құл, Қөкен, Монтақай, Қойсоймас бәрі де есіп-өнген. Қойсоймастан

Кекшіл, Толыбай, Шоқай, Шомақ, Баймұрын. Баймұрын мырза атанған. Шын мырза емес, шын мырза болмаған кісі. Баймұрыннан – Шотақ, Матақ, Жаманай, Ақай, бұл тортеуі бәйбіshedен. Қоржынқұл, Дүйсек, Бейсек. Бұл үшеуі бір қатыннан. Қенже тоқал Шайданнан Жұбаныш, Әбдіш. Ақайдан Мақат хажы, Хасен болыс... Бертіс – он жеті ұлды Бертіс атанған. Он жеті ұл ат арқасына мініп, соңынан ерген соң, жалғаның жарты пәлеси болған басына құстың қауырсынын қадап алыш, қарқаралы хан Бертіс атанған. Таңкентті барып шашқан, талаған. Мұны Бұқар ханы естіп, соғысуға келген. Сонда Бертістің Бұқар ханына айтқан сөзі:

— Он жеті ұлым бар, сен түгіл құлайдың да өкпесі қабынып, алса да зорға алар, – депті. Бұқар ханы: минаяу құдайдан да корықпаган еken. Құдайдан қорықпаганнан қорық деп еді, – деп, қайтып кетілті. Бертіс үйіне келіп түскен соң, он жеті ұш үнінің ішінде тышқакттан сап болыпты. Бертіс дім сыйзбай, ас-су ішпей, теріс қарал жатып алышты.

Сол Қарекесек ішінде Бегіммысық атанған әулие қожа бар еken. Өзі сыйынғаңда Сақмар баба деп сыйынады еken. Сақмар баба деп жүргені Шайхан Тауырдың әкесі Шайх Ғұмар баба еken. Соның жұрагатынан шыққан қожа еken. Бертістің балаларына бата, озіне қоюл айту үшін Бегіммысық кіріп келгенде жанға басын көтермей жатқан Бертіс ұшып тұрып, қожага қол беріп:

— Сенің әулиешілігіңе сенемің деп, жоқ жерде асылық айтып үрынып калдым-ау, сенің

Копейұлы М.Ж.

әулие еместігінді білсем, айтпайтын едім, – дегендеге, Бегіммысық Теректің өзіне түскен өрт еді, бұтағына қағып жібергендігім, ол да қолдағаным емес пе? Тұр, бір тоқал ал, үш ұл туды, бірінің атын Бектемір қой, бектік, байлық үрім-бұтағынан тепкілесе кетпейді. Біріншін атын Қазығұрт қой, құртша күжынап, битие быжынап, мал бітеді. Үрім-бұтағы бай болады. Бірінің атын Әуез қой, байлық мұның үрпагында да болады. Бірак сылдыр моншақ секекшіл ертегі үәдесі түске жетпейтүғын болады.

Солардың үрпагы күні бүтінгі деін бар. Бегіммысықтың айтқанында болды да қойды.

Қарекесектің сойлемпаз, сез тапқыштары осы Бертіс үрпагынан болады. Бектемірден туды Битең, Шитең, Мүшекең. Мүшекеден Қазанғап. Қазанғаптан – Тәттімбет, Ерсімбет, Жақсымбет. Тәттімбет Мұса, Секербай заманында Қарекесекте үштің бірі болып, атағы шыққан. Өзі бай, өзі өнерлі, өзі бет біткеннің сұлуы, өзі шешен, айыр көмей, темір жақ домбыра тартып, ән қосқанда алдына адам түспеген. Күні бүтінгі шейін Тәттімбеттің «Сылқылдағы» десіп тартады...

Құлатай, Қожатай, Қантай, Тонтай олар да осы Бектемірден шыққан. Байлық та бірінен бірі отеді. Соның ішінде Тонтайдың сойлемпаздықпен аты шыққан.

Қарекесек ортасында айттылып жүрген сөз:

— Айбикенің аулына қонғанша, Нұрбикенің көшіп кеткен жұрттына қон деген. Және Қарекесек ішінде Қарашиб атанған ел бар. Қарага қонғанша далаға қон, далаға қонғанша молага қон деген.

Болатқожадан – Ақша, Түйте, Ақшадан – Бошан, Бошаннан – бесеу: Жанту, Таң, Байбері, Манат, Машай. Жанту ұрпағын бұл күнде Тоқтауыл атайды. Байберіден – Қойке, Қыдырәлікедейміз Қойке келсе не дейміз деседі екен. Манаттан – Қоянкез, Торым, Машайдан – Бәйімбет, Бораныш туды. Бейімбеттен – Қояныш, Танаі, Дәүлеткерей. Боранышдан – Қарсұн Тілеуберді, Тілеубердіден – Керней, Кернейден тертеу туды: Дәү, Шан, Балапан, Самырза.

Бұл күнде Дәү сегіз старшын ел, Шаң үш старшын ел, Балапан бір старшын ел. Самырза бар болса он шақты үй. Дәудің бәйбішесінен – Қалқаман, тоқалынан – Балта, Түйті. Түйтеден – Жарылғап – би Жарылғап, батыр Жарылғап атанған, қарекесекте ірі, декей болған Жарылғап. Қанжығалы Бегенбай батырмен замандас болған. Бегенбай батырдың көнже кызы Борсылдақты тұнғышы Қырбасқа алып берген. Қырбас жеті катын алған.

Жарылғап балалары Қырбас, Жөнібек, Сәдібек, Баубек. Әкесі Қырбас, шешесі Бегенбай кызы Борсылдақ. Бұл екеуінен Байсейіт жалғыз тудады. Байсейіттің катыны Зылиқа Шәндікен кызы бұл мейілінше қызы болады. Жүйріктің тери кеппес, сұлудың жидіген қара елтірісі кеппес деген бар ғой. Кернейдің екінші баласы Шаң, Шаңнан – Сүйіндік, Сүйіндіктен – Жомарт, Жомарт балалары – Бейтік, Тейтік. Осы Бейтікпен Зылиқа ойнас болады. Қыстығуні Қырбас ақсақал жалғыз баласы Байсейіт үйінде жоқ, бір жаққа кетіпті деп естіген соң, келін-

кепшік, бала-шаға қорқар деп баласы Байсейіттіне қонуга келеді. Шетірек, онаша қыстаған екен. Зылиқа байғус қандай жылпың, жылы-жұмсақ тамакка тойғызып, күн борансымақтау ма, неме? өзініз жоқта ауыл-аймағыңыз майдан айрылып қалады ғой деп, атасын аттандырып жібереді. Сыпайы Бәйтіктікі оңаша құтіп алу үшін, Қырекең ауылын таба алмай, далада ада-сып өлеуді.

Қырбастың бір інісі Жәнібек еді ғой, онан жеті Сейіт туған. Жеті сейттің біреуі Ақсейіт. Бұл Ақсейіттен – Құлжамбек тудады. Күні кеше жаңа законда Құлжамбек болып болып, Қарқаралыға қарған жиырмадан аса болыстын қак маңдай болып тұрганда Айбікес болысы Саржан баласы Жаманкет екен. Қарқаралыда тамам болыстың бас қосқан сиязы, жиылдысы болып, болыс-білер бір бас қосып тұрган үстіне қырдан, даладан келген бойыман, оранып-шымқанып, үсті-басы қар кіріп келеді. Құлжамбек мұнысын ауырлап қалады, ауыз үйге шығып, күмін тастап келмедин деп:

– Осынша оранып, шымқанып жалғыз сені үсік алып бара ма дейді. Онда Жаманкет:

– Ойбай, Құлжеке, о не дегеніңіз, Қырекем бізді құткендей қылып кетті ғой дегенде, Құлжамбек төмен қарап, жер шүкүпты да, отырған болыстар ду құліпті.

Сөз сезден тудады деген осы. Жаманкет марқұмның бір ауыз сезінен атам заманда өлген Қырбастың қай түрлі өлгендігін жаздырыды. Қырбастан – Байсейіт, Байсейіттен – Нұрлан, Нұрланнан – Омар, Омардан – Сәдуқас, ол отыз

жеті жасында өлді, Ақшатау болысы болып тұрган күнде. Бұл Сәдуақас та ез заманыңдағы адамның сұлулы еді. Зыликаның тамыры Бейтік үрпағынан – Қарашолақ балаларынан Адамбай, Тұрсын шыкты, ал Керней деген елде Жарылғап даңқты болды. Оның үрпағы Байсейіт те бай, Нұрлан да бай, Құлжамбек болыс, Сәдуақас болыс, олардан кейін Адамбай, Тұрсын.

Қарсұн

Есенаман, Наурызымбет, Жүзей. Есенаманнан – Қыдыр батыр, Асан, Қалибай. Қыдыр батырдың жас баласы құрттай бала күнінде қалмаққа олжа болған. Қайып деген бір төрениң баласы о да қалмаққа түсіп кеткен. Қыдыр батыр қалмаққа аттанып барған. Жеті барғанда жеті бала үрлап алып келген. Қалмақ сонан соң елші жіберген: «біздің балаларымызды алыш келгендеріне балаларын қайырып береміз» деп. Қалмақ балаларын алыш Қыдыр батыр мен Қайыл тере қалмаққа барған. Қалмақ:

– Бізде қазақтан олжага түскен жалғыз-ақ бала бар. Қолына асықты жілік ұстапып орталарына жібереміз. Бала қайсының касына барса, соның алындар деп. Баланы орталарына жібергенде, бала келіп Қыдыр батырдың қасына отыра қалды дейді. Сол баланы Қыдыр алыш, атын Орынбай қойыпты. «Бұл баланы алатуғын жол менікі еді!», – дейді тере. «Төре тұрганда қара алушы ма еді!», – деп Қайып тере өкпелеп, белініп, ауып кетіпти.

Орынбайдан бесеу: Нұрпей, Өмірзак, Қаракұла, Құлыншақ, Тобышак. Нұрпей ба-

Копейұлы М.Ж.

ласы Садырбек. Садырбек баласы Ақжарқын, Қошқарбай, Баймұрат, Әлмұрат. Өмірзактанды – Қуатбек, Құрманбек. Қуатбек балалары – Қасымбек, Мұсабек. Құрманбек балалары – Биқадам, Байқадам, Сүйкінбек, Мырзагұл. Тобышқатан Қәрібоз жалғыз, онан Әбді жалғыз, Ақжарқын сегіз ағайынды. Белжоказа Қарықбай баласы Нұрпейдің ең үлкені Орынбай біздің бұл жақтағы Сүйіндіктен қалмаққа олжа болып қалған бала. Оны қайдан білесің десең, Орынбай үрпағының мінезі өзге қазақта жоқ. Бір қақайса болмайтындығы, кедейлілігі, сопылық, тақуалыққа айналғандары, қолынан дәнeme келмейтін жаманына көнілін жақпайтын бірдеме десең, бір жылға шейін есітінен қарамайды.

Біздің бұл Сүйіндікте Орынбаймен бір туысқан үш інсінің үрпағы бар. Ол інілерінің аты: Ақжітіт, Жанжігіт, Қармыс. Әкслерінің аты – Бесім, шешелерінің аты – Бектік бейбіше. Орынбай үрпағында молда болса ауруға үшкіріп, дем салатуғын, тамыр ұстап, құмалап салып, үйқы-түйқы болып жүретүйндар. Шөлдірік дерт қарайтүйнің да бар шыгар... Үйден бетімен қаңып кететүйн кезбе жындысы да болады.

Күлік Тілеуімбет ішінде Бесім қатыны қыпшақ қатық Олақ мерген қызы. Бектік келіншек күнінде қалмаққа түсіп кетіпти. Екі қабат екен. Ер үл туып, бала тамак ішуге жараган соң, өзі жаяу қазаққа қарай қашқанда, баласына ине шашып кетіпти. Қалмақта үл болып жүргенше өлсін деп. Сол бала өлмей тірі болып, есіп-еніп кетіпти деп құрттай бала күнімізде естіп едік.

Оның қайда жүріп есіп-өнгендігін қартайған кезімізде естіп қандық. «Күресерге дәрмен жок, іш қазандай қайнаңды», деп текке қайнап, бармакты шайнап отырымыз.

Тағайдың Қоянышынан –Бозтайлақ, Қайыпберді, Жиенбет. Қаратеке. Балық, Бозтайлақтан Медет, мұнан Қарақай, мұнан Баймамыр. Балықтан – Сагиман, мұнан Лекер. Тағайдан – Тастемір, Жетес. Тастемірден – Еділбай, Жетестен – Сазанбай, Тілеміс, Өміртай, Кешубай. Сазапбайдан – Есбай, Жарбай, Есбайдан – Бөде, Қарақыш. Құні кеше Мұса Секербайдың заманында тамам катынға бас пана болып, Бөде, Қарақыш деп атын шығарды. Қояныш Тағай бұғылы, тағылының Тағылысында ағаш үй жонатуғын кедей көп еді. Өміртайдан – Қотан, Құмырза, Қотанин – Төкентай, Төкентайдан – Ақжан, Жауман. Төкентайдың Қотырынан Жаңузак, мұнан Қуандық.

Бес бошаның біреуі Манат. Манаттан – Ыдықбай, мұнан Қоянкөз, Торым, Торымнан – Абыз, Бойімбет, Абыздан – Есімбай, Есімбайдан – Даулет, Қыстаубай, Қордабай, Бексейіт, Бердіқұл, Бейімбеттен – Ниязқұл, Қойғұл, Жарқымбай. Ниязқұлдан – Жамболды. Қойғұлдан – Әйтек, Кедейбай, Таз, Байтебет, Ерген.

Бес бошаның біреуі Жанту. Ол Жанту тоқтауыл баласының коптігі сондай көшіп келе жатқанда бір баласы түсіп қалып, балаларына тамак үлестіргенде бір аяқ (ыдыс) артылып қалып, бұл аяқтың ас ішетүғын иесі қайда деп сонда жоқтап, ол баланы Алшын тауып алып-

ты. Бала қылып асырап алыпты... Арғын болып бас қосып дауласып, бір Тілмәмбет деген жан беріп, асырап-сақтағаны үшін торы ат беріп, соナン Торы атаңған. Соナン бұл құнғе дейін атын кісі білерлік жан шықпаган...

Болатқожаның бел баласы Акша, Түйт. Мұның Ақшасынан Бошан айтылды. Түйтеден-Майқы, Манас. Майқыдан – Әлтіке, Сарым. Әлтікенің бәйішесінен – Өтеген, Өтегениң – Байдәулет, Бәйімбет, Жанығұл, Қойгел. Жанығұлды Жәмәңке десе жұрт біледі. Әлтікенің тоқальшынан – Есболай, Дос, Әлмұрат. Дос батыр болған. Қалмакқа таң атырып, құн шығармаған. Жетпіс сегіз жасында жалғыз баласы Қожаназармен екеуі қолға түскен. Соңда қалмақ әлтіріп тастайық деп сыйырласады дейді. Сол сыйырласқанын қулағы шалып, естіп қалып Дос батырдың айтқаны:

Сыбыр, сыбыр етеді

Сыр құлақтап етеді.

Сырласпаган жат, шіркін,

Әлде не етіп кетеді

Өзім өлсем bogым-ай..

Қожаназар құлыным-ай,-

деп жылайды дейді. Қалмак мұнысын көрген соң:

Әкелі-балалы өзді-өзі кеңессін. Бірін бізге олжага қалдырысын, бірін еліне баруға босаттық, – депті. Сонда бала үшіп тұрып жылап қоя беріпті:

– Әкетай-ай, мен көк лағың болайын, мені күдай жолына құрмалдық деп қалмаққа бер де, ел-жұртыңды таба ғер.

Сақалыңың ағында,
Өлөріңің шағында.
Қалмақтың моласында қалмай,
Қазақтың даласына барып,
Кала ғер,— депті.

Дос батыр айтыпты:

— Қалмақ шалға зәру емес, жас ұланға зәру.
Жасұланды өлтірмейді. Өздеріне балап, ел-
жүрт қылыш алады. Мен елге тірі барғанда не
боламын:

— Қаздың етін асадым,
Жетпіс сегіз жасадым.
Сені қалдырып мен елге барсам,
Екінің бірі, егіздің сыңары айтады,
Альсынмыңбылай тұрсын, жұғым айтады.
Дұшпаңымбылай тұрсын, досым айтады,
Мына жалмауыз талайдың басын жалмаған
Жалмауыз емес пе,
Жалғыз баласы Қожаназарды жалмап,
Ұялмай жылт етіп келуін қайтерсін,—
дейді.

— Сен барсаң, Дос өлген жоқ, міне тірі деп
куанады. Қатын алсаң, балалы болсаң, сенен
тұған бала менің құнымды қундердің қунінде
бір алмай қоймайды, — деп батасын беріп, ба-
ласын қайырып жіберіп өзі қалды. Қожаназар
ел-жұргына аман-есен келді, катын алды, бір үл
туды. Атын Жидебай қойды. Жидебай күрттай
бала қүнінде тапқан шешесі өліп қалып, Қо-
жаназар бір тоқал алды. Тоқалдың аты Апар
еді. Бойы бір қарыс, кемпірдің кебежесіндегі
еді. Жүремелете алты үл тауып
жүрген иттің бес қанат үйдің ауығын байлауға
бойы жестпей, уық байлаганда Жидебайды аяғы-

ның астына жатқызып, неше уық бар, сөйтіп
йайлайды екен. Ол заманда жаугершілік, жалшы
жалдауды білмейді. Біреуге біреу бұрылмайды.
Андардың түрін таныдындар, бір үйге караған
бейшеті Жидебайда болмак кой.

Алты ит, иттің күшігіндей арасына жыл
аїнналмай туа берген немелер, оның жалғызы
Жидебайға бұрылар ма? Тезек тери, от жағу
бөрі — Жидебайдың мойынында. Ол күнде
коңгершілік қандай көп. Күнде көш, күнде көш.
Үй тігіліп, уық бауы байланатын болса, аяқ ас-
тына тесеп, «бой өсіруге» Жидебай дап-даяр.

Қатын-қалаш:

— Шырағым-ай, кезің ашылмады-ау, өз ше-
шің болса, үй құрғыр тігілмей қалса да бүттепес
сіл-ау, — дегендеге Жидебай айтады екен:

— Ол қылыш жүргені маган қастық емес, — до-
стық. Жасынан пісір-қатып, көнгерлі, шылдамды
болсын, — дейді ғой. Сүт пісіргенде алтауының
алдында алты аяқ, алтауының қолында алты
қасық. Көбік калқып құйып береді, мынаны
жалай отырындар деп. Менің қолымға тезек
салған шашаш калтасы береді, отты қалай отыр
деп, нұқып-түртіп қояды, сонысы ғана жашыма
батады, — дейді екен.

Жеті-сегізден жасы жаңа асқан кезінде Дос
батырдың қара шаңырағында отырған інісі
Әлмұрат байдың үйіне Қаракерей Қабанбай
батыр келіпті деп Жидебайдың құлағына тиіді.
Барсам-ау көрсем-ау деп, Жидебайдың түн
бойы кезі ілінбей алас үрді. Таң жаңа атуға
сауле беріп келе жатқан қарсанда кезі ілінпі
кетіп еді. Бабасы Дос батыр түсінде аян берді.

— Балам, алашқа аты шыққан Қабанбай батырдан барып бата алып кал,— деп. Шошып оянып, үшіп түрегеліп, үстінде боз жейдесі бар, қустай үшіп бара жатса, Қабанбай батыр да жорықта аттанып, алан-карақта жүріп барады екен. Алыстан немене екенін айрып, тани алмады. Еліктей үшіп келе жатқан бала екенін таныған сон, тосып тұра қалды. Бала жетіп келіп:

— Ата, маған керек бата,— деп.

— Тұнде түсімде Дос батыр айтып еді. Жарайсың, жарайсың,— деп бата-сатаны береді. Төрт алмажайым бар еді, біреуін саған байлайдым, ал, балам,— деп Қабанбай батыр жүре береді. Сейтсе төрт алмажайының, бірі қызыл тұлқи дегені болады екен. Сонысын беріп кеткен екен... Абылай хан үш жүздің баласы қазаққа хан болғанда Әлтеке Сарым Жидебай атақты батырының бірі болып, Абылай ханға қолбасы болған екен. Бір жакқа аттанарда, косын жүргізerde Үйсіннен ақ шабдар атты алғызып, Әлтеке Сарым Жидебайға мінгізеді екен. Жидебайға айсыз қараңғы тұн тал түстей жарық, боран-соран ашаққа құндай, жан таба алмаған жерді көріп қойғандай табады екен.

Біреудің пышақ, шақпагы бара жатқанда қалған болса, айсыз қараңғы түп болса мейлі, жауын-шашын, боран болса мейлі, жүріп келс жатып, пайзасын шашып тұра калып, ал осы жерді қарай ғой дегендө, қалған-құтқан нөрсесін тауып алады екен:

— Сен осыны қалай табасың,— дегенде жанға сырын айтпайды екен. Жалғыз-ақ Абылай хан айта береді екен.

— Осының қызыл тұлкісі бар,— деп.

Бір жорықта жүргендеге Абылай хан біреуге қидагала деп тапсырып қойды:

— Үйіктап жатқанда қойнын ашип қарашы,— деп. Сол адам аңдып жүріп, қарауылда елсіз даңыз жатқанында ақырын басып барып қараса, әңгірінің астында, төсінің үстінде жатқан қызыл тұлкіні көріпті. Тұлқи жалт қарағанда үрейі үшін, қаша жөнеліпті. Ханға келіп көргенін айтыпты. Көргені бар болсын, екі кезіне шелқантап кетіп, көзінен айрылыпты.

Жидебай батыр жеті қатын алған, жұз беске жетіп өлген. Адам таба алмайтын елеусіз жерде жауадай жұттан, зобаланын дін аман-есен бір мұншыл (ауыл) ел жатады екен. Соны Жидебай тауып, шауып-жанышып, талапты. Сонда сол елде бір Сарықожа аттанған кожа бар екен. Бұл жерді тұып керметен жан өмір бойы таба алмайтын-ақ жер еді дәү де болса, көзі ағарғыр, көр болғыр Жидебай ғой дегенін Жидебайдың көзі ағарып, көр болыпты. Қожапын барып аяғына жығылса да болмапты. «Ауыздан шыққан түкірік қайта жұтса мәкүрік!»— дегеп деп.

Әлтеке сарым Жидебай тамы Қаркаралының сыртында Қызылтау деген тауды басып ататұғын Нұра өзенінің бойында, Мәшірүп қүциін моласының қасында. Мәшірүп деген озі күң екен, көп үлтқа, мазар басы болып, аты атанаң қалған.

Дос батырмен бірге туықсан Әлмұраттан — Атымбек, Атымбектен — Иманәлі, Қерсары, Тамай, Бақы, Қазыбай, Басбалдак, Жанак, Марлак, Голек, Болек — он ағайынды болып туған.

Атымбекпен туысады Ақбота, Жарас. Жарастан Абыл, Қабыл, Есенгелді. Әлтікениң үшінші катынынан Сапақ, Сапақтан – Жиынбай, Богоқ. Жиынбайдан – Байжігіт Бокан, Богоқтан – Жәнібек, Қоянбай.

Әлтеке Сарымнан – Өтеміс, Тоқсан. Тоқсаннан – Жиентелді, Мастан, Алдияр. Мастаннан – Қожағұп, Құлжан, Мамыр. Құлжаннан – Айдабол, Айдаболдан – Дерілесөлі, Маман, Шуаш. Шуаштан – Атантай, Ботантай, Абайла. Ботантайдан – Жанғұтты, бұл Жанғұтты Мұса Секербай заманында аудызға іліпіп, көзге түскен. Қазақ жақсыларының қасқа маңдай болған кісі. Қазақ орысқа бағынған соң, екі түрлі закон болған. Бірі есکі закон, бірі жаңа закон. Бұл Жанғұтты жаңа законды көрген жоқ. Есқі законда жажыға барып Мединеде қалыпты. Басына тас орнаттырып, тасына жаздырыған: «Қазақ, арғын Жанғұтты Ботантайғылы. Меке мен Мединені көрмеген кісі анадан тумадым, жалған дүниенің жүзіне келмедім десе де болар», – дегі. Оナン бұрын әулиелерді зиарат қыла Алатау, Қарататуға барған. Үйсін Төле бидің басында отырып, билік айттып, тере берген тебесін көремін деп барғанда Алатау, Қарататудың пәлені қалай, түгенді қалай деп сұрагандарына айтқаны:

– Тобықты Құнанбай шыңыңың басынан шықан кайнар бұлақ. Қыпшақ ыбырай қажымақ қара болат, Мұса қабыршығы жоқ қолға тұрмас жылмагай кара балық. Шыңғыс тере мұсылманға сұық, орысқа жуық. Бұл сөздерді ол Қектіңұлы Сапақтың бел баласы Имамберді датқага сейлемеген. Тобықты Құнанбай, қыпшақ.

Ібырай, төртуыл Мұса осы үшеуі қазақ маңдайына неғып сыйып жүргеніне айран-асырмын деген.

Кудай рақымет қылсын, Жангұтты Ботантайғылында, Әлтікте, Сарымда атамның басы, енемнің бірдемесі қалғаны бар ма, Жангұтты мен Жидебай батырдың аруағы еркіме қоймай жаздырып отырған.

Бұл Мәшіһүр шежіресі қазақ ертегісінен алғынып сойлемеген

Жанарыстың бәйбішесінен туған төрт қожа-ның бірі Қарақожа. Онан арғын дедік. Бірі Аққожа. Бұл Аққожадан найман, кейір сөйлеушілер Момынқожа дейді. Найманнан жалғыз бала Шұбартай. Бұл Шұбартайды да зарығып көрсек керек. Шұбартай қырышын жастай өліп, келіншегі жесір қалса керек. Сонда арғының көп балалары:

– Мен алам, мен алам, – деп таласты дейді. Катын:

– Мен тоқсандагы атамның көзін бакырайтып тірі тұрган күнде жалғызының жайрап қалғандығының үстіне құңцентіп ешкайсыңа тимеймін. Мына тоқсаннан асқан атамның бір атары бар шығар деп құрбы-құрдастарына жалынды дейді.

– Атамның сиғен жерін байқандар, сідігі көпіре мекен? Жерге із салуға жарай ма екен? – дегі. Сонда байқаған біреу айттыпты:

– Из салуға жоқ, бірақ көпірді, – дегі.

– Бір атары бар екен. Малды аямай беріп, бір кедейдің жалаң бұт қызын қойынша жаткы-

зындар, –дегенімен бір қыз алып беріп, қойныша салған екен. Жұмыс үстінде өкіріп өлтіріп. Найманың өкірек шал атанған себебі сол деседі. Шал өлді, қыз тірі қалды. Қыз сол жұмыстан буаз болып, ер үл тауып, атын Төлек атый қойыпты. Шұбартайдан жесір қалған келін осы Төлек атайдың өсүін, ер жетуін күтіп отырып қалыпты. Арғын алты ауыл болғанда Найман жалғыз-ақ үй екен делинген сез ертеден айтылып жүргестүгін.

Төлек атай сол заманда жұрт аузында әүлие аталаған. Қылыш қожаның қойын бағып қойшысы болған. Қылыш қожада үл жоқ, жалғыз қызы бар екен. Қыз жасқа толып бойжеткен соң сарт-сауанның байлары құдалық сейлесіп, балаларына Қылыш қожаның қызын айттырмакшы болып, анауы да, мынауы да қалынмал беруге қожаны қызықтыра бастағанда қой бағып жүрген Төлек атайдың қойшыларға айтқан екен:

– Бұл қазақ қатынсыздан өлеін деп жүрсе, Қожа қызын сартқа береді екен-ау, – депті.

Қойшылардан бұл сезді естіген соң, қарқарқар күліп:

– Рас айтады, сез Шұбартайдың төлеуіне келген Тілеутайымдікі деп Төлек атайдың қызын қосыпты.

Өрнайман, қаракерей, садыр, матаі – төртуыл қожа қызынан туғандар.

Баяғы сарғая-сарғая сақтап, тосып отырган женгесін алғып, онан бір ер үл тауып, атын Қытай қояды.

Төлек атайдың Қылыш қожаның қызын алған соң, бай болды, әр нәрсесі сай болды. Бір аска

ат апарып қосып, аты алдында келіп, бәйгесине бір құн келіп, ол құнғе өзі аяқ салып, ол бір срүл туып, атын Сүгірше қойды. Қуннен туған Сүгіршени Қытай айбалтанаң астына алып, өлімші қылып тастағаннан Қытай Балталы атанды да «бағанағы қайтты, бағанағы қайтты» дедінгеннен Сүгірше Бағаналы атанды. Шу бойында болады, Атбасар дуанына қарайды. Бағаналы, Балталы аталаған Найман солардың үрпағасы...

Қаракерейді сойлейік

Қаракерей баласы – Ерторы, Байторы, Ерторы баласы Қызылым, Жиренім. Жиренім баласы Байсұқ өздері беске бөлінеді. Мендібай, Тебет, Жангұлы, Жанбырышы. Жанбырышыны Ақбелбеу деп атайды. Қарамолда үш қатынның баласы, бүләрдү семіз Найман дейді. Байторыдан – Тайлақ, Жайнайқ, Айрам, Майрам. Айрамнан – Қожамбет, Майрамнан – Байыс. Байсұқ малы колға түссе Байыс ата малындай көріп төлеу бермеге көреді екен.

Байыстан бесеу: Сыбанқұл, Ақымбет, Мәмбетқұл, Сары, Тоқабай. Тоқабай Сарыны Сенек сабайды делинген сез мәтөл болып қоялған.

Тоқайдың жуаны Кенгендай, бай ел болады. Білсең Кенгендаймын, білмесең деген баймын дайтұғыны тағы бар.

Қаракерей Қабанбай батыр осы Тоқабайдан, онан берігісі Кесенбайдан шықкан деседі.

Байыстың бір баласы Сыбанқұл. Бұл Сыбан Найман атанды. Бір баласы Мәмбетқұл. Бұл жа-

сында ақса өкпелеп қыржып отыра бергеннен Қыржы атанды. Және бір қатыннан Алдаберді, Әлмәмбет. Әлмәмбеттен – Шорантай, Шорантайдан – Мұқайтпас, Тома. Мұқайтпастан – Тоқпақ, Тоқпақ, Тома екі болыс ел. Мақта апай деген бір үргашы аты шыққан.

Байыспен бір туысан Майрам қыз деп бірсү сейлейді. Оны түркістандық Тоқтар қожа алтын екі бала туған: Жанжігіт, Байжігіт. Байжігіт Мақта апайдың қолында калып, Жанжігіт қожага еріп кеткен деседі. Байжігіттөн өрбіп-өнген сегіз болыс ел Темірсу бойында. Байысулы Ерсары мұрын атанған ел осы Ерсарыдан ескен дейді. Мұрын Ерсарының бәйбішесі, аты Ақбике екен. Мұрын зор болғандықтан байының аты қалып, бәйбішениң мұрнымен атанып кеткен. Мұрынды сегіз болыс ел бар деседі.

Мен көппін деп Байжігіт, қызайдың байжігіті мақтанады. Мен көппін деп мұрын, сыйбаның мұрыны мақтанады. Үй саны мен жан санына қарағанда мұрын көп.

Жоғарғы матайдың үш баласы – Атальқ, Кенже, Қаптағай, күллі найманға үран болған Қаптағай осы.

Атальқтың қатынның аты Қызай. Мұның атымен тұқымы қызай атанды. «Білсең қызыныңмын, білмесең құдайыңмын» дейтүғын есер осының үрпағынан шыққан. байжігіт, жанжігіт, бура, көкжарлы.

Атальқтан – Иманғали, мұнан Бақтойыс, мұнан Елтынды, Елтындыдан – Байназар, Қожас. Қожастан– Еске, Жортыш, Қеңанжырық, Орыс, Тогыс, Жылқыайдар.

Қаптағайдан-Жарылқамыс, мұнан Лезінке, Жиенбет, Сүйін тертеуі де қара екен. Соңдықтан бұлар қара атанды.

Ақтаз деген бір балағайыптан келіп, еншілес болған екен. Мұнан Әжім, Жұмық, Тіней, Сейіт, Балықшы, Қармақшы.

Әуел басында жеке батырга жекеліктен келген Шоштан бес бала... Шоштанның қызынан жұртта туып қалған Тоңболат, мұнан Һаскөнек, мұнан Боқыш, Мәмбет болған. Һоқыштан– Сары, Сарғалдақ. Мәмбеттен – Қараяұыл. Сарының Аққызы деген бейбішесінен – Әзіке, Шагыр, Жауқашты, Bodық. Сарының сарт қызы қатыннынан – Асан, Шоңғыр, үйсін қызы қатыннынан – Бекболат туған. Кебеп деген қатыннынан – Қөрішал, Қодас туған. Бір шеті Шу мен Сарысуудың ағыл, Телікөл, Тата, Ашықөл, Саумалқөлде, бір шеті Есіл бойында, Атбасар дуынаның қараған найманнадар.

Бұрынның қариялар орта жүзді жеті арыс дән сейлей-түғын. Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Керей, Уақ, Тарапты. Қыпшақтан Шойым алып, мұнан Ақкебік алып, мұнан Мүйізді алып, Сары алып, мұнан Тоқтар, мұнан Қобыланды.

Қара, Сары, Қыттай, Еділ, Жайық атанған атапары бар. Бесеуі бір туысан деседі. Кімнен өсіп, онғенин айрып билүші болмады. Бұрынғылардан айтылып жүрген бір сез бар еді: қыпшақ бузады, арғын түзейді. Қыпшақтың қарасы ашуланшақ, омырау келеді. Сарысының көзі еткір, тілі аяцы келеді. Жақсы кезенге таласады, жаман отыратын орыннан адасады. Жақсылар басын

косқанда әңгімені кезек-кезек айтса сонда жарасады. Екі жақсы ерікпес, екі жаман бірікпес. Бір жүйріктің, аузынан шыққан сөз. Оның арғы жағы кімнен туып, қалай өсіп-өнгендігінде нем бар. «Естіген құлактың жазығы жоқ» деген, естігенімді сейлеймін.

Бес таңбалы қыпшақтың аналары айтқап екен деседі:

– Ұзын бітті бойыма, ерлік-батырлық толды ойыма,— депті. Қолтаңбалы ұзын қыпшақ атанады. Атыс, Кедел, Бердікей, Қырық жігіт. Апасы тағы да:

– Бұлтың бітті бойыма, көптік толды ойыма,— депті. Алып таңбалы бұлтың қыпшақтаңбасын жақтан басады: Бұғыс, Орыс. Бұғыстан - Жолаба. Орыстан - Тебет, Құлатай, Мәдият, Қодас.

Аналары және айттыпты:

- Торы бітті бойыма, кемшілік толды ойыма,— депті. Мойын таңбалы торы қыпшақтаңбасын мойнынан басады...

Аналары тағы айттыпты дейді:

– Балық бітті бойыма, байлық толды ойыма,— депті. Қарын таңбалы қара балық атанады. Таңбасын қарыннан басады. Қесеу таңбалы Келденең қыпшақ бар. Бұлардың бәрін бес таңбалы дейді.

Ел аузында ejkelden айтылып келе жатқан әңгімे Қарақыпшақ Қобыланды батыр... Мен Қара, Сарылар Қобыландыдан бұрынғы атала-ры-ау деп ойлаймын.

Бүл қыпшақ екеу. Бір шайқы-бұржы динуана-ның дүғасымен бір кісіден тоқсан екі үл туған,

Копсайұлы М.Ж.

бөрі де өсіп-өніп, ел-жүрт болған. Қытай көп пе, қышиақ көп пе делінгсін қыпшақ осы. Бұл қыпшақ манғол татардың манғолынан шыққан.

Бірі аргын қыпшақтың қыпшағы, мұнан шыққан Қобыланды батыр.

Бұлтыңан - Боғыс, Орыс. Боястан - Жолаба, Қолабадан - Есенгелді, Абыл, Қасым. Орыстан - Тебет, Құлатай, Мәдияр, Қудас. Тебет-тес - Еламан, Қосайдар. Құлатайдан - Қоскел. Қоскелден - Қарике, Нарбота, Әжібай, Асан, Әлбай, Құдастан - Жарымбет, Қосқұлак, Еламан. Қосайдардан - Ішкен, Қожан. Ішкеннен - Бегалы, Бегалыдан - Тілеуберді, Қожанин - Сүйирқұл, Сүйирқұлдан - Үмбетей, Жарылғап, Есіркеп, Егізек.

Сейтімбет, Ақпейіш, Айтқұлы, Қөрлеуіт, Сейтімбеттен - Борбас, Қөрлеуіттен - Нияз, Қожамжар, Алдаберді, Айтқұлыдан - Құттыбай, Қойбас, Жарас.

Ақбура

Аққошқар, Тілеулі, Жетібай, Кенже, Кекен. Аққошқардан қара Алтай. Қара Алтай балалары - Мұраттай, Шеүке, Байшуақ, Жарқынбай, Қарқынбай, Мырза.

Шеүке балалары - Қарсун, Керней, Байбері, Кошім, Шашар, Қазыбек. Тоқалыпан-Бекболат, Тасболат, Тасыбай. Қарқынбайдың бейбішесінен - Тоқтар, мұнан Ақберген, Әйкен... Қара Алтайдың тоқалынан - Айыrbай, Бөрбай, ақын Қыпшакбай. Берібай ақыннан - Қобылаң ақын. Мұрраттан - Майқы, Төлеміс, Жаныс, мұнан

Әбділда. Майқының Ерке деген қатынынан –
Күттебай, Құлжан.

Жетібайдан Есен тентек, Есен тентектің
балалары – Айыrbай, Батыrbай, Қарамырза,
Балта, Аtabай. Айыrbайдан – Шаншықұл
мұның балалары – Бабыр Қожақ, Қожақ бала-
сы – Есір, Батыrbайдан – Балғабай, Қожа,
Қошай. Балғабайдан – Мәдібек, Мәдібек-
тен – Қайып, Қайыптан – Әбен, Ахмет. Бұл
екеуінші шешесі Шуркей... Мұстафа қызы. Ү-
қабай Өгізбаймен бір туысқан.

Ахмет баласы – Судыр, Мағызым. Қара-
мырзадан - Жылған, онан Некібай балуан!
Айыrbай, Батыrbайлар ел жайлaura көшіп ба-
ра жатқанда қорасаннан өлтөн. Аңы бойында
Күргіттә моласы бар. Қасында Шанышқұл бар,
үшеуі бір жерде...

Шауке тараулары

Кернейден – Елубай, мұнан туады Әбіжан,
Қайке. Әбіжаннан – Әбділда, Қарсуннан – Сыр-
лыбай, онан Шейке һәм Үзібай.

Байберіден – Жантас, Айтас, Қанжығалы.
Жантастан – Тәшкенбай молда. Айтастан – Әб-
ділда, Айділда, Айділданың екі баласы бар,
Әлжан, Айбаділда. Қазыбектен – бір ұл, бір қыз.
Бұл екеуінен де тұқым нөсіл жоқ.

Бекболаттан – Лекер, Шалқыман диуана
атанған, хажыға барып өлтөн. Мұның баласы
Файсабай диуана, мұнан үш бала бар...

Жатар, Тұrap екі ағайынды. Жатардан тұқым
жоқ. Тұrapдан – Жақып, Жақыптан – Әділбай
хажы, Ақшал. Әділбай хажыдан – Нұргали.

Тұrapдан – алтау, үшеуінен тұқым бар, үшеуі-
нен тұқым жоқ.

Бұл Жатар, Тұrap Қарқынбай мырзаның
кул-котаны.

1721-інші жылда («қақтабан шұбырынды»
болды дег «Қалқаман – Мамырда» айтқан).

Мамай тобықтының бір табының атасы.
Он Жұмағұл баласы, Мырза Мамай екі кісінің
аты.

Қабекен - Қенгіrbай биге қойылған ат. Қабай
делінген, Абай дегендей. Жуантаяқ тобықтының
бір тап елінің аты.

Қанжығалы Боктыбайдың жасауын ұrlаған,
осы Мырза Мамай екен деседі. Қөп арғын ша-
уып, талап алалы дег, найман ортасына ауып
барған.

Солай болғаны үшін Еңлік-Кебек жұмысы
болған уақытта арғынға беттей алмағаны. Сол
тобықты Құнанбайдың бір шешелері Алтықа-
тын атапған. Осы Алтықатын Өскенбайдың
шешесі, Үрғызбайдың қатыны.

Үрғызбай, Жігітек, Боккет. Бұл үшеуі
Олжайдың балалары. Сондықтан буларды
үш Олжай деседі. Бірі Өскенбай тұқымы
Құнанбайлар. Бұл Үрғызбайдан бері жігітек
тұқымынан. Он бір жыл Құнанбаймен қағаз-
ласқан Бөжей шыққан, Базаралы, Бағаналы,
Қарымсақ, Шопандар шыққан. Бірі Боккет
тұқымынан Соқыр Оразбай шыққан.

Қаракесек Жарылқаптан, шыққан Балта ақын
озінің бір немере қарындасын алып қашып,
Құнанбай еліне барып, қатын қылпып алып кет-
кен. Сейтіп жүргенде бір күні Құнанбайдың

үйіне кіріп барғанда Құнанбай билай деп олең айтқан:

Ақ құрлар, қара құрлар, құрлар-құрлар,
Бұрынды хәқиқаттан сөзін жысырлар.
Қарындастын қатын гой алғын қашып,
Ел арапад жүрепді-ау арасыз мұндар!

Сонда Балта ақын айтты дейді:

Ақ құрлар, қара құрлар, құрлар-құрлар,
Бұрынды хәқиқаттан сөзін жысырлар.
Баласы екесінен балта жұмсан,
Шешең жыныды қатын гой бөдік мұндар! –
депті.

Құнанбай дәніме дей алмапты.

Құнанбайдың үйінің сыртында тогай бар екен. Сол тогайдан Құнанбай бір бұрау алдырмай есірген екен. Бір күні тогай ішінде ағаш кескен дауыс естілген соң, Құнанбай колына балта ала жүгірді дейді.

– Ағаш кесіп жатқан әкем де болса, аузын ағаштай турайын, – деп. Барса әкесі Өскенбай екен. Әкесін турай ала ма? Ұялып қалған екен. Балта сонын айтқан дейді.

Құнанбай мен Балта ақын құрдас, екеуінің жылы қой екен.

Қанжығалы Ішпек, Піспек. Піспекбайдан үлжок, қызы бар. Ол қыздан ербін өнгөн қуандықта ер Алтай, Төменгі Алтай бері де Піспекбайдың қыздарынан туған.

Ішпектен – Қамбар, Жапар, Қармыс. Қармыстан – Есен, Бозым. Бозымнан – Әжібай, Әжім, Әжімбет. Алты атандың үлү Әжібайдың екі атасының баласы Қаратілес, Қарабожыр, Ақтамак, Ақбозым. Ақтамақтан – Құдайберdi, Құдияр, Қара, Амалдық, Сары. Құдайбердіден –

Копейұлы М.Ж.

Досқана, Қиікбай, Малай, Абыз, Шомак. Досқана Төлекесінің түбі – тегі қалмак.

Қарабожырдан – Мұрат, Байболат. Мұраттан Сегіз тудағы. Сегізден – Құнан, Байболаттан – Шыңғыстың Жұмабектері сонан тарайды. Қаратілестен тұғандар тентек қанжығалы атана-дышы... Әжікеден – Байдалы, онан Тащым, Шолан деген біреуі бар. Оның қай жерден келіп орын аларын айыра алмадык.

Әтсеген батыр болған кісі. Елғонды деген баланы қалмақтан алып қашып келген...

Алмашының қызынан туған – Жантай, құңынан туған – Қойлыбай, Қорлыбай. Бірі қыздан туған, екеуі құңын туған, бұларды үш жин деп сөйлейді.

Есен – Бозымның Есенінен ерекк тұқым жок.

Есеннің жеті қызы болған. Жеті қызын жеті жерге беріп, әрқайсысынан бір бала асырап алып, бала қылған. Қатын алып беріп, мал майдандырып, жан жандандырған. Қоскелді, Қылтышар, Лабашы, Бошқандай, Есіркеп, Нияз, Жолымбет. Бұлардың жеті ру атаптанды сондықтан.

Ұзын өкты оинан бол, қайдан болсаң, соннан бол дегендей, онан-мұнан басы құралып Қанжығалы болды.

Қанжығалы кісі аты емес, қаранды ханы болып басына алтын жыға орнатқан. Сонан қанжығалы атанған деседі. Кейір есқі сөз сөйлеушілер жауға аттанғанда қанжығалы болып, қанжығасы құр келіп көрген емес. Сондықтан қанжығалы атанған деседі. Шешесінің

аты Момын, атасының аты Ақсопы, Толыбай үранды Қанжығалы атанған.

Әжібайдың баласының бірі Құдияр, Құдиярдан – Ақдәүлет, Келдәүлет, Ақтайлақ, Қорым, Жанат. Ақдәүлестен – Алтыбасар, оナン Жұндібай, Шара. Жұндібайдан – Эбен, оナン Есімбай, Бесімбай. Қараның бейбішесінен – Елібай, Сары, тоқалынан – Жәдігер. Жәдігерден-Токсанбай, Сатыбалды, Мәмбетбай. Токсанбайдың бейбішесінен – Жанұзак, Байұзак, Құлжан, Бергіс. Жанұзактан – Бегайдар. Тоқалынан – Сазан, Байұзактан – Айдабол, оナン Отас, оナン Еркіnbай, оナン Әлмағамбет, оナン Аскар, Бертістен – Тезекбай.

Сарыдан – Жылкелді, Қойбас, Айбас, Жылкелдіден – Ақжігіт, оナン Томан, оナン Қулен. Қуленнен – Исашибай, Қожан. Асырап алған баласы қанжығалы Мұстафа. Бұл Мұстафайның өзекесінің аты Салпаң еді. Салпаң сарт атанған жер аты бар. Қара Мұстафайның артында нәсіл-жұрагат жок. Жақсылатта тамы бар, аты сонда қалды. Қойбастан – Тұрыснбай, Есілбай, Тұрыснбайдан – Жаманшы, Есілбайдан – Нұрпейіс, Тақан. Нұрпейістен – Ток, Тілеу.

Қараның кара шаңырағы Жәдігерде. Жәдігердің кара шаңырағы Мәмбетбайдың. Мәмбетбай төрткүн оша қаздырып, тебел бис сойдырып, бір көлімсек жігітті, бала қылып, асырап алып, атын Алдаберді койған. Өзінің екі баласын білай қойып, кара шаңырағына ие кылған. Сол Алдабердіден – Құттықожа, оナン Мәңкебай, оナン Сарыбел, оナン Молда, оナン Лекер хажы, оナン Жақып, Қызыл алған

Коңейұлы М.Ж.

Көліген кезде Шақшан еліне исполком: председатыл болды.

Текізді төрге шыгарын,

Теңдік тимес құлынан, –

деген Бұқарекең сөзіне дәл келді.

Қанжығалы ішінде сиңісті болып есіл-өніп кеткесі – қарақалпак бар, Қызылқұлакта бар. Негізынан бұта-шатасы көп. Сондықтан сүттей үйші, қатықтай қатып тұралмады. Ең мактаулы зоры Бөгендай.

Қанжығалыдан Бөгендай батыр шықты. Үш жүйін-баласының көрі құлақтысынан акымыз бердай кадалып сұрадық. Тұбин, тегін білуге:

– Богенбай әкесі Ақша, Ақша әкесі Әлдекүн, Әлдекүн; әкесі әлде кім дегенінен басқаны білмейді. Әлдекүннен екі бала Әлібек, Ақша екеуі бір туысса керек...

Ақшадан екі бала: Қелбай, Бөгендай. Қелбай есер-есаландықпен бір аста Әлібектің үстібасын майлай берген сыйылды. Сонда Әлібек айтқан екен:

– Ерке бладан жынды бала көп жақсы деген осы екеп-ау. Мынау ескенде менің тұқымыма іац атырып, күн шығармас, – дегендеге, Ақша тұрғып:

– Мұны айтасың ба, үйде бір шойқара - бар, тұқымың соңың тепкісінде шіриді, – денті.

– Ендеше мен тұқымымды оның тепкісінде шірітпейін, – деп белініп көшіп кеткен. Сол бойымен бөлек есіл-өніп, Кокшетаудан әрі Әлібек қараған деген жер бар, үрим-бұтағы сонда деседі.

Ол айтқан шойқарасы Бөгендай батыр болып шығыпты. Бөгендай батырдың бейбішесінің

аты Баяу. Мұнан тұган Тұраналы, Нұрымбет. Тұрналыдан – Бақан би, мұнан Саққұлақ, Саққұлактың бәйбішесінен – Екетүргұлан, Жұман, Нұргамбет, Бәйімбет, Талас қызы тоқалынан – Әжімбет, Нұралы, Ерәлі.

Нұралы қыршиң жас, болыс құнінде өлген. Саққұлақ соңда:

– Жалғызың-ау, жалғызың, – деп зарлаган екен. Қөрге салғанда Бөгөнбайдан келе жатқан көрі әруақ, кара бақи қозім тіріде сені колымнан көрге салдым-ау деп боздаган екен. Манайында болғандар:

– Перзентіз, баласыз емессіз, алтауы аман түр ғой дегенде:

– Орыстың оразасындей бірде бар, бірде жоқ көшпелі шіркінді не қылайын, – деген екен.

Саққұлақ езі болыс құнінде, қыпшақ Қыбырай аға сұлттан дуанбасы екен, жүрттан жиятын альмта үшін балаларының бірін жіберіп, қасына Жаншуақтың Мұсасын қосады екен. Басқа балалары барғанда дәннеме жоқ, Нұралы барғанда жүрт:

– Саққұлақтың өз баласы жаңа келді ғой, – депті.

Бөгөнбай батырдың қалмақ қызы Қамырқан деген қатынның – Жылқыбай, онан Төлеген мұрза, тағы бір қалмақ қызы қатынныңан кісі білмейтүғын уақ-түйек толып жатыр.

Төлеген бай, шексіз мұрза болған. Ас сайын алты атанға қымыз артып барады екен. Қысташына қырық сан тастап кетеді екен. Өзі отыз бес жасында көксау болған екен. Түн үйкі көрмей жөтөліп шығады екен. Жөтеле-жөтеле жалғызып, тірліктен безер болып:

Консейұлы М.Ж.

– А, құдай, иман бер, – дейді екен. Бір кой күзткен Бітемше деген күзетшісі аңдал келіп, үсында тұрып:

– Бердім, бердім, – дейді екен.

– Құлдық құдай, құлдық, – деп сүйсініп қаллады екен. Таң атқан соң, ауыл-аймагы, баалалары:

– Ол Бітемше ғой, – дегендегенде:

– Кім болса, ол болсын, беруші берді, мен шілдім, – дейді екен! Иман алғанына берік әбден сенімді екен.

Омір бойы қатынға жатқанда суга түспейді екен. Оны ұнатпаганға беретүғын жауабы:

– Бұқа бұтын жуа ма, айғыр бұтын жуа ма, қошқар бұтын жуа ма, құтын жуған она ма, – дейді екен. Өзіміз Төлеген мұрзаны аулие ғой дейміз, ак жүрек, арамдағы жоқ.

Құдай ракмет қылсын, Шоң би қатынына қатысқанда қытай ағаш көртеді екен. Жаз шыққанда көлте түсіп, ағаштың көртігін санаپ, басын көлге тығып тазаланады екен.

Үкібайға құдай ракмет қылсын, суға шомылумен жұмысы болмайды екен. Құрбы-құрдасы көп ортасында үялтамын деген сыйдаймен сол жұмысын айта қалса:

– Құнәлі болған кетімді жудым, бейіске баар жетімді жудым. Осы шіркіндер, маган мұнан артық не қыл дейді, – деп қайырып тастанады екен. Айтушы құрдасы Орманшы би Қойшыбай дейді де, айтқан жері дуанбасы құнінде Мұса мұрзаның алды дейді.

Қазақ орысқа алғаш қарағанда Иван Семёнович деген бөлкебай келіп, Баянулада қала

салдырып, дуан алғаш ашылғанда дуанбасы, қазы, болыс сайлаған. Шоң би дуанбасы, Тайжан қазы болған. Сонда қанжығалы атындағы ел ойдағы-қырдағысы бір болыс болып, болыстықты алған. Күйкібай Малай-Бозай баласына болыстығын жолға байлаған. Ол айтыпты:

— Жолды маған байлағандарың рас болса, мен Әжікенің Әненіне бердім. Әнен құндердің күнінде кімге берсе, езі білсін деген. Сондыктан қанжығалыға ең алғаш Әнен болыс болған. Әнен өлерінде өз балаларына байламай, жолды Әлдебекке берген. Әлдебек болыс күнінде Ерейменнің Қызылағашында айтып отырады екен:

— Осы Қызылағашқа Қараөткел, Ақкөл, Құрман, Догалақ үшеші бірдей. Үйден шыққан күні Қараөткелге де қонаға барамын. Ақкөлге де қонаға барамын. Құрма-Догалаққа да қонаға барамын деп. Әлдебек өлерінде болыстықты Әнен балаларына байламақ болған. Мустафа деген баласы тілін алмай, езі болған. Соган екпелеп Қапжығалы екі айрылған. Жетіру мен Әжібай Баянулаға қарап қалып..., қарабожыр, тентек қанжығалы Ақмолага қарап кеткен. Қанжығалының қақ жарылған жері сол.

Бәсентійн, Сырым

Мен езім Павлодарда тұрдым. Керекудің ол жақ бұл жағына қатынап жүрдім. Шежіреге жүйрік, ата білестүгін жанды таба алмадым. Бүрін жазып алып жүргендер кім көрінгеннен сұрап, айтқанын жазып ала берген. Менің сұрыптаپ, ақ тарыдай ақтарып жазғаным осы.

Бәсентійн

Ақмайдан, Бекмайдан, Тоқмайдан. Ақмайданнан - Қекшекоз, бұл - Қекшекөзден - Бәйімбет, Жолымбет. Бәйімбеттеген - Бейсен, Жаманай, Қойкай, Қешен, Шерек, Тацатар.

Бейсеннен - Таз, Бекі, Шокай, Өтег, Матай. - Бейсеннің бесеуі» дедінеді. Матайдан - Қаржая, Өмір, Қойбак. Бұл Өмір би қара қылды как жарған, ауыл би болып атағы шығыпты. Мұның бір қара тобеті болыпты, төрінде жатады екін. Торт аяқты, қайқы құйрықты болғаны болмаса, ит деп айтуға бір жаңының аузы бармаса керек. Өмір би:

— Құтым, құтым, - дейді екен. Соңан «Құтым» атапып кетсе керек. Бір күні өзінің де, сезінің де бір бағастас би қонып отырып сұрады лейді:

— Мұны мұнша ардақтап ұстағаныңыз қалай? - деп.

Сонда Өмір би айтыпты:

— Бұл ит емес, ырыс, «Жеті қазынаның бірі» деп айтылған анық осы. Бұл жазғытұрым мал тоғиң тогіп жатқан кезде жас қозыны, жас лақты, жас буздауды, жас құльпиды, жас ботаны алып келеді. Алып келгені мал болып есіп-өніп малға қосылады... Жалғыз-ақ бір басты, екі аяқты адам баласын алып келген жок депті. Осы сезіді айтқашаң кейін қара тобет жоғалып кетіпті. Бір жұмадай жоқ болып кетіп, бір жас бала алып келіп, еркелеп тұр дейді. Өмір би:

— Бұл Құтым алып келген «Құттыбайым» деп діг койған. Сол Құттыбай езі есіп-өніп, Қаржады қобейтіп, берекелендірген осы Құттыбай деседі.

Бейімбеттің Жолымбетінен – Мандаң, мұнан Сәмікө. Майдандың оқ шашқандай от шашатын сырттаны Бөсентінің, ер Сырымбет атапанған батыр осы Сәмікеден шыққан, Кешегі Жөңке де, Нұрташ молдалар да осының үрләгі еді.

Жаманайдан – Қайсары, Қозыбак, Үрысбек, Сағанай, Тайлақ... Үрысбектен – Шақабай, Қарабатыр, Бекебай, Шақабайдан – Жөнібек, Әйімбет. Жәнібектің Кейкі деген бөйбішесінен Сарықұл, Айқұл, Байқұл. Қалмақтан өзі барып олжалап алғып келген тоқалынан Сорыпкел, Манамбай, Айқұлдан – Жаманбай, Мұса, Боктыбай. Жаманбайдан – Тасболат... қара Мұса атапанған. Мұнан Омар, Имаш, Жөнібек батыры. Бір барған жолында қалмақтан екі қызы, қыргыздан бір бала алғып келген. Екі қыздың бірін тоқалдыққа өзі алышп, онан Манамбайлар туған. Біреуін койсары Байқожага байлап, ол Байқожа асырап алған баласын Қалқаманға қосып, қара шаңырағына ие болатуғын жалғыз баласы Жұмагұлмен еншілес қылып, қара шаңырағына ортақ қылған. Жұмагұлдан Ақжан, мұнан Жұсіп, Қалқаманнан – Байтілеу, мұнан Әжібай, мұнан... Сүлеймен хажы. Қыргыздан алғып келген баланың аты Бертіс, онан Қүреще туып, онан Олжабай, Олжабайдан – Айтбай, Айтбайдан – Сейіт, Ахмет. Он шақты үй бар шығар. Кімсің дегенге Үрысбек, Манамбай аулынықіміз дейді. Сүлеймен хажыдан кімсің дегендеге Қойсарымыз дейді. Өзі Қалқаманның тұқым-жұрагаты.

Молда Мәшінүр Жұсіп Копейбаласының жинаған сөздері

Маган көктен Жебірейіл періште рухы келірген жоқ. Қағаз жүзінде жазылған қазақта шежірінен нұсқасы жоқ. Естіген құлақтың жазығы жоқ... Естігінімді жаза бергендейткен шежіреші атанды.

Керекуге жиырма бес шақырым жерде Құрман тұзы деген тұз бар. Сол Құрман Қыршақ екен де, өзі мейлінше бай болған екен. Жылқысының есеп-санын өзі де білмейді. Жалғыз баласы болыпты.

Күндердің бірінде салт атты, сабау қашылы, бір борі тонды, берте атты жігіт келіп, бала болыпты. Малға шын жаны ашып қарағандықтан жылқы билігі сонда болыпты. Байдын жалғыз баласы сері болыпты. Он жігітпен жүріді дейді. Жазғытурым бие құлын төгіп жатқанда бай баласы жылқы арапалты. Жаңа туып жатқан кіре күлпінді сойып, терісін ала беріпті. Осы жүрген он бірімізді де бір түсті кылғып қара құлып жарған килеміз деп. Бөрі тонды, берте атты жылқышы мұны көрген соң, іші күйіп жылап, додданып байға келіпті:

– Бай, маған батаңызды беріңіз, малға мениң іслігім болмады. Мына қорлықты көріп жүргисінен өлгенім артық деп... Бай жалынып жинағып тоқтата алмайды:

– Мен риза, құдай риза, осы жылқының қак жарымын ал, – депті.

– Жоқ, бай, бір тай да алмаймын, батаңды бер, – депті.

Бәйімбеттің Жолымбетінен – Мандай, мұнан Сәмікे. Майданда оқ шашқандай от шашатын сырттаны Бөсентиін, ер Сырымбет атанған батыр осы Сәмікеден шыққан, Кешегі Жәңке де, Нұрташ молдалар да осының үргағы еді.

Жаманайдан – Қайсары, Қозыбақ, Ырысбек, Сағанай, Тайлақ... Ырысбектен – Шақабай, Қарабатыр, Бекебай, Шақабайдан – Жәнібек, Әймбет. Жәнібектің Кейкі деген бәйішесінен Сарықұл, Айқұл, Байқұл. Қалмақтан өзі барып олжалап алып келген тоқалынан Сорыпкел, Манамбай, Айқұлдан – Жаманбай, Мұса, Боктыбай. Жаманбайдан – Тараболат... қара Мұса атанған. Мұнан Омар, Имаш, Жәнібек батыры. Бір барған жолында қалмақтан екі қызы, қыргыздан бір бала алып келген. Екі қыздың бірін тоқалдыққа өзі алып, онан Манамбайлар тұган. Біреуін қойсары Байқожага байлап, ол Байқожа асырап алған баласын Қалқаманға қосып, қара шаңырағына ие болатуғын жалғыз баласы Жұмагұлмен еншілес қылып, қара шаңырағына ортақ қылған. Жұмагұлдан Ақжан, мұнан Жүсіп, Қалқаманнан – Байтілеу, мұнан Әжібай, мұнан... Сүлеймен хажы. Қыргыздан алып келген баланың аты Бертіс, онан Қуреңше туып, онан Олжабай, Олжабайдан – Айтбай, Айтбайдан – Сейіт, Ахмет. Он шақты үй бар шығар. Қімсің дегенге Ырысбек, Манамбай аулынықіміз дейді. Сүлеймен хажыдан қімсің дегенде Қойсарымыз дейді. Өзі Қалқаманның тұқым-жұрагаты.

Молда Мәшһүр Жүсіп Қөпейбаласының жинаған сөздері

Маган көктен Жебірейіл періште рухы келтірген жоқ. Қағаз жүзінде жазылған казакта шежірениң нұсқасы жоқ. Естіген құлақтың жазығы жоқ... Естігенімді жаза бергендіктен шежірепті атанды.

Керекуге жиырма бес шақырым жерде Құрман тұзы деген тұз бар. Сол Құрман Қылышак екен де, өзі мейлінше бай болған екен. Жылқысының есеп-санын өзі де білмейді. Жалғыз баласы болыпты.

Құндердің бірінде салт атты, сабау қамшылы, бір борі тоңды, бөрте атты жігіт келіп, бала болыпты. Малға шын жаны ашып қарагандықтан жылқы билігі сонда болыпты. Байдын жалғыз баласы сері болыпты. Он жігітпен жүрді дейді. Жазғытурым бие құлын төгіп жатқанда бай баласы жылқы аралапты. Жаңа туып жатқан қара құлынды сойып, терісін ала беріпти. Осы жүрген он бірімізді де бір түсті қылып қара құлып жарғақ киеміз деп. Бөрі тоңды, бөрте атты жылқышы мұны корген соң, іші күйіп жилап, дoldанып байға келіпти:

– Бай, маган батаңызды беріңіз, малға меніп иелігім болмады. Мына қорлықты көріп жүргенмен елгенім артық деп... Бай жалынып жалпайып тоқтата алмайды:

– Мен риза, құдай риза, осы жылқының қак жарымын ал, – депти.

– Жоқ, бай, бір тай да алмаймын, батаңды бер, – депти.

— Жок, балам, дәнeme алмай кетсөн, бата да бермеймін, ризалыгым да жок, — дегі.

— Олай болса, теңбіл кек сөүрігінді бер, үйірінде бес байтала бар. Соны үйірімен берсің, шын батаңызды бергеніңізді соナン білемін, — дегі.

— Уа, шырағым, маған құт болған, қыдыр болған, көбікті көктің тұқымы еді. Өзімнің аузынды көбікті саумалға тигізген жануарым еді. Мал қадірін білмеген ку жалғызға болғанша, мал қадірін білетүгін сенде болғаны жақсы, — деп, батасын берген екен.

Байдың батасын алып, алты түяқ жылқымен Ертістің бер жағына етіп, Апай деген жесір қатынының қызын алып, онан бес бала тауды: Келден, Қыстау, Қақа, Сатыбалды, Жаңбыршы. Малы да, басы да ессе бастанды. Жогарыда айтқан малдың «Көбікті кек» атап жүргені биесе шапқан айғырдың қасасынан ақ көбік шұбалып, үзілмей ағып тұрады екен. Соны Бері өз алақананы тосып алып, балаларына әкеleп жалатады екен. Бір баласы жаламайды екен. Сол жаламағаның үрпағы ана төртеуіндей болмады деседі, жарлы-жақыбай, өсімсіз-өнімсіз болды деседі.

Жесір қатын Апай атанған – Қаракесек катыны еді деседі. Байы өлген жесір қатын үй-отанымен, кара-құрасымен теркініне келген. Артынан Қаракесек іздел келіп, бұрыш да тапқан балашағасы болса керек, екіқабат кетіп еді десе керек. Ер үл тапқан екен де оны бөтен бір жерге асыратқан екен. Екіқабат келмеді деп, жан беріп, нандырып алып қалған

екен. Қаракесек көзі бар балаларды алып қайтыпты. Жесір қатын байсыз отыра ала ма? Бұл жақта тиген байынан бала туып, «Апай, Апай» атапған атпен руым бұтаға «Апай» шашып, Алаймен Бері оттас, ораздас болып кеткен. Біздің жақта тұрган биік Богембайды сол Алайдың аузынан туған бала осы дейді. Мұның рұм-бұтағы осы Баянаула бауырынан жанада кетсе керек. Бөрінің бел баласы Келден қыстауы екен дегі... Баянаулада бір асуды Қатынғап асуы дейді. Бөріден шыққан, атагы жер жарған Қазанғап қыстаған жер дейді.

Көп аргынның жолаушылары келе жатып он сік жасар бір бала тауып алады. Бәсентінінгө байлайды, сейтсе ол бала:

— Қожант шәһәрінікімін, хан баласын ойнатып жүрген балалар едік, ортамыздан хан баласы суга кетті. Соナン соң барсақ бізді хан олтіреді Гой деп, тоз-тоз болып, жолға қашып шығып кеттік. Тұбім-тегім түрікпен еді деген соң, Бәсентін бала қылып алышты. Мұнда келген соң, жерінде көрген өнегесі болған соң, балық аулайтып бала болып, «балықшы түрікпен» атанип, күні бұл күнге шейн тұқым-жұрағаты, үрпағы бар дейді. Және келе жатып бір жас сулу қатын тауып алышты. Сонына еріп жүрген бір кішкене баласы бар дейді.

— Бұл балаң кімдік? – дегендеге:

— Өзімнің күшігім, – дегі.

Ол қатынды да Бәсентін алышты. Қойныша житқанда буаздығы білініп:

— Бұл қалай? – дегендеге:

– Бұл жанға айтпайтығын сырым, – деген екен. Сол баланың атын Сырым қойған екен. Осы екі бала қатын алыл, есіп-еніл, бірінің түкімі «Құшік» аттынып, бірінің түкімі «Сырым» аттынып, ел-жұрт болып кеткен. Құндердің күнінде осы қатынның артынаи жоқшы келді дейді. Белгілі байы жоқ, қыз күнінде бала тауып, тағы буаз болған соң, өз үйінен өзі үялып, кашып шығып кеткен екен. Белгілі байы болмағандықтан ешкімнің дә сезі болмады. Қатын да, екі бала да Бәсентин олжасы болып қала берді дейді.

Сырымнан тарайды: Танаш, Жабық, Мұрат. Мұрраттан тарайды: Дөнен, Сегізбай, Сасық, Бестібай, Тенізбай, Алтынбай. Жабыктан тарайды: Болай, Самай. Болайдан – Тілеу, онан Өтебай. Самайдан – Сексеңбай, Тоқсан, Досым. Тоқсаннан – Қара, Қызырау...

Самайдан Досым, мұнан Тоқтауыл батыр, мұнан Малайсары батыр, мұнан Тілеуқабыл, мұнан Бесмолда, мұнан Арап... мұнан Омар... Малайсары батырдың тоқалынан Жолдыбай, мұнан Садак, мұнан Қашқын, Қозғанбай, мұнаң Тұран, мұнан Қабдімжас жігіт балалы-шагалы.

Саман баласы Досымнан – Төлебай, мұнан Нарымбай, мұнан Ыбырай, мұнан Қыстаубай, бала-шагалы Керекуде тұрады.

Сырымның көбі Жабық болады, Қазанғап баласы, Дөнентайлар. Бұлар да Досымнан. Қызыраудан... Сырым... батыр болған, мұның балалары Байжан, Бекші батыр. Байжаннан... Әлтік, Қозыбак, Құдайқұл, Қосай. Бекші батырдан – Төпек батыр, өзі жалғыз туып, қара

жарғакты, күрән атты аттынып, қыршын өліп, тұқымсыз кеткен.

Күшіктен – Жылқайдар, Итемген, Қанғелді, Қайып, Қенжебай, Бәйімбет.

Мұрраттан – Арапбай, Бейсейіт, Жауқашар, Жаубасар. Арапбайдан – Тоқпан, Ақлан.. Бейсейіттен – Бақақ, Жабагы. Жауқашардан – Саралымырза, Баймырза, Жаубасардан – Тілеуберді, Қуат, Саржан. Ырықулдан – Шыңдауыл, мұнан Қоникар, Мойнак. Терт сары токпан үрпағымыз дәйді.

Токмайданнан – Қатыс, Қатыстан – Мандай, Гілмәмбет. Мандаидан – Айты, Есенгелді, Андалас, Келдес. Андас бір жаугершіліктегі буаз қатын олжалап алған.

– Кімнің қатынысын, – дегенде:

Сарай Kentte Сарымбыз деген атақты кісінің қатыны едім деген. Іштегі бала ер үл болып туган. Бұл иманы толық жерден бітіп келген бала дес атын «Иман» қойған.

Алтын Орда атанған Жошы ұлысының үлкен ханы тұратығын орын екен. Ноғайлар оны Сары кент дейді екен. Бұл Сарай Kent бұл күнде Еділ суының бойында, Аштарқан мен Саратыптың аралығында, Тысарып деген қала.

Иманнан – Өкей тудады. Өкейдің бәйбішесінен – Есенбай; Есенбайдан – Бағай, Серкебай. Оргашы қатынынан – Тілеуберді. Тоқал қатынынан – Дәүлетбай тудады. Дәүлетбайдан – Тілеуқабыл батыр тудады. Тілеуқабыл деген ата қалып «Батыр» атасын кеткен.

Бұл батырдан – Түгелбай, Құнлақбай, Серкебай, Еділ, Еркебай, Қабанбай. Түгелбайдан

– Құрамыс, Құрамыстан – Сәрсен, Сәрсеннің бәйбішесінен – Тұрсынхан, тоқалдан – Ісмайыл, Самарқан, Тұрсынқаннан..:

Тілеуқабыл батырдың тұңғышы – Ақша, мұнан Дәріпсөлі, мұнан Таңатар, мұнан Жүсіп, Қали молда, мұнан ақсақ Қамит..

Иманнан Жирентай, мұнан Орал, Байқұлак. Бұлардың заманында қалмақ шауып, тогыз салт атты, сабау камышлы наиманға қашып барып, онда да қалған, мұнда да келгені болған. Бұл Орал, Байқұлак тұқымын Боранбай деседі.

Иман десе Иман екен. Ат – арыстан, нұр бейстен хақ сез.

Орманшы тарихы

Сүйіндіктен – Оразгелді, Сұғыныш. Сұғыныштан – Шуманақ, Мәжік, Шұманақтың қатыныңың аты Жолбике. Мұнан үш үл туады: Жанболды, Құлболды, Жолболды. Жолболдысы – Орманшы. Орманшының үш баласы: Өтек, Қайдаяуыл, Тілектілес. Бұл соңғы ат қалып, «Қасқыртұмақ» атапын кеткен. Өтек езі Орманшының тұңғышы екен, екі інісіне қатал болған. Ел кошкенде бөтексесі шайқалады деп бүркітін жаяу алғызып жүрген.

Өтек балалары: Жақсылық, Қарабай, Шобалай, Бағай. Жақсылықтан – Сұңқар, Байғұл, Алакөз, Әлімбет. Қасқыртұмактан – Ақлан, мұнан Шақұлан. Қосай, Қойбағар, Құшіген.

Қайдаяулдан – Есенқұл, Мәүке. (Мәуке катын аты, езі тоқал қатын) Есенқұлдан – Бекқұлы, Тоққұлы, Аққұлы. Бекқұлдыдан – Нарторы, Ақсары, Шотана, Нарбота, Тайгелді,

Ес, Дос. Аққұлудан – Ақбике, Балға, Есенәлі, Деріпсөлі, Бармак, Қыдырәл. Мәукеден – Кесиелік, Түрмелік, Елік, Сакау акын осы Елікten шықкан. Қарағайлы көлі Нұралының «Қара-сұы» атапнан... Нұралы Отектен шықкан. Оның үршіктары Байсақ баласы Балқожалар. Отырған жерін Тайбай көлі дейді.. Ол да орманшы Қайнауылдан шықкан.

Керей тарихы

Корсары, Ақсары. Төрт сарының нәсіл жүргараты орысқа қараймыз деп Алатау, Алтай тауларынан асып кеткен. Олар бұл күнде Қытайға қарап қалды. Мейлінше бай болған, бодамсыз керей атапнады дейді.

Көрсары. Ақсарыны Тұрлыбек Ақмода оби-нысна орналастырған. Қөксарыдан – Есбол, Есеполі, Есенөліден – Құдайқұл, Құдыс, Жібек. Құдайқұлдан – Құдайберді.

Жібектен – Жанбыршы, Жәнібек. Мұнан – Жанғабыл, Досай туады. Соқыр Жанғабылдан алтага туады. Бірі – Сүйіnbай, Сүйіnbайдан – Ақыл бес ағайынды болған. Кетібақ баласы Қынылтуада тұғандықтан атын Тау қойған. Ақыл сексен ішінде тұғандықтан атын Ақыл қойған. Ол замандарында Ақыл, Тау атапнан.

Ақылдан тогыз. Бәйбішеден – төртеу, тұңғышы – Асаубай.

Асаубайдың кеңжесі Бәзіл хажы атапнан. Қыстауы Сілетіде, Ешкілместе. Бәзіл хажыдан Гүбайдолла, Бопкен. Бопкен балалары – Жиіпапла, Нұрхамит. Бұл екі баланың қара орманшысырып алғып, Ғұбайдолланы Омбыға, Боп-

кенді Семейге жер аударған. Бұл Бопкен Семей барамын деп Қызылтау бауырында атын үрлатып, жаулап қайтып, Ескелдіде отырған, құдай рақмет кылсын, Мәшһүр Жұсіпке кез болып:

— Қатын-баланды тауып ал, — деп бір шабдарттың басы-байлы өзінің қылып мінгізіп, қоя береді.

Сол Бопкен айтты:

— Қозғаннаң шыққан Түйте тәуілтің мolasы біздің қыстың күнгі қотанымыз, — деп. Устіне ағаш шыққан, шенгел де шыққан. Ағаштан жасаған мolasы бар. Бұл күнгө шейін тозған жок, құлаған жок, — дейді.

Бұқа, Қобір тарихы

Бәсентегін ішінде Бұқа, Қебірміз дейді. Бұқа, Қебір кімнің баласы десен, өкесінің атын жан білмейді. Қөзімен коріп, қолымен туғызып алған ешкім жок. Айтушылардың айтуы:

— Бұрынғы замандарда Бұқар, Самарқан хандарының біреуінің болса керек. Татарбай деген құл екен. Бұл құл сол ас жасаушыларға кожайын екен. Қазынаға киянаты білінген соң:

— Елге-жұртқа жолама деп, жер аударып жіберіпті. Ол заманда жер аударғанда Сырдәріядан әрман еткізіп тастайды екен. Қанғыл жүріп, жеке-сақ бір қаңғыл жүрген қатын кез болып, екеуі қосылып, ерлі-байлы болып жүргенде буаз болып, егіз үл тауып, бірінің атын Бұқа, бірінің атын Қебір койыпты. Екеуі ержеткен кезде бір қоңыр бұқалары болып, үйде ол артылатып сиыр жок қаңғыл кете беріпті. Ол кеткенде

бір тауды жатақ қылып, соған бара беретүғын болған соң, сол тау «Қоңырбұқа» атанағынды. Іасқа сиыр жок, езі жалғыз бұқа болған соң, бір кесу білетүғын жан кез болған. Соған кестіріпті. Бұқашын ені жалғыз екен, оны:

— Мен пісіріп жеймін, — деп бірі айттыбы.

— Мен пісіріп жеймін, — деп бірі айттыбы.

Озді-өзі төбелесіп, айырып, арашалар кісі жок, бірін-бірі көргісіз болып, бірі Сырға, бірі Қырға қашыпты. Бұқа қырға қарай қашып, жолдан бір қатын килігіп, ерлі-байлы болып келе жатқанда – жұртта қалған – бірқара күшік еріп Сарыарқага келіп, Бәсентегін, Маңдай, Өзімбеттің малының ерісіне, балығы көп бір суга жатақ қылып, камыстан кепе қылып жатын алыпты. Қара күшік тебет болып, бұларға түп болса тамақ тасымын. Майды қарнымен, ірімнік-күртті боғжамасымен әкеліп, бұларды ле-су, тамактан тарықтырмапты. Малыш-құлыш көргендер елге айттып, Маңдай, Өзімбеттер әдейі келіп керіп:

— Сендер бүйтіп елсіз-күнсіз жатпаңдар. Елге келіндідер, жылқының даяр қосы бар. Соның быспана қылып альындар. Өзіміз жылқышыға жаидадан қос көтеріп аламыз, — деп елге алып жүрді.

Қазақтың ас-той деген мерекесі болады. Асқа барайық деп жатырмыз біздің басы артық ер-тоқымдарымыз, басы артық кімдеріміз болады. Қолыңа тигенді басы бүтін езімдікі деп ал, озімдікі деп ки, — деп атқа мінгізіп алып жүрді. Асқа бара жатып, Маңдай, Өзімбет мүни қайсысымыз қарабауыр қылып аламыз

дессіті. Екесіміз екі болек түссеік. Атын қайсының майнына байласа, байлау сол болсын дессіті. Бұл ғына барып түскен жерінде атын Мандаидың атының майнына байлат, Мандаид меншіктеп, қара бауыр кылым алыпты.

— Бұқадан – Майемер, Майемерден – Тауасар. Бұлардың түпсіз-текісін екендігі мынадай жағдайдан білінеді. Тауасар өлгенде шулап жылайтынғын ағайын жоқ. Үш күн жаназасыз жатыпты. Кім болса, ол болсын, бір жолаушы:

— Мен жаназа шығару білемін деп, құран оқыпты. Соңда оқыған дұғасы мынау:

— Мұның тегі ғына еді,

Бұға шабы жұқа еді.

Өзің-өзің, өзіңе,

Озіңдікі екі қара көзіңе!

Бар, Тауасар, бара бер! Жаназанды кеше оқыған мен, – депті.

Тауасар жаназасы Бәсентін ортасында күлкі болған, мұнан да өдемілеп айтушылар бар еді, өліп қалды.

Сол Тауасардан алтау-жестеу туады: біреуінің аты Рамазан, Рамазаннан туған Жақай. Жақай ахұн атанаң, ескі законда мұфти-хазіреттердің бір елге сайлап-қойған ахұны болып, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып түрган күнде: байымен араз болып қашып барған қатындарды казакта искес жоқ деп, пара алыш, босатып жібере берген.

Жұртқа аты шықкан атақты бай уақ Нұркін байдың қызы Зылиқаны Қасқырбайдың Жақсыбайы алыш қалыпты. Нұркін байдың бел баласы Түйте дуанбасы, Балтасы Семейде болыс...

Консайұлы М.Ж.

Кереку Баянаулаға қарайды. Мұса дуанбасы, Секербай қазы. «Қазақта неке жоқ деп -Жақай шұхын бұрынғы байынан айырып, езі некесін қиып Жақсыбайға қосқан Зылиқаның олеци:

Кигені Жақсыекемің жасыл шапан,

Бір кезі бес теңгелік асыл шапан.

Арасын Омбы, Семей ойнақ қылған,

Бозбала қалай екен Зылиқа атаң.

Зылиқа жасаға піскен қызғалдақтай,

Омбының ауырыпты шайы жасақтай.

Петербор, Омбы, Семей арасында,

Қызы тұмас әр қатыннан Зылиқадай.

Ар жақтан Секербай мен Мұса келсін,

Жақсыбай Қасқырбаймен қоса келсін.

Некемді мен Жақайға құдырған соң,

Законды жаман уақ қайдан білсін.

Базардан алып келген тәуір кебіс,

Мұсаке-ау, айналайын маган болыс.

Балға ағам, Түйте ағаммен барып келген,

Жандарал Котковский қоймақ емес.

Тұсынан қара қала қайық салдым,

Дүшинаңнан құтылдым деп қоялым алдым.

Тас ауыр түскен жерге дегендей-ақ,

Қолына Нұке мырза келіп қалдым.

Зылиқаның олеци деген олец бір қиссадай

еді.

Қазакта иеке жоқ деп байынан қашып барған қатындың пара алып, босатып жібере берген соң кісі қазақ болып оспеген. Сол замандағы Мұса, Секербаймен - замандас ақсақалдардың аузында әңгіме болған:

- Тұбі-тері қазақ еместігі ғой, - деп.

Ірысбек, Манамбай деген ақсақал айтып отырады екен:

- Жаназасыз калған Тауасардан туған, қоянға құрық жіберген жаман Рамазанның баласы-ай. Өзімнің үйдей ақ өгізімді үрлап сойып, толеу төлсеген Жақай еді. «Әфтиктен алты қағаз оқыдым», - деп, жұрттың төбесіне ойнақтап кетті-ау деп отырады екен.

Ол сезінің мәніні Рамазан баласы Жақай жас бала қүнінде қашып кетіп, Қектеректе Олдан хазіретке қызмет қылып әфтиек оқып, оқығаны бойына майдай жұғып, құлағына тиген сөзді жатқа үткіп алып, қазақ ішіндегі ол қундың молда бар ма, қожа бар ма? Жалғыз қара болып көзге түсіп, ауызға үшініп, жұрт орысқа алғаш карат, дуан ашылғанда мұфти, хазіреттеріне ахұн салланып, Жақай ахұн аты қөтеріліп, кеткен «Қазақта иеке жоқ» деп ногайдан болған указдармен қатындарды байынан айырып жіберс берген соң, тамам дуанбасылар: «бізге ногайдан шыққан мұфтидің указының керегі жоқ деп. Қазақтың мұфтиден шығып калғандығы осы. Соңан соң дуанбасылар Жақайдың езінеп күр жауап алған. «Қазакты Бұқар, Тәшкент қарандар» деп азгырып, материал жиып жүр деп. Онысы да етірік емес, Тәшкен Түркістанға кетіп бара жатқан жерінен үстаптып қалып, қыс-

орғасы кезде Баянаула қаласына алып келген. Сонда біздің әкеміз Копей бір самаурын шай, бір табақ ет алып барған. Біз өзіміз сонда оқу оқығаннан басқа түк білмейтүғын баламыз. Сонда Жақай айтыпты деуші еді:

- Орыс барып үстап алғанда басымда дағаралай сәлдем бар еді. Жиган-терген матери-пларымды сәлдемнің астынан қабаттап орап алып едім. Қәне, сәлдеме қол тигізші деп қарап тұрдым. Сәлдеме қол тигізе алмады. Қойны-көйшым, қалта-салталарымды тінітті, дәнеме таба алмады, - деп еді.

Закон бүйріғын Баянаулада жасап, Мұса, Секербайлардың көз алдында ез үйінен олай-былай шыққасқа қољынан хат алып, Баянаулада әтірет-солдатпен үйіне апарып, қайт деп жонелтіпти.

Мұса, Секербай заманындағы қариялар айтапты:

Жақай ахұнды қоянға құрық жіберген жаман Рамазаннан осындей бала туушы ма еді? Бұл Қойсары Балтабай төрениң баласы гой, - деуші еді.

Қаржастың шын аты Олжакелді. Асықтың қаржауына түскеннең қаржас атанған. Үш баласы болған: Алтынтеңе, Құлышке, Бегім. Құлышкенің балалары: Ойымтелі, Телітентік атапған. Бір аяғы ақсақ балдақпен жүреді екен. Бір қуні Телітентік жылқы суғарғалы бір құдыққа барса, бір жас келіншек – қатын кір жуып отыра екен. Телітентектің тентек ойы азым кетіп, тарпа бас салыпты. Сейтсе ол қатын Бегімнің қатыны екен. Бегім өліп, бір балаланын

анасы болып, жесір қалғанда баласының аты Сатылған екен. Қатын буаз болып, буаздығы білінген соң, Телітектек басыбайлы катындыққа алып, Айан тұған. Сатылған да, Айан да Телітектекті баласы болды. Сонаң соң Телі бүл екі бала бес-бестен он қатын алып берген.

Анайдың қалмақ қызы катыншынан – Жәдігер, казак қызы катыншынан – Нияз, сарт қызы катыншынан – Құл, Қозған... Сатылғаннан да бес бала болады. Жапсары, Танат, Қоныс, Мәмбет, Тілеуімбет.

Сатылғанның ен тұнғышы Тілеуімбет. Өзі тұнғышы болып, аты Тілеуімбет болса, онбайды. Бүл Тілеуімбеттең – Қожамқұл, Қошарбай. Біреуінен Тәстен, біреуінен Дулат. Жұрт бұларды Қарақалпақ деседі.

Тәстен, Дулат, Қарақалпақ үшесінің кісінің аты дейді. Екі кісіден естідім, бірі Қожан, Масақтын бегі, бірі Құдайбергеннің Жүсінбегі. Бұларың кім дегенге:

– Пұсырман, Сағын, Тогайбай, Тогалактарды Бақтыбайдың үзін Жұмашы деседі. Айтушылардың айтуы: «Кепін-кепілкішил болып, дулатта берген соң, «Дулат» атанаң кеткен дейді.

Таатттан – Батырбек, Аманбек, Таусар. Ба-тырбектен – Өтсө, Жанқылыш, Таусардан – Қосағал, Қоске, Қожаберген, Қожамберді... Өтөуден – Найзабек, Ермек, Келдібек. Найзабектен – Үкібай би, Ермектен – Қуандық, Еркебұлан. Қуандықтан – Құдайберген, Еркебұланнын – Жантым хажы.

Қожабергеннің сексен жасында таптырған баласын көрдік, аты Сексенбай еди.

Сатылғанның бел баласы – Қоныс, Мәмбет. Оның Қонысы Сарысадақ Қоныс аттанған. Садақ тартымпаздығына мактана деп, «Актабан шұбырынды» жорығында бала-шағасымен қырылып қалған. Майлыбай деген баласы о да қыргынға үшырап, екі немесе қалған: Есеманан, Жарқын. Есемананы бүл күнгө шейн бірауыл, Жарқыннан – Бақыр, Қазан, Мұрынбай. Бұлардың үрпағын Жұмандың балалары дейді; Мұрынбайдан – Қоймас, мұнан Сұлтанбек, Сұлтанбектен – Ісмайыл, Әмірбек – Қартқожаның нағашылары.

Есеманан, Жарқынның моласы Шілдертінің бойында, Қарайғыр шатында, Қарекесек Асан, Ордабай, Ақкісі моласының қасында. Олармен бірге Қестеннің бел баласы Қазыбайдың қарамоласы бар. Өзен жағында, анадайдан оқшаша көрінп тұрады. Қарекесек Қожантай тамы бар.

Қарайғыр кісі аты, уақытқы бір атақты батыры екен деседі. Өтсө, Найзабек, Ермек үшесінің моласы Қарайғыр шатындағы бір төбенің басында. Жанқылыш балалары: Домбы, Жомбының көтеріп, апарып қойған тастары бар. Бүл заманың арбасы көтере алмас, егізі-тarta алмас.

Күні кеше Ермек баласы Құдайберген марқұм берін гүлестіп айтып отырушы: еди:

– Қарекесек Жолшора тамы Дағбаның сыртындағы Жайма ақөре деген жерде деп. Дағбаның сыртында, Шаңтимес, Ханқашты деген жерде Тіленші тамы, Алшыбай тамы бар деп. Дағбаның бауырында, Құрың деген жерде Қарашор Бақыл байдың қарамоласы

бар... Шілдерті бойында Арай тамы бар, Жаман шатта қарекесек пөленше бар. Қожан да Қарекесек, Қара Шордың Шорынан. Қожан тентек атанған. Жарлықелде Жарылған, Қойсайын, Жоламан бар деп. Аты бойындағы Ақмолада қарекесек Арай тамын, Бертіс, Үкібай тамын, Ақмоланы үшешуін қалаған бір кісі. Кірпішіңің қалыбын Алышынбайдың моласы Тоқсанбай шапқан дейді.

Шығарушы Аймауытов кітап болып баспаға бастырылған Қартқожа шежірессін сөйлейік:

— Қаржастан – Құлықс, Құлықеден – Ойым. Тілейдің Ойымынан Жанат, Жанаттан – Өтен, Баян. Бұл Баян жеті ағайынды. Біздің өңгеміз Жиделібайсында қалдық. Біз сонаң келгенбіз деседі. Баяннан төртеу: торала атты Досбол деген баласы қоныс қарап, жер бұған. Даңбада көтыр қызылтуа дәлінген тауды, Қаракуыс деген жерді бәрінен бұрын келіп бугандықтан Баян үрмұтағы қуні бұл қүнге шейін сол жерді қоныс қылған. Баянның Асан деген баласы есті тентек емес, есер тентек болған:

— Сен жерді сұрағанға беріп, корінгенге үlestірессін деп, әкесі Баянды көрмеймін деп, ант ішіп, Жиделібайсынға кетемін деп, Қызылтаудың сыртына, үш сала деген жерге барып отырып алған. Экесі баласын сағынып, көремін деп барса, жонға шығып кетіп, етбетінен түсін жатып алған. Сонаң соң әкесі ыза болып:

— Мұндай баланың барынан жоғы жақсы, — деп, ту сыртынан ерт салдырган, өртепи

күйіп кетсін деп. Айналасының бәрі өртепін, Аспаның жатқан жері өртебей, күймей аман қалғап. Соны қозімен көргендер айран-асыр қалғап. Асан:

— Мені мыналар жатқан жерімде өлтіріп тистайды екен, — деп, Жиделібайсындағы майныма барам, солай кетемін деп, салт атты, сабай қамшылы жалғызбасы қаңғып кеткенде, мүшінде үйін, мал-жанын жау шауып, тып-типшіл қылып кеткен.

Асан езі төрт ағайынды болған. Өзінен төрт бала қалған. Бірі – Тогамбай, біреуі Төтенқара. Төтенқарадан үш бала, бірі Жанан. Жананнан – Қарғожа, өзімен түскан бір ағасы олғен. Онан бір бала бар. Өзі осы биыл 1927-інші қоян жылында отыз екі жаста. Желдітаудың болек келіндегі езінде жел де бар. Асандікіндей қүшті қын да бар

Бұл қазақ қай уақытта үш жұз атанған

Қырық сан қырым [1], отыз сан үрім [2], он сан оймауыт [3], тоғыз сан торғауыт [4], он сан ногайлы [5] булінгенде, Орманбет би өлгенде, ногайлының елі бір алаша тайдан булініпті. «Ала тайдай бұлдірді» [6] деген сез содан қашынты.

Сол замандарда: Қондыгер, Қобан, Қотан, Қогам [7] дегендегер болыпты. Түгел сөздің түбі бір, түп атасы “Майқы би” [8] деген болыпты. Тогыз ханды қолынан таққа отырғызған кісі дейді. Қырық ханың бірі болған Қызыл Арьсат [9] деген Бұхарада тұрыпты. Осы қунғы бір

өзінде он бес азаншы азан айтатуғын мұнараны сол Қызыл Арystan жасатқан екен десседі.

Бейбішесін болмagan. «Қызыл аяқ» деген бір елді шауып, ат көтіне салып әкелген бір қызға аяқ салып, онан бір бала сауықсаның аласында ала туады. Бейбішे өзінен тумай, тоқалдан туғандықтан, іш тарлық қылып, қүндеп, бұл баланы балам деп сақтама, көзін жоғалт, қараышығын батыр. Мұнау ескенде жұртынды ала қылып үстайды, елінді ала тайдай бұлдіреді - деген соң хан қырық жігітке бұйрық беріпті:

- Мына баланы тапқан шешесін Сырлариядан ері еткізіп коя беріндер. Өлссөн, өлмесе өз бетімен қаңғып құн көрсін - деп жер аударды.

Зинкәр қайтып бұл жұртты мына қатынмен бала да көрмесін, сендер де көрмендер, - депті.

Бұлар Сыр суынан етіп, Алатау, Қаратудың алабына келіп жан сақтап құн көріпти.

Бала ез асын езі алып ішерлік болған соң, ешкіммен ісі жоқ, ез бетімен қаңғып кетеді.

Дөл он екі жасында Майқы бидің баласы Үйсінге оқтай ұшырап, кез болыпты. Оған бір ауыз тіл қатпайды. Үн-түн жоқ қала беріпті. Үйсін үйіне барған соң, Майқы бите сойлепті: «Бір ағаштың коленкесінде жас баланы көрдім. Ай десе аузы бар, құн десе көзі бар, көрген кісті қызығып, бір қасық сумен жұтып жіберерлік. Жалғыз айыбы тілі жоқ»-екен депті.

Майқы би өзі ақсақ екен. Өмір бойы арбамен жүрді екен. Арбасын көлікке жектірмей, жаяу кісіге тартқызады екен.

- Мені арбамен алғып барындар, мен оны көрсін - депті.

Бала Майқы биді көргеннен-ақ ұшып тұра келіп:

- Ассалаумагалайқұм, хан біткенниң қызығы, бұқара жүрттың азығы - деп сөлем беріпті.

- Ұагаләйкүмесселем, өмсес аман бол, ба-шым. Болайын деп тұрган үл екенің, қолына үшін салушының жоқтығынан кем болып тұр екенісін.

Кел, балам, қасыма мін - деп арбасына мін-тіп алып, үйінсі алып келіп, торт көл ошақ қазашырып, туbie сойдырып төмөнгі елді шақырды. Али бие сойдырып, аймақ елді шақырды. «Ердің ғри, егедің сыйығы» деп баласа Үйсінді бас қылышп җұз жігіт қосып берді.

- Қара таудан арман қарай асындар, Ұлытау, Кіш тау деген таулар бар. Қаракенгір, Жездікенгір, Құдайберді деген жерлерге барып ірге түсіп, сальк салындар.

Ак найзаның ұшымен, ак билектін қүшімен ел болуды, жұрт болуды ойландар. Қундердің қүнінде осы бала хан болады. Сендер қарашы боласындар. «Хан өділ болса, қарашысы табанды болса, қара жерден кеме жүргізеді» деген деп бытасын беріп, жүргізіп жіберіпті.

Ақтау, Оргаудан асып, Шумен Сарысудан коктей етіп, Майқы бидің айтқан жеріне келіп, үйкінің бұзып жылқы алды, қүймениң бұзып кыз алды. Қош елді қош жөнекей алды, ереуіл елді отырған жерінде шапты. Өз алдына мал маңданып, жан жанданып үйлі-баранды болды. Сатусыз дүниe, қалыңсыз қатың ала бастаған

соң, ел болмасқа немене. Бұлардың мұндай болғанын бағыт Қызыл Арыстан хан естиді. Қотан, Қоғам, Қондыгер, Қобан, Майқы билергс ешің жіберді.

-Мениң баламды жігіт-желен беріп желіктіріп жібергені несі. Баламды өзіме әкеп берсін. Менен қалағанын алсын-деп.

Сонан соң бұлар Құтанұлы Болатты жүз жігітпен жіберді.

-Сендер барып шақырып келіндер - деп. Бұлар келген соң бұрынғы келгендер: «Қайт деген сөзді айтпандар, өздерін де қайтпандар» дейді.

*Аты бесітінде қартаятын,
Жігіті жиырма бесінде қартаятын,
Кек шөпті жұлғаннан басқа ісі жоқ,
Еркегі ат болатын, үргашысы жат
болатын,*

*Тымақты тақияға айырбастайтын,
Пышақты асыққа айырбастайтын,
Тары мен бидайбың нанын жегенге,
Жаумен көженің сүни ішкенге құтыратын,
Бедененің бір санын жегенге күпті
болатын,*

*сарттың жаз болса тұзын,
кыс болса отын мен көмірін тасығаннан
басқа қызығы жоқ жерде не ақыларың қалды?**
- деген соң;

- Рас-аяу, рас-деп шақыра келгендер де қайтпай қалып қойыпты.

Қызыл Арыстан хан қайта-қайта кісі жіберіп болмаған соң, Қоғамұлы Алшынды бас қылып жүз кісімен тағы жіберді. Он үш ақсақал қости.

Есеп саны үш жүз, он үшке жетсе, дүние жүзі жиналса да бетіне шыдамайды деген. Үндемес де үйден шықпаса да “Бабыр еңбек” дегендеге, ақсақал үйде жатып, жұмысты жайлап жатты. “Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би” шалған кісі осы болуы - керек. Бұлар енді ел болғанымызды жүрт көзін түсірейік деп, бағая или баланы алашаға салып, Ұлы таудың басына шашамен көтеріп шығарып хан сыйлапты. Оған «Алашахан» [10] деп ат қойды.

Бастапқы бірге келген жүз жігіттің бастығы – Үйсін. Бұл үлү жүз Үйсін деп аталауды. Түп қалығы Салықшы Жауға шапқанда шаппасын. Іас-түйн болып тұрсын депті.

Ортада келген жүз жігіттің бастығы Болат жоға. Бұған «Орта-жүз» ат қойысыпты. Бұл орта жүз тоқсауылшы орта буында жүрсін. Ханың бықташысы болсын депті. Бұл Орга жүз «Ақ жол» аталсын дейді. Соңғы келген жігіттердің бастығы - Алшын, жаудан беті қайтпайтын жауужүрек, қарсы алдында жүріп жан қадірін білмейтін, бұлар кезеуілші болып, сің алдында жүріп жауға шабатын болсын. Бұған «Кіши жүз - Алшын» деп ат қойды. Қазақтың үш жүз шалған жері осы.

* * *

Бұрынғы заманда қазақ «Жүз» деген, «Алаш» деген атты руға койған аты болған екен». «Алаш» деген атты ұранға қойып, жауға шапқанда «Алаш – Алаш» деп шабындар, «Алаш» демсендің әкек болса да үрүп жыға беріндер деп бата қылышты.

«Кеше Алаш алаш болғанда, Алаша хан болғанда, үйіміз ағаш болғанда ұранымыз «Алаш» болғанда, үш жүздің баласы қазақ емес де едік» деп айтылған сез содан қалған.

Бұл Алаша ханнан бұрын қазақ ел болып, жүрт болып көзге көрініп, аузыға ілінген емес. Өз алдына отау тіккен емес. Эр жүртқа қоңсы болып жүрген.

«Болат қожа» дейді, «Ақжол» дейді, скеуі бір кісінің аты. Өзінің шыны аты Жанаарыс екен. Жүрт алдында Ақжол аты қалған.

Ұлы жұз ұраны – «Бақтияр»

Кіши жұз ұраны – «Алдияр»

Орта жұз ұраны – «Ақжол».

Ескерту: - Естіген құлақтың жазығы жоқ. Мен естігемінді жазамын. Біліп жазуға тала-сым жоқ. Сөздің етірігіне наңба, келісіміне наң «Әтірігіне наңса болар, келістіріп айтушысы болса» деп - Әз Жәнібек айтқан екен.

Қазақтың сәмін еркін өз тізгіні өзіне тиіп тұрған кезде қатын керек болса, ногайлардың қыздарын еріксіз, сұраусыз алып кете берген-діктен ногай халық бұл құнғе шейін жек көріп кеткендігі сол дейді.

Қалмақ ежелден атасының асындаи болған. Соナン олжака үл түссе «кул» дейді қыз түссе «қүн» дейді.

Қазақтың қазақ болып, көзге түсіп, аузыға ілінгені осы Алашаханың хан болып тұрған кезі. Қазақтың басын қосып, біріктіріп, орын тентірген де Алашахан. Соナン бері «Алаш» ұранды қазақтардың баласы жанжал, үрыс-төбелес болса, «Алаш-алаш» деп айғай салса естіген қазақтан ес қалмайды.

Мұнан соң бұл қазаққа Асанқайғы хан болған [11]. Ол орныбын тіреп тұра алмаған. Бұл Сары-шірқапы көпір алады, моламды көпірдің аяғының иштінде қалдырмаймын деп, майды үш жыл ту кылып Жиделібайсынға ауып кеткен.

Соナン соң қазақ ногайлының ханы Әз Жәнібек ханға қараған. Ол қазақты өз заңына, бетімен жайылған қалпына жіберген.

Ұлы жұз Үйсін аға деп, Үйсіннен датқа сайлап Жаппастынан көтермелі /орынбасар/ сайлаган. Орга жүзеге аргын аға деп, аргыннан датқа сайлыш, Жаппастан оған датқа сайлап, найманнан оған көтермелі сайлаган. Кіши жұзеге Алышын аға деп Алышыннан датқа сайлап, Жаппастан оған көтермелі сайлаган. Қарап отырганда бір бос әнгіме шын-әтірігін құдайдан басқа білуіші жоқ. [12]

Әз Жәнібектің тоғыз ұлы болыпты. Оның бірі - Қасымхан. Бұл тракти Сарайшықтан көшіріп Үлытауға орнаттырған. Қазакты қатарға қосып кеткен осы Қасымхан. Қазақтың орта-сында «Қасымханың қасқа жолы» дөлінген соң үлті қасиет болып қалды. [13]

«Баласы Жәнібектің сәрдер Қасым,

Қазақтың біріктіріл, құран басын.

Осы жер ата қоңыс мекениң деп,

Найзамен сыйын кеткен шекарасын.»

Қасымхан алғен соң балалары баққа-такса тілласып, өзді-өзді жүлгисады. Ногай, өзбек, қалмақ үшсүз үш жактан жау болады. Әзара быттың болыңқырап, Қасымханың бел баласы Ақназар [14] хан көтеріпти. Ақназар қайраттың атын атапып, өзбек ханы Шибаниларды [15]

көтінен пыстырып, ноғай ханы Қошім ханды корғалатып, үйінен шыға алмастай қылады. Орыстың сол уақыттағы патшасы Иван Акна-зарға елші жіберіп жауласпайық сауда жасап, керуен жүргізіп туысайық - дейді. Акназар қазакты Қасымхан тұсындағы халіне түсірген.

Акназардан соң Шығай хан болып, бұл аналардай мықты болмай, осал болады. Бұдан кейін Шығайдың баласы - Тәуекел хан болады. Тәуекел өзбек хандарымен соғысып, оларға қатты сокы береді. Сарт [16] қазақпен соғысуга шыдай алмай олспірейді. Тәуекел хан Ташкент, Туркістан көшіріп, орданы Ташкент қылып тұрған.

Тәуекелден соң еңсегей бойлы Ер Есім хан болады. Өзі Түркістанда тұрып, Ташкентке Тұрсын ханды ие қылып қояды.

Сол күнде Иманқұл хан [17] деген өзбеккө хан болып, Бұхарапы билеп, еңсегей бойлы Есіммен үш рет соғысып, Туркстан, Ташкенді ала алмай жеңіліп қайта берген. Есімханнаң кейін қазак жудеубас болады. Ташкенин айырылып қалады.

Есімханнан кейін оның баласы «Салқам Жәнгірді» хан көтерген.

Бұл кезде қалмактың қоңтажысы күшідейді, қазакқа дамыл бермей, тыныштық көрестідейді. Қысқа күнге қырық шапқан. Соғыс болса қалмактың иші аса берген.

Жонғар женғен жерде қазакты тырп ете алмастай қылып, ойсыратып, шауып кете берген. Қазақ сондай қатты қырығынға ұшыраганнан кейін іле - шала қайтадан жиылып қалмақпен соғыса берген. Бақытты ханы жок, тайсалмас

Консайұлы М.Ж.

білірек жок, көп жаманың жиылып төбелессе бергенінен не енді?

Салқам Жәнгірден кейін Әз Тәуекел хан болады. Мұның езі ақылды болады. «Байсалды айғырдың үйрін ат жақтайты», дегендей, жиһіздік жақсы басқарады. «Қүлтебеде күнде кенес» осы Әз Тәуекел тұсында айтылған сез.

«Кері кеткен елдің кенесі көп болады», «Кедей елдің көш басшысы көп болады» сез де сол заманда айтылған болса керек. Тарихтың кітабарандар: 1643 жылдарда қалмақ дәүірлеп котерілді десседі [18]. 1743 жылдарда Шерин Ташкенді билеп тағын Ташкентге орнаткан десседі [19].

Қалмақ дәүірі котерілген кезде үлкен жүз Кожан шахқа, орта жуз Самарханға, кіші жуз Хиюага қарал кетті десседі.

«Ақтабан шұбырынды» орта жүздін басынан кешкен уақыға болса керек. Мелшермен есептесушілердің айтуына қарағанда, /1727 жылдар ма қалай/ Үлкен жуз Жонғарияға қаралғанды да, орта жуз жұттан жаудан қашып басып көпіп, босып ері жұтқа, ері жауға ұшырап қалған екен. Тамтығы Сарыарқаға келип қалған десседі. Бұлардан бұрын Арқада «Он скі қазылық ой түпніктеге» [20] наймандар бар екен десседі. Қанжығалы, Бәсентін бар екен десседі. Ауып жүдел келген ел наймандардың қырық биесін бір түнде сойып алышты. Наймандар бул қырық дың ерліліктерің болсын, езімізге рұқсат қылыңдар дег орғе қарай көпіп кетіпти. Жеті момын [21] отырып қалыпты. Бұларды шет пұшпақтап анық қылыпты. Зорлық жасамапты. Қанжығалы

Абый шомақтың қызын қолынан емес жолынан алғып, Қаз дауысты Қазбектің тұнғышы Қонайға қосынты. Шілдерті Бойындағы Қонай жастайынан өліп, Шілдерті өзенінің сағасына қойылты. Шілдерті бойындағы «Қонай» суының аты да «Қонай» атальпты. Қанжығалы, Бәсентійндер Баянаулаға келіп орынғылты. Сүйіндік келіп орынғылты. Сүйіндік келіп қоныстана бастаган соң, бұлар одан да сырғып Аққөл - Жайылмага [22] түсіп кетеді.

Атасының аты білінбей е兹 аты шыққан ерлер

Әүелі - Адам ата, оның атасының атын білуші жок, қайдан білсін. Перфый человек болып то-
птырактан жаратылды. Екінші - хазірет Fайса [1]
пайғамбар, оның атасының атын білуші жок,
қайдан білсін! Құдірет шеберлігін көрсөтү үшін,
он жасар қыздан атасын тұғызды. үшінші Қызыр
пайғамбардың атасының атын білуші жок Ата-
сы бар шығар, бірақ анық біліп сарт еткізіп ай-
тушы жок. Төртінші-Ескендір Әзілқарнайын [2],
атасының атын білуші жок. Бесінші - Шыңғыс
ханың атасының атын білуші жок [3]. Бағзы
бір ата білемін дегендер Есугей Баянадурден ба-
ласы дейді. Ол бекер Есугей/писугей/- қалмак.
Бір қалмақтың баласын осынша жүрт қалай
төбесіне көтереді. Стамбулдағы Османі нәсіл-
пен басқа, бұл Азияда, хандардың көбі Шыңғыс
нәсілінен. Россияда - граф, ноғайда - князь,
казакта тере бәрі Шыңғыс нәсілінен.

Есугей Баянадурден қыз туып, ол қыз он бес
жасқа жеткенде, отырған үйінің ішіне сағым

түсіп, сол сағымнан буаз болып, бір үл туыпты.
Ол бала он үш жаста жетімлікпен жиһан кезіп,
жыныра жеті жаста алла тағала бақталайын
оғысден арылтып, шұршітке хан болып жүріс
қылып, дүнін жүзін алып, Шыңғыс деп ат
ақанды. Мағынасы “хандардың ханы” деген сөз.
Соңдай атасыз құдайдың құдіретінің шеберлігі-
мен сағымнан пайда болғанына заманындағы
халықтың көзі жетіп, соның үшін, түкым -
түкымын жүрт басына көтеріп кетті. Кеше
әмір Темір көрген қанша жүртты алғанда, бұл
Шыңғыс нәсілінен болған хандарды өтіріргенде,
ориана сол Шыңғыс нәсілінен екінші біреуін
хан сайлап жүрді. Бул Шыңғыстан бері қараша
бір кітапта Мәшінүр болған хандар, - баршасы -
Шыңғыс ханының нәсілі. Дүниесін алған Батый -
Нұлғаудың немесе, заты қараған болғандықтан
әмір Темір қанша жүртты алса да, хан аталаған
жок. Жақсы көргендер: “әмір Темір көрген”, -
дейді. Жен көргендер: “Темірлің”, - дейді. Кім
болсын, ол болсын, жаман кісі болған жок. Жүрт
аузында аты қалды. Дүниеде қанша қылған
жақсылықтар қалды.

Алтынши - Алаша ханың атасының аты
жок. Жетінші - Асан қайғының атасының атын
білуші жок. Сегізінші - Жиренше шешениң ата-
сының атын білуші жок. Тоғызынши - Абылай
ханың [4] атасының атын білуші жок. Өз ба-
смына қойдырған тасында Абылай бин Сүйеніш
хан деп жазылты. Ол Сүйеніш қай жерге хан
болғанын, қайда жүріп хандық қылғанын ешкім
білмейді. Осындағы атасының атын адам білмей,
иты жүртқа шығып кеткен жандар көп болады.

Бағзы біреуден сұрасан, білмеймін деуді өлім есепті көреді де, бәріне де ата табады. Қыпшақ Қорлыбай бидің баласы Досболдан, атага жүйрік дегенмен күншығыс жұртының біреуі ата сұрапты. Сонда озинен Адам атага шейін сырғытып айта беріпті. Адам атага барғанда. “Адам атасы кім!” - дегендеге.

- Адам атасы - Арсалан! [5] - депті.

Естіп тұрган гауымдар.

- Жарықтың атага жүйрігі - ай! Адам атасың атасың атын да білең, - деген.

“Мұндай атага жүйрік жан тұмас”, - десіп, дүркір - ақ жөнеліпті. Ол кісінің айтуы:

- қазак, қалмак, қарақалпақ, естек, орыс - бәрі бір ағайынды екен. Ең кеңіксі - орыс екен. Баланың кішісі болған соң, еркелегіп басы ауырады деп, шашын алдырмаған екен. Шұметейі ауырады деп, кестірмеген екен. Сол себептен орыс жұртының шашын алдырмай, кестірусіз кеткені, - депті. Білімі жеткендікпен тауып айтты деп, бірсыпра жұрт үғып алғандыктан, жұрт аузында бұ да сез болып қалды.

Қазақ жұртында бір сез бар: “Ерден нәзір ти-мей, есек базарына деділ болуға жарамайды”, - десіп келеді. Оның мәнісі: кім - кім болса, әули-слердің жәрдемі тиіл, колдауымен кісі болады дегенге келтіреді және мұнысына орын табады. Әүлиңиз замандарда Бұгарай Шәріфтө бір хатиф әулие болған екен. Сол Бала, қылғанын рас па! - дегендеге, ол танбай мойнына алыпты. Сонан соң хатиф мұны:

- Бүгін маған беріп кетіндер, ертең қолда-рына берсейін, - деп, ақ таяқтарды алып қалып-

ты. Олар кеткен соң, хатиф қырық шілтінді туғелімен жинап алыпты.

- Бұғардың осы тұрган ханы олген соң, ор-ныңа хан сайлауға қолтықтап, қолдан жүрген кіслерінді маған қазір алып келіндер, көремін, - денті.

Сойтсе қырық шілтеннің он бесі сол тұрган ханың бір баласын қолтықтап, қолдан хан болуға осы лайықты десіп жүреді екен. Он төрті бір қазының баласын қолдан, хан болуға осы лайықты десіп жүреді екен. Енді қалған он бірі Әмір Темірді қолтықтап [6], қолдан, хан болуға осы лайықты десіп жүреді екен. Ол Әмір Темір оғы Самарқандың, қыпшақ Әміртагай деген ба-тырдың баласы екен. Бұгарада оку оқып жүрген күни екен.

Әуелі он бесі ханың баласын хатифқа алып келді. Хатиф ханың баласын оңаша алып:

- Мұнау отырган мениң жалғыз балам. Жа-ман іс қылып, езі мойнына алды. Осыған не буйімрасың! - дейді.

Ханың баласы:

- озініз білесіз де, тақсыр, - дейді.

- озім билген нәрсені сенен сұраймын ба! Кет көлім көрінбей, жоғал, шыққын-шыққын! - деп, куалап шығарады.

Оңа соң он төрті қазының баласын алып келді. Оны да оңаша алып, хан баласына айтқа-нилайдай айттып еді.

- Тақсыр, шаригат биліді де, - дейді.

- Шаригат жұмысын сенен сұраушы ма едім! Шаригат иесі сен бе едің! Отырма, жоғал! - деп, оны да күпші шығарады.

Сонан соң он бірі әмір Темірді алып келді, әлті екеуіне айтқан сөзді бастан аяқ бұған айтып еди.

— Сіздей жақсының баласы мұндаи істі қылған болса, өзі мойнына алса, атадан үл туса игі, ата жолын құса игі, ата жолын құмаса, барынан да жоғы игі. Мұның төресі - осы сез! - деп, ұшып тұра келіп, хатиғтың ілулы тұрган қылышын жалма-жан суырып алып, баланы көз желкісінен бір-ақ шауып, басын жерге түсірді дейді. Хатиғ:

— Африқ қолына, раҳмет сені тапқан қатынға! - деп, қырық шілтенді шақырып алып:

— Жай қолдарынды! Бер бұған баталарынды! Балам, аяғын жеткеніңше жүр, қолын жетүкеніңше тут. Дүниенің төрт бұрышын қарышта, бетіне жан келмесін - деп, бата берді дейді. Қырық шілтеннің он бесі мен он төртіне айтты:

— Сендердің адам болады, іске жарайды деңдердің күсы қурай екен. Біреу “өзің білесін”, - дейді. Ол адамның барып тұрган жаманы, ар жағында айтарлық дәнгемесі жоқ болған соң, өзің білесін”, - дей салады. Біреу адам деп гақылдасқан соң, тисе, алады, тимесе, сол жерде қалады. Екіншісі: “Шаригат біледі”, - дейді. Шаригат білетүғының кім білмейді. Оның да бетегесінде дәнгеме жоқтығы: өзі біреуге сүйенейін деп тұрган жасық, жұрт ұстауға жарай ма! “Би ғайратқа бағасы жоқ”, - деген. Міне, ғайратты ердің жұмысы халықта өлтір деп, өлтірді де салды. “Әмір Темірдің әмір Темір болып жүргені әулиелердің нөзірі түскен екен.

қырық шілтеп ғайып ерендер қолдаған екен”, - десіл келеді.

Дүниеде қылған еш ісінде салдырганы - мешіт, медіресе, шаһыныша, әулие, хазірет сұлтан Алғарғын қожа Ахмет Яссавиіның үстінен күмбез салдырган. Тащентте Зеңті ата деген үулисінің үстінен күмбез салдырган. Сонда ол екі күмбездің кірпішін Сауран деген жерден койдырган, өр екісіне жаяу кісі қаз-қатар тұра калып, бір қолдан бір қолга беріп кірпішін солай жеткізген... Бұғарат Шарифтың осы күнгі қорғанының әмір Темір салдырган. Һулагу заманында қазыхан хазіреттері фурант қылып келуі бойынша, Түркістан һәм қадимнен келе жаткан зор шаһар еді: бір шеті-Алатауда, бір иегі-Қаратауда. Осы кунде Сайрам сұнының күн бағасында: “Ат бұлағы” деген жер ат базары еді. Түркістанның күнбатысында “Теке сұзы” деген жер қой базары еді. “Қырық қақпалақ карашың” - атапын еді. Сол Түркістанды қарап қылып, быт-шыт қылып жіберген һулагу. Мұның зардағынан қондығір, құқан деген елден исламның шегесі, мұсылмандың паналайтын жері деп халифа жұртына ауып кетті. Ол заманда халифа Аббасияның /ғатбасия/ сарқыншагы серке /сірке/ жаяр сыйқылды сұлтан Ғұлаалдин халифа заманы еді. Ер Тоғырыл барып, қол басы болып, мүниш баласы Осман қазы қолбасы болып, ақырында сұлтан Ғұлаалдин елтеген соң, Осман қазы халифа болды. Сонан осы күнге шейін халифалық Осман қазы әулетінде қалды: Османия дег айтылатуғын себебі-бул. Бұл кісінің асыл нөсілі түркі жұртынан екендігіне Османия түркісі деген соз айғақ. [7]

Қазақ халқының қариялары: “Біз үш ханның баласымыз,- десіп сойлеіді. - Сейіл хан, Жайыл хан, Ел хан. Сейіл ханнан-сегіз арыс түрікпен. Жайылханнан Майқы, Майқыдан туған өзбек. Елден-Сыбан. Өзбектің үш баласы бар: үлкені - Мың, орташысы - Жұз, кішісінін аты - “Қырық”, - дейді. Сыбаннан Қазақ пenen Созақ. Созақ баласы - қарақалпақ. Қазақтан: Ақарыс, Жанаарыс, Бекарыс үш жұздін баласы: “қазақтың атасы осы ушеуі екен”, - деп айтысады. Ел ханының балалары - қондықер жұрты. Ол қайда десең, халифа қол астында “қондықердің ауыр колы” деп айтылатұғын бұрынғының сезінде бар емес пе дейді. Түрікмен/Түрікпен/дегениң мәнісі қондықер жұрты ауып кеткенде, бұлар мұнда қалғаны үшін, маңайындағы сарт-сауан: “Түрік менде!” - деп, “Түркілерден қалғандар”, - деп соナン түркімен атап кеткен деседі. “Маларыстаның ауызында, түрікпенің түбінде” деп айтылатұғыптың түрікпеннің жігіттері аса ер, мықты болып, басқа жұртқа мал сінірітпесе керек. Сол себептен түрікпеннің түбіндес деп сөйлесе керек деседі. Және қазақ жұрты ескіден бір сез сойлене, бұрынғы ногай, қазақ заманында десіп келеді. “Бұл ногай, қазақ демектің мәнісі немене?” - деп, қариялардан сұрасаң, “ногай, қазақ әүелде бір тұқымдас болған”, - дейді. Сол қазақпен тұқымы бірге болған ногайлар Қызлар ногайы, Орал тауындағы естек қырымпаш келе жатқан ногайлар - осылар дейді.

Онаң соң мынау қазандық Көшер ауылы, Мышар ауымыз дегендегер бұлар -татар. “Татар

көліна дәнeme түспесе бір нөрсөн сатар” деген соңдағы қашып, біз де ногаймыз десіп келеді.

Ер Едіге

Қазақ жұртынан Едіге [1] деген ер шықты.
Едіге деген ер екен,
Елдің қамын жер екен.
Ел шетіне жау келсе:
«Мен шығайын!»-дер екен.

Едіге деген ер екен,
Елдің қамын жер екен.
Озінен бір жасы үлкен болса,
«Газізім, сіз білесіз», - дер екен.

Едіге деген ер екен,
Елдің қамын жер екен.
Озінен бір жасы кіши болса,
«Ботам, сен тұра тұр.
Мен айтайын».- дер екен.

«Едіге деген ер дүрмін,
Үзілмес жібек кеноңдымін.
Олі білмегенге,
Білгеннің тілін алмаганга-
Емменен шоқтар шекесіне
Шың еткізетүшін мен дүрмін».- дейді екен.

Алтыннан шүмелі, күмістен тубегі бар бесікті жатқан бала күнінде біреу тауып алып, Түркістанда Тоқтамыс [2] ханға апарып беріп, соナン Тоқтамыс асырап, асық ойнап жүрген бала күнінде ол Тоқтамыстың берген төресін бұза берген екен.

Мұның әңгімесі қазакта бір үлкен кітап еді. Бұл күнде есke сөзді жұрт ұмытып, тындаушы жоқтығынан айтуши азайып кетті. Бір бұзған төресін сойлайтік. Тоқтамыс заманында бір адамның жеті баласы бар екен. Өзі өліп, жалғыз ешкісі қалып, жеті баласы қалыпты. Сонда тірі жүрген ешкіні тірдей жетеуі үлесіп алып, мешіктесіпти. Басын біреуі алышты. Екі көзін біреуі алышты. Төрт аяғын төртеуі алышты. Өзге денесін біреуі алышты. Сонда бұл ешкінің ең кенжесіне тиген артқы аяғының біреуі скен. Сол кенженін сыйбагасына тиген аяғы аксан, оған бұрыш, tottyaiyin салып, шүберек орап қойса, сол шүберек біреудің шығарып тастанған күлін басуменен, ішінде қалған оттан тустанып, соナン барып, біреудің егінінә жайылып тустанған шүберектен от алып, егін өртепең кетіп, егін иесі жетеуімен дауласып, Тоқтамысқа келсе, Тоқтамыс хан шүберек орағанды кінәлі қылым, егінін толеуін жалғыз соған бүйірліпти. Ол бейшара зарлап, ботадай боздал келе жатқан соң, асық ойнат жүрген Едігे сұрапты. Соナン ол бастан-аяқ әңгімесін айтқан соң, жетеуін бірдей шакырып алып:

— Хан мұның төресін білмей берген екен. Мұның төресі ол емес, минаяу: бас бастамаса, көз көрмесе, сау үш аяқ жүрмессе, өзі жүргуге жарамай қалған, көтеріп жүрген ақсақ аяқ қайда барады? Мұның толеуіне бұл кіпәлі емес. Бастайтұғын бас иесі, көретүғын көз иесі, жүретүғын сау үш аяқ иесі - солар кінәлі (ви новат), - дейді.

Мұны бұлар қайта Тоқтамыс ханға барып айттып, жұрт бұл сөзді қостапты. Неше жерден

Тоқтамыстың төресін бұзып, торе бере берген-исі, Тоқтамыс хан қиянат қылып, сол қиянатын сезіп, қашып кетіп, ақырында айналып келіп Тоқтамыс ханды шапқанда, Тоқтамыс қашып, жалғыз баласы Нұралыны:

— Осыны өлтірмей қайтпа!- деп, сонына салып жіберіп, бірқопаның ішіне жалаң аяқ кіріп кеткенде, аяғын қамыс жарапал, сол қанаған қашып ізімен барып тауып өлтірген. Сонда Нұралы кетеріндегі: «Тоқтамыстың бір қызын магаң қой!»- деп, әкесіне тапсырып кеткен екен. Тоқтамыстың ханымы мұны естіп, әкелі-балалы екеуін араз қызу үшін, сол қызды жасап түрлестіп, Едігениң өзін қызықтырып:

— Бала сіздій болғанша, неше қыз табылмайды?! Бұл менің балам, өзіңізге лайық бала!- деп, қызын Едігеге қосып.

Соナン Нұралы қайтып келгенде, езі меншік-теп кеткен қызды әкесінің алып қойғанына оқишелеп, әкесін керек қылмай, тастанап кетіп қалған. Сол Тоқтамыстың елін шапқанда, Тоқтамыстың бір күні жаңа босанып, еркек бала тауып жатыр екен. Жана туып жатқан жас нөрестені аяп, бір құла бие берген екен: «Сүтін шыуп ішіп, балаңды асыра»,- деп. Сол бала ер жетіп, Кейкуят атаниы, ат арқасына мінгенді, Тоқтамыстың қанын іздеп, Едігеге қарай бет анып жүрді дейді. Едігениң қартайған кезі екен. Кейкуят карсы шырап, каруласайын дегендеге, Едігеге айтқан екен:

Құлық тұган құлаша
Ат боларын білмейдім.
Күннен тұган Кейкуят

Жат боларын білмедім.
 Күлкін тұган құлаша
 Ат боларын білгенде,
 Күннен тұган Кейқуат
 Жат боларын білгенде,
 Ноқтада басын кеспес не ем?
 Жөргекте козін теспес не ем?! - деген
 екен.

Сонан сон Кейқуат:

- Мен туып жатқанда: «Баланды асыра»- деп, кұла бисін беріп кеткен жақсылығын бар еді. Сол үшін саған кару жұмсамайын. Қатын болсан, күле-күле жүрерсін. Ер болсан, шабыннан жарылып елерсін! - деп, жүре беріпти.

Сонан сон Едіг:

- Эй, бөрекелді! Әттеген-ай, сол шаранага былғанып жатқанда, мұнын көзін жоғалтып кетссем, маған бұл тосу болмас еди-ау! Осы сезін еткізіп кеткені үрганнан жаман болды-ау! - деп, құса болып жарылып еліпти.

Нұралы қатын алып, балалы болған екен. Сонда Нұралының келіншегі жас баланы бесікке бөлегендеге, жөргегінің арасына шенгел төсеп боледі дейді. Бала шырылдан тан атқанша жылап шығады дейді. Сонда Нұралы:

- Бала неге жылай береді?- деп сұраса,
 - Жөргегінде тікенек ол-пұл бар шығар. Сонан тынышсызданып жылайтуғын шығар,- дейді екен.

Онда Нұралы айтады екен:

- Жөргегін тазалап, тікенек, ол-пұлын арылтып, неге бөлемейсін?- деп.

Онда келіншегі айтады екен:

Консайұлы М.Ж.

- Уай, тәйірі-ай, әкес Едігедей-ақ болар, бала Нұралыдай-ақ болар. Нұралы Едігеге не көрсетті? Бұл саған не көрсөтер дейсін?!- дейді екен.

Мұны келіншегінен естіген соң, Нұралыға ой үтсіп, аттанып, Кейқуаттан барып әкесінің кетін алды дейді.

Едігениң өзінің тұрак қылған жері Ұлытау, Қинітау екен. Өзі тірісінде осиет қылған екен:

- Мен қашан өлсем, сүйегімді Қаратудың Мыңжылдық деген тауының түбіндегі Созак деген корғанының күнбатысында Бабай тұкті Шашты Ғазиз (Әзіз) атам бар, соның қасына апарып қойындар,- деп.

Сол осиеті бойынша, ер Едігениң сүйегі сол жерге койылған екен.

Бұл сөзді кеше Жалан аяқ Ашдұр айтып, ол кісі де өзін сол жерге қойдырған екен.

Еңсегей бойлы ер Есімнен

Еңсегей бойлы ер Есімнен Салқам Жәнгір. Салқам Жәнгірден ез Тәуке. Әз Тәукеден Болат хан. Болат ханнан: Әбілмәмбет, Сәмеке. Салқам Жәнгірдің бір катынышан Үәлі Балқы жалғыз, Мұнан Қанішер Абылай жалғыз. Қанішер Абылайдан Көркем Үәлі жалғыз. Мұнан Әбілмәнсұр жалғыз. Әз Тәукенің болып тұрган күнінде баққа таласып, таққа таласып, өз тұқымынан көн жаннның қанын үрттап, Қанішер Абылай атаған. Үргеншіде нағашысы Қайын ханнның қоластына қашып кеткен. Абылайдың әкесінің аты Сүйініш қожаның әкесі Әбілфейіз.

Ақтабан шұбырынды, алқакөл – сұлама

Жұттан, жаудан басып алып қашқан елдін жаяу шұбырган шұбырындың аппак сүрлеу болып, табандары таздың басында жалтырап қалады екен. Жатқанда алқа қотан айнала жатады екен. Семіздерін ортасына алып қорғап жатады екен. Басқа бетен жат рулар үрлап сойып жеп коя ма деп. Тобықты Әнест бабаңың [I] төбе басында қалғандығы, он үлді Тілеуімбеттің [2] қырылып, жойылғандығынан еді. Сол күндерді қалай ұмытарсын. [3]

Бір жігіт он бес ауылды асырауга жарады. Бір кокала бие он бес ауылды асырауга жарады. Кекала биенің иесі айдалаға елсізге апарды, оның бүтінан шелек айырмай сауып, сүйретпемен сүтін үйге екеліп сабаға күйіп он бес ауылды тарықтырмады дейді.

Бір күн елсізде биесін сауып отырса, альстан төрт атты кісі тұп-тұра келе жатыр еді: тұрып кетейін десе иш түрган биесінін сүті жерге саулап ағып кететүғын, тұрмайын десе ана кіслер келіп қалатын. Қайтеріп білмей сасыпты. Жұдырықтай тасты жерден алып «Көз болсаң қонекке, тіл болсан тасқа» сүттін ішіне тастай беріп қонекті бетін жаба қояды.

Төрт кісі келіп: Мана біз көрінгенен кейін биенің бүтінда отырдын, сауып отыр ма едін, жок үйлектап отыр ма едін? - деді.

– Не сауып отырайын, езінің бетен кісі көрсө имейтін жаман мінезі бар еді. Сендер көрінгенен кейін имей қойды. Бис иір ме екен, - деп отырмын, - деді.

Конейұлы М.Ж.

– Босе, солай гой, ейттегенде біз көрінгенен бери сауып отырган болсан, ендігі озен болып атын жатарлық болды, - деп жүре беріпті. Олар кетісімен сүтті сүйретпеге құйса қонек түбіндегі жұдырықтай тас төрт болініп кеткен екен дәйді.

«Адам тілі тас жарады, тас жармаса бас жаралы» деген сөз осындандаған қалған көрінеді.

«Сөз сөзден туады» дегенге дәл келеді. Шоң, Торайтыр билер және Тайкелтір бидін Орік деген тоқалынат тұған Отеп сакау бар. Торайғырдың атшысы ыстық мұрт Ерсары бар [II]. Қаракесекке бітімге бара жатып қоналқага бір ауылға жақындаған қалғанда кісінің басындағы бір ақ тас көреді. Доп-домалақ жып-жылтыр. Қорған соң айнала тұра қалып тамашаласып, бірнеше бірі алып, көріп таңданады да, жондеріне жүре береді. Ауылға барып қоныпты. Бір-екі кокала бас ботаны, бір-екі кара бас марқаны тамаша қылыш таңданысыпты. Бұлар аттағанша бога да, марқа да пышаққа ілініпті. Соңан бұлар шілдегі қылыштыпты. Мына екі ботаны да, мына екі марқаны да біздің көзімізше атып жықты. Кешегі тас қайтты десті. Ауылдан аттанған соң срібей, жалықпай, әдейі тасты барып қараса, ортасынан қақ жарылып қалған екен.

Ақтабан шұбырынды

Қазақтың ең алғаш көрген жұты- Ақтабан шұбырынды. Алқакөл сұлама. Ол жұтта Алтай Қалықығалы Бістек байдың жылқысын бағып ламан шықкан. Күннің сұзықтығынан тайынша-

нын маңдайы қарс айрылған, киіз үйдегі шойып қазандар қақ жарылған.

Опан соңғы көргең жұты - мешін жылы, оған биыл жетпіс бір жыл. Атығай, Қарауыл жутаган - жылқы жылы. Ол жұттың атын - «Бозайғыр» дег атаған, оған биыл алтып бір жыл.

Абылай хан дәүірі

Абылайдың көзге түсі. Жиырмага жетпеген жас Абылай хан [1] қасында Оразаулық деген сарт жолдасы бар, Еслі бойында Атығай, Қарауыл деген елге келіп, Дәүлестелді байдың жылқысын бағып, жылқышы болып жүріпті.

- Атын кім?- дег сұрағанға:
- Атын Сабалақ! - депті. Бай бәйбішесіне айтыпты:

- Өзге жалшыдай көрме, мұны, күте ғөр! Бойында қасиеті бар екен. «Қалайша?»- десен, алты күн, алты түн аш жүрсө де, өз қолымен бір ас қүйіп ішпейді. Және жарты аяқ ас ішсе де, сарқытын біреуге бермей, ішпейді. Және жергे бір отырмайды. Дәнeme таба алмаса, киімін шешіп, астына салып отырады. Және түзге отырғанда, үргашыдан да ибаль, бір қырдын астына барып отырады, не болмаса, киімін басына бүркеніп отырады. Және өзі үйшітап жатқанда, үсті жап-жарық болып тұрады, жаңып тұрган шам шырағы болса керек!- дейді екен.

Сол уақытта қазақтың жылқысын тұп көтере Қара қалмак Қатысъбан деген жау алыпты. Қазақ: «Қыл қүйірқі!»- дег, көтеріле атташыпты. Қаракерей Қабанбай [2], Қашкығалы Бөгөнбай [3], Қаз дауысты Қазыбек [4], Шакшиақутлы Жони-

бек [5], Қојқарлы қоқжал Барак [6], Шанышқызы Үердікожа [7], Сырым Малайсары [8], Керсі, Үақташ шықкан Сары, Баян [9], - бәрі аттанып, қалмақка барса, қалмақ шеп құрып, айналасын қорғаң қылып, шептің аузына жайнатып жасау тогін, қыз-келиниек қойып, қазақтың батырларым жасауға қызығып шапса, ар жағында бұғып жатқан мергендері атып тастап, қалмақ қазаққа айдармапты. Неше күн жатып, «сасық қамал» болып, қалмақтан жылқысын айыра алмай, «сасым суға кетіп», қайтпақсы болыпты.

Сонда жылқының сонынан қалмай құған жылқынылардың бірі Сабалақ қазақтың қайтарына көз жеткен сон, көптен онаша шығып, атынан түсін, шүберек белбесуін құрығының басына байлаپ, ту қылып, қалмақтың қамалына: «Абылай!» дег, жалғыз барып кіріп кетті дейді.

Құданын құдіретінін шеберлігінің тамашасы - өзіне атса, оқ өттейді, шапса, қылыш оттейді. «Кірген жерін - есік, шықкан жерін тессік» қылып, жападан-жалғыз өзі қалмақтың қамалын бұзып, жылқының жусау тезегіндегі тоңырлатып тастанған сон, қазақтың батырлары түс-түсінан кіріп, қалмақты жәбір-жесір қылышпіп, шауып, талап, шаш етектен олжалаға қарық (гарық) болысып қайтысыпты.

Жауды жені, қоңылдері тұнған сон, Аргын, Иінманнның батырлары:

- Кеше бізден айттылмаған аруақ, шақырылған үран қалған жоқ, бәрі дәңемеге жарамады. Бұл өзі жалғыз болса да, тегі, заты кім екені белгісіз болса да, бәрімізден бак талайы жоғары, аруағы күшті екен! Бұрынғының сөзі бар еді:

«Кой асығы деме, қолайына жакса, сақа қой!»
— деп еди. Кел, осыны хан көтерелік!-деп, әу десіп, Атыгай Есеманам байдың еркесіне алып келіп, ақ отау көтеріп, алты қатын алып беріп, ақ күгізге салып, хан көтерген екен.

Тобылбай бидін баласы Арыстан ақын қолға түскенде, Кепссары ханга айтқан:

Кене хан, жақсы корсөң, қараышыңмын,
Жек көргенмен, езіңің алашыңмын!

Атана алты қатын алып берген-

Атыгай, Қарауылдың баласымын!- деп, сонда өзін өлтірткелі отырған Кене хан козіпін жасып төгіп-төгіп жіберіп:

— Батыр, қалағанынды ал!- деп, астына ат, жетегіне түйе, мойнына берен мылтық, қасына отыз жігіт жолдас беріп, еліне алып барғызып салған екен.

Абылай ханының қазаққа алғаш хан болған жері - осы. Өзі өлтөнше, өмірі қартайғанша тұрағы Кекшетауда болған. Ол сөз де Арыстан ақынның өлеңінде бар:

*Қылады Макаржиде байлар сауда,
Топ бұзар батыр жігіт қалың жсауда.
Сұрасаң Абылайдың түрган жерін,
Хан болды қырық сегіз жыл Кекшетауда.*

Бұл Сарыарқаны бұрынғы уақытта Ногайлы билеп-тестеп, қоныс қылған екен. «Он сан Ногай болғанда, Ормамбет би өлтепде, сол Ормамбеттің елі бір алаша тайдан бүлініпті!»- деген сөз бар. Соナン соң қалмақ билеп-тестеп, мекси қылған екеп. Қарақалмақ Қатысыбан қоңта жының түсында: «Он сан Оймауыт, тогыз сан Торғауыт, Аюкенін ауыр қолы» - атанған түста,

құба қалмақтың ханы Қалдан Шерін түсында, қалмақтың күтын қашырып, Сарыарқадан аудырган, басына қара қаи жаудырган Абылай хан екен. Абылай заманында сүрген дәуренді Қатакбайдың баласы - Абылайдан бұрын Адам Атага шейін көрген емес, Абылайдан соң бұл заманғаша көрген емес.

Галамда он сегіз мың жасан болыпты,
Бұл созім білгендерге таң болыпты.

Жігіттер, құлак қойын тыңдасаныз,
Қазақта Абылайдай хан болыпты!

деп, елеңге шықкан Абылай-осы.

Қазақ жұртында мақал болып калды: «Ан алмайтын жаман құс - ат еңбегі, Абылайдан басқа төре - ет еңбегі!»- деп.

Абылайдың тұтқын болуы

Қалдан Шеріннің Сөру деген інісін жорықта кет болып, Абылай өлтірген екен. Қалмақтан шықкан Сына батыр Қалдан Шеріннен қашып, Абылайға келіп қорғалған екен.

— Кісімді өзіме қайырып берсін!- дегенде, Абылай:

— Қолынан келгенін менен аямасын!- деп, бермей қалған екен.

Бұл туралы Қалдан Шерін қалмақтың езінен басқа контажысы болсын, Аюке болсын, - бар-шисына ат шаптырып, «Сүзекінің Қолы» деген қол аттандырыпты.

— Коктің астында, жердің үстінде Абылай бар болса, қоймасын, үстап алындар!- деп, және қалмақтың жайсандарына жарлық беріпти.- Абы-

лайды тірі ұстап алып келгендерің Аюкенің қызынан туған Топыш сұлуды қалың малсыз беремін! - деп.

Кекшетауда бүркіт салып жүргенінде, қалмақтың бір жайсаны Абылайды ұстап алып кетіпті, жанындағы жолдастары білмей қалыпты. «Абылайды тірі ұстап, алып келе жатыр!» - деген сон, Қалдан Шерін жарлық қылышты:

- Абылайды маған көрсептей, жеті күн, жеті түн зынданға салындар, ас-су бермендер, аш сактаңдар! Сегізінші күн зынданнан шығарып, айдалаға бір акбоз үй тігіп, соның ішіне жалғыз қойындар да, бір аяқ қара суға тобықтай тоң май салып, алып барып, қолына ұстата қойындар! Тобықтай тоң май қара суға ерімес. Үрттап жіберейін десе, аузына бармас. Қара болса, аяқтарғы суға қолын салып жіберіп, майды аузына бір-ак қағып кояр. Егер аксүйек болса, аштан еліп бара жатса да, майды керек қылmas! Мұны осылайша сыйнайық, - дейді.

Ханының айтқан жарлығын айтқанынша қылып, зынданға салып, сегізінші күн легенде, акбоз үйдің ішіне жападан-жалғыз отырғызып қойып, бір аяқ қара суды ішіне тобықтай тоң май салып, апарып қолына ұстатты.

Абылай суды ішіп еді, май не ерімеді, не аузына бармады.

- Үрсем, кетпейтүғын неме едін, өпкемен, келетүғын емессін ғой! - деп, қолындаға аякты, - Бар ендеше! - деп, аспанға бір-ак атты дейді.

Көріп тұрган жігіт -желендер Қалдан Шерінге айта барды дейді.

- Мұның затында бір асылдық бар қу експ ғой! - дейді.

Конейұлы М.Ж.

- Енді бір торт жендет жалаңаш қылыш алып: «Ханнан жарлық болды, қарадан жабдық болды, сіздің меймананыз толды. Құдайдың сізге бүйрұқты жазуы осы болды!» - деп, қылышпен шабуга дүрссе қоя беріпцер! Біреуінің астына тығызып, басын көрттаса, шауып, елтіріп тастаңдар! Егер сарқасқа текшесе қасқайғанин қасқайып отырып қалса, шаппанцар! Тағы қайтып келіндер, ис корғандерінді айтып келіндер! - дейді.

Қалдан Шерінің айтқанын түтег орнына келтіріп, жендеттер жетіп барғанда, қаперіне дәнесме келтірмesten, қабагын қағып, жасқан-баста отыра берді дейді.

- Жүргөті тас па, мұйиз бе, түсі де қашпады! - десіп, айттысын келді дейді. Қалдан Шерін тоқсан саркардасын жиып, бәрін езінен артық жасап кийніріп, бір үйдің іші лық тола катарап отырып, езі орнында отырмай, көп саркарданың бірі есепті болып, бұлардын арасына кіріп отырды да:

- Абылайды осы үйге шақырып келіндер, сіңқайсын қағылып, орын бермендер! Қара болса: «Бос жер - босага ғой!» - деп, босаганың қасына, оттын басына, бала құнделгі отырып исекін жеріне отыра кетер! Ақсүйек болса, баса коктей жогары етіп, төрден отырып, мені айттай тапып, сұрамай билер! - дейді.

Бұлар мұнда ретін түзеп отырысып, Абылайды шақырып келіп, үйге кіргізгенде, жан-жатында жалтақтап қарамастаң, тақтың үсті бос тұрганың коріп, тұпа-тура барып, таққа миіп, Қалдан Шерінің отыратүғын орнына отырды.

Ол тақтың үстінде қалмақтың табынатұғын тасы, хандарының Құдай деп сыйынатұғын күш болады екен де, оның қақ қасында Қалдан Шеріннің орны болады екен. Қалмақтар Құдай болмысының қасына отырганын ауырлап:

— Ол жерге неге отырасың?— деп, қауқылдасты.

— Бұл орын Қалдан Шеріндікі еді. Оның құты қаштасы да, мениң арағым басты да, өз орнында өзі отыра алмай, босып кетті. Енді бұл жерге мен отырмадаңда, шайтан отыра ма?— дейді.

Қалмақтар біріс-бірі қарасып:

— Бұл сөзге не айтамыз? «Сөз тапқанға қолқа жоқ»— деген осы екен-ау!- десті.

Сонда Қалдан Шерін өзін танып қойғанын біліп:

— Үа, Абылай, Сәру қайда?— дейді.

— Жақ тартушы көп болды, жаман аты бізде қалдады!— дейді. Екінші қабат Қалдан Шерін жөн сұрады:

— Сәру қайда?— деп.

— Сәрүмін деп Сәру айтпады, кеспеймін дсп, қар айтпады, — дейді.

Үшінші мәрте жөн сұрады:

— Сәру қайда? — дейді.

— Қорінбеген Сәруді іздегенше, көрініп тұрган езінді ізде!— деді.

Қалдан Шерін саркардаларына:

— Бұл не деген?— дейді.

— Өзің қарал отырып, тағыннан айрылып қалдың. Осы күнде тақ үстінде мен отырмын да, көп қара бұқараның бірі есепті сен отырсың. Осы сағатында басынды алдырсам, кім мениң

алыма шығады? «Жарлық менде, жабдық сенде болды!» деген сөзі десті,- дейді.

Сонда Қалдан Шерін Абылайды пенде қылыш алдырганына, сынаймын деп орнына шыгарып алғандағына пұшайман болып, ұшып түрекеліп, Абылайдың келіп қолын ұстап, жарасып, елдесіп, Топыш сұлуды Абылайға беріп, қызақтан не заманда олжака түскен, есіп-өнген бірталай жанды азат есепті қылыш, Абылайға қосып, рұлы ел қылыш, көшіріп қайтарған екен. Осы күнде белгілі ата жок: «Кімсін?»— дессе, «Төлеңгітпіз»—дайтұғындар - солардың тұқымы.

Қалмақ жұрты Қалдан Шеріннің бұл қылышын ұнаттай: «Топыш сұлуды өзіміздің біреуімізге бермей, Абылайға берді! — деп, араз болысып, ақырында қалмақ Қалдан Шеріндегі ханыны өздері олтірген.

Қалдан Шеріннің ханымы- Карабас ханым, онған тұған Айжан жалғыз. Экесінің орнына соны сайлап, үш жылға жеткізбей, екі көзінен айырып, соқыр қылыш, қаңғытып қоя берген. Люкенің қызынан тұған: Қырғын, Күш деген екі біла Абылайды жездे көріп, Топыш ханымды ана көріп, бірнеше үй өздеріне ерген қалмақ-нен Абылайға келген. Сонан соң қалмақ бүлінген, ақырында шұршітке қарай ауып кетіп бара жатқанда, балалары жылағанда, айтады дейді:

— Қу, мұрдар, неге жылақсың,
Сорқара, Сортың бар ма?
Сөрекен жайған етің бар ма,
Көнек, Долагайың бар ма,

Көнекте тұрған қымызың бар ма?!. - десседі дейді.

«Сорқара, Сорты» - деген, «Конек, Долағай» - деген Сарыарқаның сауырысы, шебі шүйгін жерлері болса керек.

Абылай тұсындағы заң-жоралғылар

Абылай ханның хан болып, дәүірі жүріп тұрғанда, құнга кесім қылдырган, тамам талас сөздің үстінен қаратып, бітім айтқызып билік қылдыратуғын Баян Құлік Шобалай баласы Жаңа батыр би екен. Бұл кісінің құнға қылған кесімі: қара құн-жұз жылқы, он екі жақсы. Сүйек құны - елу жылқы, алты жақсы. Өнер құны - тоқал құн болады, тоғыз жақсы. Жақсы дегеннің басы - жетім, қалы кілем, кара нар, мылтық сондаймен тоғыз болады. Ұргашының құны, еркектің бір көзінің құны: елу жылқы, алты жақсы.

Аттын қүйрығын кескен үрыга бір жылғаша билік айтпайды екен, босага құзеттіреді екен. Босага құзеттірғеннің мәнісі, сол атының қүйрығы кесілген үйден бір жылғаша кісі өлсі, ат қүйрығын кескен үрыга кісі құнын тарттырады екен. Шілдер үрлаған үрыга, шілдері қайыс болса, уш атқа уш балағын салып, уш ат үзін кете алмаса, үрыга уш ат айып салады екен. Біреудін малын үрлап жеп қойған болса, ол үрінің мойнына арқан салып, мал иесінің қолына береді екен. Мал иелері атқа мінеді алып, тақымына салып сүйрей жонеледі екен. Өлшеулі жер болады екен. Мерзімді соган шың тартылсын деп бүйрек қылады екен. Бірінен

соң бір кезекпенен уш кісі уш басқа тартады екен. Өлсе, өліп кетеді, өлмесе, өлмей қалғанды салауат деп қоя береді екен. Солай тартқанда адамның мойныны жарты кез үзарып кетеді екен дейді. Ойнас қылғанды, мойнынан арқан тағып, қырық қысырактың құйрығына байлап қоя береді екен. Сонаң соң жылқы үркіп сүйретіп, быт-пыйт қылып өлтіреді екен.

Бұрынғы уақытта өрнекті хан, үлгілі билердің тұсында барымта бар екен, үрлых қатымен әкім екен. Ел шауып, олжалап, қызы болсын, катыш болсын агады екен. Ойнас деген нәрсесін ғимбейді екен. Мұндай жамандық қылғанды кара есекке теріс мінгізіп, мойнына қырым кініз ілдіріп, акырында барып, мойнына арқан тағумсын өлтіреді екен. Бір тоқтының дауы болса, бір тап ел түгелімен атқа мінеді екен. Тайлы-таяғына шейін қалмай шынға жүреді екен. Өтірікке жүрмейді екен. Оナン соң бұлардың дауыларынан шыққандығының айбын деп.

Сонда үры мойнына алмаса, көрген білген ешкім жок болса, жанға салады екен. Жан берсін, жан бермессе үры болсын дейді екен. Соңда мал иесі ел ішінен үры шыққан таптан бір адал сенімді кісісін үстайды екен. Онда ол жанға үсталған кісі өз руынан уш сенімді кісіге жабысады екен: “Менің алдында поленшес мен түгенишке жүрсін, - деп, - сонда шығамын, өйтпесе шықпаймын”, - деп. Егер де сол тоқтыдан

мал иесінің үры деп жабысқан кісісі ақ болып, шындығы білініп адалдыққа айналса, шын көзі жеткен соң үры деп өлтіруге бермейді екен. Жанга ұсталған кісіні тірідей арулап жуып, ақ кигізге орап моланы үш айналдырауды екен. Алдыңда пәленшің жұрсін, түгениң жұрсін деген кісілері алдында солар жүрерді екен. Жанга өтулерінің үлгі-өрнегі осылай болады екен.

Бұл заманда қозы жауын, кой бұтты, қуық басты, үрген қарын сықылды домаланған билер жанға салған болады. Мешітке кіріп, аят оқып жан бердейді. Ант айттыратұғын молла жиырта тиын күміс жан садағасы деп береді: “Тақсыр, жегенниң ішінде езіміз де бар едік. Бұл заманда кемдігін кім беріп жатыр деп жүре береді.

Қазыбек би елшілігі

Абылай хан қазаққа хан болып тұрған күнде Қалдан Шерінгे елші жіберген екен. Сонда Қалдан Шерін ханымы Қарабас ханымға:

— Қазақтан елшілікке келгендерді арапал кіріп, ішінде бітім алып қайтуға тұрарлық кісісі болса, сынап, маган алып кел! Бітім алып қайтуға тұрарлық кісісі жоқ болса, мені көрсетпей, қайтырып жіберіңдер! Жөні тұзу, сөз білерлік біреуін жіберсін! - деп, - деген соң.

Қарабас ханым торт кісінің таңдал, Қалдан Шерінгे алып барды дейді: Бірі - Қаз дауысты Қазыбек, бірі - Айдабол баласы Тайкелтір би, бірі - Балта керей Тұрсынбай, бірі - Шар жетім Шакшак Жәнібек.

Сонда Қалдан Шерін ханымынан сұрапты:

Бұларды не сынмен алып келдін?- деп. Сонда Қарабас ханым айтты дейді:

— Мынау отырган Қазыбек үйіктағанда, екі копын екі жаққа, екі аяғын екі жаққа жіберіп, көрсін тестіктей жатады екен. Оның мәнісі, дүниелің торт бүрышын тіреп тутған үлгісі. Қара бакайына шеін күт екен, елгенде, арулған жерін басып еткен ел бай болар!- дейді. - Мынау отырган Тайкелтір кішкесе тілінің үшін екі айырыла біткен екен. Өнері қара санынни келеді екен. Айыр комей, темір жақтың өзі екен. Екі жақты, бір тілдіге сөз бермейтінің өзі екін дейді- дейді. - Мынау отырган- Балта керей Тұрсынбай құлагы жок шұнақ, құйрығы жоқ шишақ екен. Ерлігінен де міні жоқ, сібектілігінен де міні жоқ. Жалғыз-ақ айыбы жауы желессілде екен, онан басқа корқар нәрсесі болмаса шерек дейді,-дейді. -Мынау отырган Жәнібек, екі аякты, бір бастының сырттаны екен, өзінің әккіншілері бар екен. Күніндегі ынырағының отқа ғалып, бакайшағының майын шағатуғын осы екен дейді,-дейді.

Сонда Қалдан Шерін:

— Мұны осы жерде өлтіріп тастасақ болмай ма?- дейді. Сонда ханымы айтты дейді:

— «Ханың ақылы баланың шеметейімен бір мәс»- деген осы екен-ау. «Қазақ, Қалмактың шашынштығы болсын!- деп, - елші жіберсін!»- дейсін. «Келген елшіні өлтірсек, қайдеді?»- дейсін. Осы отырган төртеуі дүниесін торт тиреуі сықылды кісі емес пе?! «Атса, мылтық отпейтүғын; шалса, қылыш отпейтүғын; отка салса, күймейтүғын; суга салса, батпайтүғын»- деп, осында жандарды айтады депті,- дейді.

Қалдан Шерін сонда бул төртеуіне, ер басына тоқсан жессірді долгсыз берген екен. Бұрын қазақ, қалмақ арасында шабыншылыктарда түскендерді май беріп, сатып алады екен. Бұл жолы бұлар сатуысы алып кайтты дейді. Сонда бір келіншек қатын Қазыбекке:

— Би агалар-ау, мен қалып барамын!- деген соң, Қазыбек Қалдан Шеріннен сұрап алған екен дейді.

Жәнібек батырдың түсін Абылайдың жоруы

Абылай хан Қара қалмақ Қатысыбанға қол жиып, шеру тартып бағранда, қалмақтың хана Абылайға кісі салды дейді:

— Абылай мен екеуміздің таласымыз дін емес, дүниеғой. Дүние үшін жұрттымызды қырылыштырмайық. Мен жекпе-жекке езіме қараған қалмақтан бір сырттан тауып шыгарайын, Абылай да езіне қараған қазақтан (слінен): «Осы сырттан-ау!»- деген біреуін таңдал шыгарсын! Менің кісім Абылайдың шыгарған кісісін күші асып, өлтіріп кетсе, мaldan, жаннан Абылай безіп шықсын, біз олжа қылайық. Абылайдың кісісі менің кісімді күші асып, өлтіріп кетсе, мaldan, жаннан қол жуып, екі қолды төбесе қойып, біз шығалық, Абылай олжа қылсын! Уағда осы болсын!- деп.

Абылай хан:

— Жарайды, болса, болсын!- депті.

Қалмақтың бұрыннан белгілі бір сырттана бар екен, жолбарысты құйрығынан ұстан алып лактырады екен және жерге бір-ак қойып

олтіретүғын күші бар екен. Абылайда өйтіп сминалған белгілі сырттан жоқ екен. Өзінің сыйнауы бойынша, Шақшақ немересі Жәнібекті шыгармақ болды дейді. Жәнібектің туган шешесі Есім хан олтіретүғын Тұрсын ханының қызы екен. Ташкентті шапқанда, Шақшақ батыр Есім ханының батырының басы екен. Тұрсын ханының бір қызын Есім хан баласы Жәнігір ханға олжалап алып бергенде, бір қызын Шақшақ батыр баласы Қошқар батырга олжалап алып беріп, Жәнібек сонан туып, сонда Жәнібектің шешесі Абылайға айтып тапсырып қосқан екен:

— Аттың сырттаны жауһарлысын үш жыл ідетпі, зорға таптым. Ағаштың сырттан жауһарлысын үш жыл тарап зорға таптым. Adam сырттанының мырза Құдай бір күн төсекте жатқан гүсімде берді. Осы жолы алып барып, нениң сырттаны болса да бір айқастыр! - деп.

— Ертең қалмақтың сырттанына сен шығасын! - деп, оған айтып қойды дейді.

Сол тұнде жатып, Жәнібек бір тұс көріп, ғүсінен шошып оянып, тұн ішінде қосын жығып, еліне қайтпақшы болып: «Ханға айтып кетейін!»- деп, жетіп келсе, Жәнібектің ғүсінен қорқып озинганын хан да тұсінде көріп: «Маган келмей кеттес-ау!»- деп, басын көтеріп, тосып отыр екен. Тан жана сауле беріп, ондағы мүндағы көрінерлік мезгіл екен:

— Батыр, жай ерте келдің бе? Асып-үсігіп бір норреден қысталып жүрсің бе, nemен?- дейді.

— Таксыр, бір жаман тұс көрдім. Сол тұсінмен қорыққашан: «Осы жолы еліп кетсем, тұқымсыз кетермін!»- деп, қайтуға ыңғайланып, сізге бил-

діріп кетейін, - деп, жүргегім аузыма тығылып, әрең келдім, - дейді.

Хан соңда атшысын «Шыйеш»- дейді екен:

— Шыйеш! Мирақор!- деп шакырды, атшысы:

— Алдияр, тақсыр, - деп, жетіп келді.

— Ya, менің қарт Бөгөнбай берген Нарқызыл жириен атымды есіктің алдына алып кел!- дейді.

Ханды оナン басқа ат көтеріп журе алмайды екен. Мирақоры атты есіктің алдына алып келгенде, Жәнібекке:

— Жай қолында! - дейді.

Жәнібек қолын жайып, ұшып тұра келгенде:

— «Жаксы түске де садақа, жаман түске де садақа»,- деп еді. А, Құдай, осының түсін мен неге жорысам, сен соган кабыл қыл! - деп, жириен атты: «Түс садақасы»- деп айтып, жалма-жан сойдырып, талатып жіберді.

— Айт, батыр, енді түсінді, - дейді.

— Түсімді айтсам, тақсыр, қалмақтан жекпескек пәленше деген жайсаңы шықты да, бұл жақтан мен шықтым. Екесуміз шартпа-шұрт болып қалғанда мені ол найзамен шанышп түсірді. Кеудеме атша мініп, тамағымнан кесуге ыңғайланғанда: «Енді бауыздап тастайды-ау!»- деп, кесудеме көз салсам, қарасам, оң емшегімді бір айдаһар жылан еміп жатыр екен, сол емшегімді бір айдаһар жылан еміп жатыр екен. Шошып, ояна келсем, түсім екен. Қерген түсім осы, - дейді.

— Түсін түс-ақ екен: мұнан жақсы түс бола ма?!

Копейұлы М.Ж.

оны сен шанышп түсіреді екенсін. Түсінде сенің кеудене ол мініп жүрген болса, өніңде оның кеудесіне сен атша мінеді екенсін. Түсінде сенің тамағыңа ол қылыш даярлаган болса, өніңде оның тамағына сен қылыш даярлады екенсін. Оң емшегінді еміп жатқан айдаһар жылан - езінен туып, үстің бала ойнақтайды екен, езі асқан айдаһар ер болады екен, батыр штанады екен. Сол емшегінен айдаһар еміп жатса, езінен бір қыз туып, оナン туған жисен о да айдаһардай ақырып туады екен. Ұлдан туған үриағың, қыздан туған жисенің тұлпар мініп, ту үстай туады екен. Осынша есіп-онеңін деп түрсыц. Сен қалай өлесің, бар, жекпе-жекке кіре бер. Жүсіп пайғамбардың түсі болсын да, Жақып пайғамбардың жоруы болсын!- дейді.

Хан түсін қолмен койғандай жорыған соң, бір қалғашан атын сойып таратып жатқан соң, Жәнібектің қорынышы қашып кетті, жүргір тасып кетті, қайрат-куаты бұрынғысынан да басым болып асып кетті. Сол жерден атын алдырып мініп:

— Жекпе-жек! Жекпе-жек! - деп айғайлап пығыга шапты дейді. Қалмақтың жайсаңы құты қашып, аяғын төлтіректеп басып, найзасын қалай толгарын білмей, езінен-еzi қалбаластап, сасып, айқасып қалған қарсанды Жәнібек батыр шашып түсіріп, үстіңе аттай мініп, тамағынан қылышты тигізгер тигізбесте шалқасынан житқаң қалмак:

— Тоқта! - дейді. - Түнде сен де көріп едін, мен де коріп едім. Сені мен алып едім-ау, табанымың астына салып едім-ау! Сенің түс жорушың

жақсы жорығандықтан, мениң тұс жорушым ретін тауып айта алмаганнан алып кеттің-ау! - дейді.

Сонда Жәнібек басын кесуге қимады, қолынан үстап жетектеп, Абылай ханға алып келді. Өзі ескен-өнген жан екен, он бір ауыл екен. Сол он бір ауылға тимей, өзге қалмақты тұттай жалаңаш тонағ алып, олжа қылып қайтыпты дейді. Жан болса осындаі болсын.

Абылай аспас Арқаның Сарыбелі [1]

Абылай хан Алатауға жорыққа бара жатып, қаракесек шаншар деген елдің бір ұлы жиын - асына кез болды дейді. Сонда ол аста ішкен мас, жеген ток, ерігіп тұрган Шаншардың жел бастары аңыз қылышты дейді.

- Ханның басындағы беркін біреу қағып түсірсе, хан хандық қылып қандай қаһар қылар еді, - дескенде, Қаз дауысты Қазыбектің інісі Мертаңдайлы Балапан:

- Оны құры айтып қойғанша көрү керек, - деп артынан барып андаусыз, абаисыз тұрганда ханның басындағы беркін шыбықлен қағып жерге түсіріпти. Хан қаһар да қылған жоқ дәнене деген де жоқ.

- Бүтін ішкен мас, жеген ток, кімде ес бар дейсің деп, хандық қылды. Жерге тұскен берікті басқа алып киоге жарамайды деп, қалған жерде қалсын деп, берікті жерден алдырмады. Жүре берді, - дейді.

Күндерден күндер етіп, ол үмыт болып кетіп, Қызылжар базарында қаракесек сүйіндіктің базаршысы көтеріле Қызылжарға базарлап

Баратұғын болып, көп базаршы барғанда, екпесі - кітің баяты бастан берікті қағып түсіргендік болып, Қарекесектен бір кісіні, тортуылдан бір кісіні үстап алып қалып, екеуін тірідей көрге спын тастады.

Сонда Қарекесектен алып қалған кісіци Қазиумсты Қазыбектің немересі, Қазымбеттің боласы Жанай екен.

Тортуылдан алып қалған кісіци Ботақан екен. Абылай хан екеуін тірідей көрге салдырып, үйнен келді. Ханымы айтты:

- Торе, көп кешігіп қалдыңыз, қайдан келдіңі? - дейді.

- Ботақанды тірідей көрге салдырып келдім, - дейді.

Ханымы айтты: - Бұл Орта жүзден бізге дым бүйірмажан екен. Шығарыңыз көрден Ботақанды, - дейді. Абылай бір кісіні жіберді.

- Корден шықсын, - деп. Бұл кісі барып Ботақанға айтып еді. Ботақан:

Шықпаймын, - деді.

Жіберген кісіци Абылайға қайтып келді. Ботақаның шықпаймын дегенін айтып келді. Абылайдың өзі келді, інінен тартып шық деп еді. Ботақан:

Олғенде жататұғын көрімे тірідей жаттым. Осы мәнін олғенім, енді тірі болып жүрт көзіне күрішсіз, олғенім артық, - деп. Ыза бойына сыймай долданып, жүргегінің басынан тарс етіп жирилдеп, оліп кетті, - дейді.

Бұл хабарды естіген соң, Орта жұз намыстанды. Сол күнде Қазыбек олғен екен де, Қазыбек баласы Бекболат алпыс бестегі күні екен,

Едігениң қыстасуы Жақсы Даңба – Қарағайлы бұлакта, Бекболаттың қыстасуы Жаман Даңбада – осы күнгі Батырдың Бейсені қысталап отырган жер екен.

Бекболат пен Едіге атқа мініп, бес мейрамды жиды дейді. Абылайды шабамыз деп, үш мың кісі жиылып, жүрге бет түзепті. Сонда Бекболат пен Едіге құлік Жәнке батырга кісі жіберді дейді. Даудың алды болып, алдымызға түсіп жүрсін деп. Сонда құлік Жәнке батыр өзі жүрмеді, баласы Жанакты жіберді дейді:

– Ханың жаулаған қалмақ онбас, ханың шапқан кара онбайды, – деген. Бекболат пен Едіге сөлем де, Абылаймен жарассын, арашашы бол, – деп, кости дейді.

Сонда мейрам болып атқа мінді. Үш мың кісі қол келеді. Ішінде Алтай Жөнөтөлі батыр бар. Айдал бол Олжабай батыр бар. Тағы сондай атакты батырлар бар деген соң, керей, уак, үркіп ішкे түсіп кеткен екен. Сонда үйде отырып Абылайдың ханымы айтады:

– Абылай хан, дөнeme білдіңіз бе?

– Не білейін, – депті.

– Білмессөніз, Kaz дауысты Қазыбектің аруагын шақырып, баласы Бекболат атқа мінди: «Осыдан Абылайдың басын алмасам, қатыныш ат кетіне салмасам, кара қазаның қак жармасам, екем Қазыбектің аруагы өзімді үрсін» деп қарғанып, атқа мінді. Ашулының алдында тұрма деген, көшініз, кара қазанды асулы бойымен жүртқа қалдырыныз. Өздері келер де, даяр асулы қазанға тاماқ қылып ішер. Ішінен дәм таттық кой, не жазығы бар мұның деп жаруға көзі қимас, батылы бармас. Соңан соң,

кара қазанын алдық кой леп, ашуы басылар да көңіл тынар. Сиыр аталауыны үш мың кісіге шық боларлық қылып жүртқа тастап кетіңіз, үйтЫРЛАРЫ туын қандасын, мәре-сәре болып танаққа тойынсын. Бір күн карны ашқаннан қырық күн ақыл сұрама деген бар гой және ши атасын танымас деген де бар. Қарындары тойған соң, ақылдарына түсіп, сіздің хандығызызға, өздеріңің қаралығына көз жетіп тоқтар, – деген екен.

Абылай хан ханымының тілін алғып, кара қапанды асулы бойымен жүртінда қалдырып, үш жұз сиыр да қалдырып, Қекшетаудан үш үйіндік жерге үркіп барып отырды дейді.

Сонда қошкенін, үріккенін қайдан білсін, үш мың кісі Абылайдың қошкен жүртінна келіп басып, Бекболат келіп ат үстінен асулы қазанға шайласын шаншып түріп сейледі дейді:

– Уа жүртім – дейді – Абылай ханды құдай тек жаратқан жан емес. Қараңдаршы үйден шылққанда үш ойым бар еді: Абылайдың басын кесем-ау, ио болмаса қатынын ат кетіне салсанмы, ио болмаса қара қазанын олжаласам-ау, – деп едім. Міне, енді кара қазанын асулы бойымен қолдырығаны – менің ойлаган ойымды обден білгендігі. Қанша айтса да құдай артық жаратқан жап-ау. Енді мен сертіме жесттім, ана сиырды киаратып сойындар, аппақ майға тойындар. Гуларыңды қандандар. Елші жіберейік, құдай үншілес жарасып жадырап қайтамыз, – деп, сөзді осылын қойды дейді.

Сол қазанды Бекболаттан соң Тіленші асқапшын көрген жан сейледі. Тіленші биге Абылай-

дың қалмақ қатынының баласы Шама тере кара парға халы кілем жауып келіп, Қазыбектің әурағына байладым деп сұрап алғып, қазан соның қонында қалды дейді.

Қоң, Бекболат пен Едіге Абылай ханға елшілкөр орманши ақсары Шотананы жіберді:

— Саган сезді үйретейк пе, езін сойлеймісің, — дегенде, Шотана батыр айтты:

— Екеуің көп үйретсең, отыз аузын соз үйретсің. Ол таусылған соң, не қылмақшымын. Аузынан не шыққанын қайтып келген соң, өздерін естірсіндер, — деп жүре беріпті.

— Шотана батырдың қалпы қандай кісі екенін айттып берейн:

Қызылтауда Шотана тасы деген тас бар. Шотана батырдың үйі сол тастың түбінде отырганда қорадан екі оғізін тұнде ұры ұрлап кеттілі. Алакеүімнен түрекеліп, оғізді ұры алғып кеткенін біліп, Шотана батыр тастың басына шығып айғай салыпты:

— Тастан кет менің оғізімді, атым Шотана, жердің тесігіне тығылсаң да қоймаймын, — дегендеге, алған ұрылар Тұндиктің езенінен асып барады екен. Артымыздан қуып келіп қалған екен гой деп қашқан екен.

Шотана батыр Абылай ханға барып, аманессен қайтып, Бекболат пен Едігеннің алдынға келді.

— Не дедін, — дегенде айтқаны:

— Бекболат пен Едіге жіберді. Мейрам болып атқа мінді. Үш мың кісі қол келді. Бұрынғы оулие еткен ата-бабамыз айтқан екен:

— Дүниес бұзылса Бұхарға сияды, Бұхар бұзылса дүниеге сыймайды деген екен. Бұхарға

Конейұлы М.Ж.

Сыймай жалаң аяқ, жалаң бұт келген сарт Сарыарқага сыймайын деп жүр мс, Ботаканның қүшін берсін. Жанайды байлаудан босатсын. Мың кісінің жолына жетім бастатқан тоғыздан берсін. Мың кісінің жолына түйе бастатқан тоғыздан берсін. Мың шапан берсін. Айыпты хан боламын десе, тұрысатын жерін айтсын, ұрысатын ерін піттін. Айыпсыз хан боламын десе, хандығы қарай ма, карашы деген олак емес пе? Олактың ойнаганына шыдай алмай құлаган жар неге пана болмақшы, дедім.— дегенде Бекболат сүйненгіннен:

— Айтқан аузынан айналайын, сені көтеріп тапкан қатыннан айналайын, — депті.

— Не дейді, не дейді дегенде:

— Ертен Жолдызектің бойына келсін. Екеміз екі жағына түссеік дейді,— депті. Сонда Олжабай батыр:

— Мен бар ма деп сұрады ма?—депті.

— Сұрады, бар дедім, — дегенде:

Енді ол сарт бізбен қарсыласып жаула-суга жарамайды. Алтын қақпалы қорғанды бұмытуын жолда, сырым Малайсары да бар еді, шашышқылы Бердіқожа да бар еді, тарақты Байгозы батыр да бар еді. Қақпасын қалтайы мен қорғасынға мысты араластырып құйған екен. Жалғызының қолы батпаган. Сонда мен түмді Абылайға «мә» деп бере салып, қашаны шапқылағанымда саз балшық пен жаңа илесін қамырга кіргендей кірген. Сонда Абылайдың түріне қарасам, қалышылдан, дірілден түр екен.

— Мына қаруын жауласып кетіп өзіме жұмсаса, мынау жан шыдаттайтың екен-ау деп үрій үшіп кеткендігі сондай, бізбен қарсыласатын онда әруақта жоқ, — дедті.

Жолдызектің ар жағынан Абылай қолы келді. Атығай, Қарауыл, өзінің төлеңгітінен басқа бетен дым жан жоқ.

Бер жағынан Бекболат, Едіге үш мың кісімен келіп еді. Самсаған сары қолдан белініп екі кісі келе жатыр. Ар жағынан біреуі Абылай, біреуі балта керей Тұрысынбай батыр келеді. Соңан соң, бұл жақтан Бекболат пен Едіге атқа мініп алдынан шыкты. Соңда Құлкенің Бекшесі оғын кураладың көзінен тигізетүүн мерген екен. Мылтығының сирағын құрлып, Абылайды нысанана байлап тұра қалды дейді. «Бұл сартты бірақ атын жоқ қылыш тастайын» деп. Білтесін тұтаптаға келтірмей Жәнке батыр баласы Жанақ жүгіріп келіп Бекшесі мергеннің қолынан мылтығын жұлып алды.

Не қылыш, не койғанның бәрін Абылай көріп тұр. Ол жақтан екі кісі — бірі хан, бірі батыр. Бұл жақтан екі кісі — Қаракесек, Сүйіндіктің екі біні төртсүйінің бас қосқан жеріне көлденеңен. Кетеш ақын барып, оларды сойлестпей өлеңді гүлестіп қоя беріп:

Абылай, Ботақанды сен өлтірдің,
Есіл ер жазығы жсоқ неге өлтірдің.
Хан басың қарашиңмен даулы болып,
Үстіне ақ ордаңның қол келтірдің.

Абылай күйіп кетті салған қалаң,
Мейрамга не еді сенің жасапқан эксалаш.

Жанаңды дәл бүгін күн босатпасан,
Болады ертең жесір қатын-балан.

Сонан соң, кінәласқан да жоқ, айтысқан да жоқ. Ханы қараашасымен жарасып, бұл барғандырылғанға көңілдегісін қылышп, сөйтіп қайтарған екен. Соңда Абылай сұрапты:

- Мылтық қурган кім еді? — деп.
 - Құрган Бекшесі мерген, — деген соң,
 - Талай жорықта бір торсықтан малта жессіп жүрген жолдас еді. Кісіні кісі жоқ жерде-ақ оныңға кия береді екен-ау, — дедті. Оның мылтығының аузын қырсық бассын деп, мылтығының аузына бір түйе байлады, — дейді.
 - Жүгіріп келіп үстай алған кім? — дейді.
 - Жәнке батыр баласы Жанақ, — дейді.
 - Тегін кісі Жәнке батыр бола ма? Олар құдай құйып койғанда жаратқан шын бій. Баласын арашаши болсын, — деп қосқан гой.
- Ас берілгенде Жәнке батырдың босағасына ғүйе бастатқан тоғыз байлансын және қаралы үштеге шашылған наизаны (жыл толғанда) жылшынын бергенде Жанақ сындырысын, бір ат, шапан Жанақтың өз жолы болсын, — деп.

«Абылай аспас сары бел» атқа ілінген жері осы екен.

Абылай «үш нәрсе арман болып, қолымнан келмей, күр ойымда кетті, — деген екен. — Бірі — әк боз аттың құнын ердің құны қылмадым. Мылтығын қуралайдың көзінен откізетүүн мергеннің құнын екі ердің құны қылмадым. Бірі стікші мен үстаның құнын қатын құны болсын дең бүйірек қылмадым...».

Бұрынғы замашың адамдарының қандай екенін танытуға сойлекен сөз

Күлік баласы Тілеуімбет, мұнантұган Құпту,
мұнан тұган Жанайдар.

Бұл Жанайдар Абылай хан заманында
жас бала, жұрт аузында «Жақсы Жанайдар»
атанған.

Сол замандағы Инжарәй Шеріп [1] ханы
арқадағы Абылай ханға елші жіберген:

— Май қатынын тауып берсін, — деп. Сонда
Абылай хан күлік Жәңке батыр биге кісі жі-
берген:

— Бір ауыз сөзіме жауапты тұзу тауып бер-
рлік жан тауып жіберсін, — деп. Сонда Жәңке
батыр би өзінің сынына келгендіктен он торғы-
жасар бала — Құпту баласы Жанайдарды жібер-
ген. Сонда Жанайдар Абылай ханға:

— Алдияр, — деп кіріл барғанда, отырғызба-
тан сұраган:

— Балам, май қатығы не болады? — деп. Сонда
Жанайдар кілдірмestен жауап қайтарған:

— Бұрынғылар айтпаң па еді, халық айныса
хан түзейді, май айныса тұз түзейді. Халық қа-
тығы ортасындағы ханы болады да, дүниесегі
тәмем тамақтың демін кіргізетүгін май қатығы
тұз — дагы, тақсыр, деген.

Бұл сөзден Абылай хан білгені: Бұқар ханы-
ның — өзінен тұз сұратқандығын. Үш жүздің
баласы қазақтан түйе жидырып, қырық би жөне
Жанайдарды атшы қылыш қосып беріп, көп тұз
тиеп жіберген. Барған қырық биді Бұқар ханы
сыйлаш күтті.

Қайтар кезі болғанда Бұқар ханы сұрады:

— Абылай артық па, мен артық па, — деп. Қы-
рық би айтты:

— Сіз артықсыз. Сіздің тегіңіз де асыл, сіз-
шы жеріңіз де асыл, өзіңіздің асылдығының
ішінде жақсырылғанда, алтын тақтың үстінде, са-
рманы алтынға малынып отырысыз. Жеріңіздің
песілдігіңіз сіздің жеріңізде етікпен намаз оқуға
жарайлды десті. Бұқардың ханы сұрады:

— Абылайдың осы отыргандарыныңдан басқа
жіберген кісісі бар ма еді? — деп.

— Қоста бір атшы бала бар, он төртте, — дейді.

— Ендеше соны шақыр, — деді. Шақырып
келді.

Бұқар ханы айтты:

— Эй, балам, мен артық па, Абылай артық
па? — деді. Бала айтты:

— Абылай артық, — деді. Бұқар ханы:

— Абылай менен қалайша артық болады? —
деді.

Бала айтты:

Абылай атасы садағын сагымға көтерткен.
Пурдан пайда болған. Сіздің атаңыз Ақмаңғыт,
Токмаңғыт. Біздің қазақтың балалары ойнаган-
да: «Маңғыт, аузына санғыт», — деп ойнайды.
Түбі — тегің Маңғыт жақсы болатұғын болса,
аузыға ей деп алғынбас еді.

— Балам, Абылайдың тұрган жері асыл ма,
менің тұрган жерім асыл ма? — дейді.

— Сіздің өзіңізден Абылайдың өзі асыл,
жеріңізден жері асыл. Сіздің жеріңіз асыл
болатұғын болса, суды Самарқандан алдырып
шілер ме едіңзі, тұзды Сарыарқадан сұратар ма
едіңзі? Абылайдың тұрган жері — Сарыарқа, екі
шілса бір бұлак. Агар сұы бал татиды, ақ шабагы

май татиды. Екі басса бір тұз. Бір үйінен бір үйі тұз сұрамайды, – дейді.

Бұхардың ханы сезіне риза болғандықтан, қырық біге сыйлап бергені жалғыз балага бергеніне тең болыпты.

Баланың «жақсы Жанайдар» атансан жері осы. «Таудай талаң бергеніне, бармақтай бақ бердеген осы. Бұл Жанайдар бір жақтан үйіне келсе, байбішесі бір ерек бала тауып, бесікке болеп жатыр екен.

– Кетын, қатын қеудесін ақырын, бос таңа гер. Қеудесі толған Алланың зікірі екен, – депті. Сол баласының аты Өтеміс болды.

Озін Жәндек батыр өмірінде үйге отыргызыпты. Уш жүздің ортасында болған бас қосылған жиынға айдалты да отырыпты. Қайда барса да шешендігімен сұын сұт қылып алып келе береді екен.

Бір жиын топта қуандықтан шыққан Байдалы би Жанайдардың сезіне сөз тауып айта алмagan соң, кемітуге:

– Осы неменің әкессінің аты Құнту ма еді; Құнту ма еді, – депті. Сонда Жанайдар:

Еріл бар-ды ыңырышақ,

Атым бар-ды тобырышақ,

Әкем аты Құнту болсын,

Құнту болсын,

Оның маган не керегі бар?

Ақылым бар бір құшақ, –

деген екен.

Құдай рақмет қылсын «жақсы Жанайдарға».

Шанышқылы Бердіқожа

Абылай хан заманында шанышқылы Бердіқожа [1] батырды жерге таласып кектесіп жүріп руы аздығынан өштескен дүшпан – өсіп-онғен руы-тұганы қоңтігінен ұстап алып өлтірейіп дең жатқан екен:

Тұысқаны аз елдің ерлігіз зая,

Тілеуқоры жсоқ ердің еңбегіз зая.

Екіден кіші балам,

Ержеткен соң балем,

Қаратал Қояндыға қосылды тая,-

деген екен. Сол айтқаны айтқаңдай болып, екіден кіші, үшінші баласы ержетіп, ат аркасына мінгтен соң, әкесін өлтірғен екі ағайынды неме екен, сол екеуінің бірін Қаратал Қояндыда өлтіріп, бірі қашып, «бұл Арқада болсам, мені тірі қоймас» деп, Бұхар кеткен екен. Соны қоймай күүп барып, сол Бұхарда жүрген жерінде өлтірілті. Бердіқожаның жоқтаган жоқтастында айтылған екен:

Минегін Бердекеммің қара ала аяқ,

Жау, шіркін, кіселеппі-ау аялмай-ақ.

Бердіқожа батыр балаларын сынағанда бынайша сыйнайды екен. Үйелмелі-сүйелмелі үш баласы болыпты, бір-бірімен тетелес тұган. Бір пышақты сабып жерге тіреп, үшін жоғары қаратып, балаларына:

– Ана жактан домалап келіп мына пышақтың үстінен етіндерші, – дейді екен. Үлкен екі баласы домалап келуін келіп, дөл пышаққа жақын келгенде, тайқып-жалтарып аушайды екен. Екіден соңғысы пышақпен жұмысы жок,

жалтармай-бұлтармай аунаиды екен. Пышақты өзі жалтартады екен.

Өзін жау елтірерін білген соң, жолдасына айтқан екен:

— Жау жерінде қалдым гой, менің сүйегімді алып кете алмассындар, бір бармагымды кесіп алып, маңайлас жерлеріңе көм де, соған там салып, «Бердікожа тамы» атандырындар. Мені есіне алғандар дуга қылыш етер, — деп.

Даганделі езенінің жағасына там салыпты, шошак мола құны бұл құнгішке құламай түр деседі. Даганделі езені Қарқаралыға қараган елдің шетінде, Қекшетау, Duана тауларапынан корініп тұрады, — дейді.

Жүргішінің қара жолының үстінде, Жетісуга бағрандар Қозы Қөрпеш – Баян тамын көрдік, шашышқылы Бердікожа батырдың тамын көрдік деседі.

*Тауынның Арқар деген аты Құлжаса,
Жігіттер атқа түйе тегін олжас.*

*Хан Абылай аттанады дегенді естіп,
Келіпті шашышқылыдан Бердікожа!*

— деген батыр осы.

Кенесары - Наурызбай хақындағы әңгімелер

Ең алғаш қазақ халқы орыска қарап, дуан аузы ашылғанда Шоң би [1] аға сұлтан - дуан басы болған. Шоң би елтін соң, Шорман [2]-аға сұлтан болып сайланып шығысымен үйіпс барып елтін.

Шорманның сүйегі Ереймен тауының сыртында комілген. Ол жер Шорман тамы атапын

қалған. Кенесары – Наурызбай [3] көтерілісі аға үйіндерді апалаң-топалыңын салған. Соңан кейин Баянуылда Поштай деген адам аға сұлтан дуан басы болған да, Қараөткелде Қонырқұлжа иетін аға сұлтан - дуан басы болған. Кенесары Қараөткелге ерт саламын деген камаганда, Қонырқұлжа қарсы тұрып ұрыс-соғыс қылған. Ақтау, Ортауда Кенесары мен Қонырқұлжа таты кирилласып соғысқан. Қараөткелді камаганда Кенесары құлдір-мамай деген мылтығымен Гайтобенің басында тұрып, орыстың қарауылши, бала-сәйкесін атып мұрттай ұшырган екен. Тама-Танаш батыр бір шапанды майға бұлғап-бұлғап бір шетін отқа жаңдырып найзаның ұшымен көтеріп, (барып), атып тұрған оқтың көрек қылмай апарып тастай берген екен. Басқа шашқан батырлардан Қылшиқ Басықара батырга оқиіп, кан майданында қала берген екен. Тама-Танаши батыр Басықарамен құшактастықан дос екен. Өлсем өлеін, Басықарамен сүйегім бір жерде қалсын деп, кайта шауып барып Басықаринаң сүйегін алдына алып өнгеріп келгенде Кенесары хан айтқан екен: «Дос болса Тама-Танашиң дос бол» деп. Кеп заманға шейін бұл соң жүрт аузында қалды.

Орыс Ақтау, Ортауга қала салып солдат тұрғызып, казак, орыс қыстатып сол жерге ғогыс сайманын жинаған. Кенесары мұны да қиммат соғысқан. Жұз солдат қатар тұрып мылтық атып маңайына жан жуытпаган. Соңда Кенесары да жұз кісімен келген. Қосшы-қолаңшы салықтарын кейін тастап. Соңда бұл жұз кісі баяныш деген отынды (тырыбық отынды) шыл-

бырға буып алыш, ер басына бір арқа отынды салып домалатып, сопың тасасымен сибектеп аткан оққа қарсы келе жатады. Бұлардың арасынан алдыңғысын панарап келе жатқандар да бар дейді. Алдыңғы отынды шеп қылып бетін үстегандар аман бол, кейінгілерге асып келген оқ тиіп жатқандар да бар дейді. Арапасуға жақындастық па, қарандаршы дегенде, тегі Куандық екен, бір жігіт отын басын оздырып қарай бергенде, кенірдегінен бір оқ тиіп мұрттай үшті дейді. Ал, жабыла түсे қалындар деген Тұп-тегі аргын шінде есіп енген қыргыз екен, аты Толабай екен, жұрттан бұрын жалғыз қарғып тұсті. Ол түсken сон бул жабыла түсекалып, солдаттен мидай арапасып кетісіпти. Қоныржұлжа бас болып казак орыстар жаяуга жаяу арапасты. Қенесарының езін үстап алайып деп жасырынып бұғып тұр екен. Айқай суресалып лап қоя шауып қамап алды дейді.

Майлұ Жәдігер Смайыл деген қария бұл соғыста Жанайдар батырдың ат қосшысы еді, ездері жауға жаяу арапасқан аттарын жаудаи жаныш құтқаратын жолдастына балауышы еді. Ат үстап тұрған біздер де арапасып кетіп тоғысын барып аттарын береміз. Жанайдар атына мініп алыш, жаудың олайғысын олай, былайғысын бұлай жапырып тастап, хан-хан қайда десе, хан жаяу солдаттың ортасында қашпаймын дең жалғыз қалған екен. Барып атынан түсे қалыш, ханды ез атына көтеріп салып қоя берді де, езі бір казак орысты ат үстінен жұлып тастай бере ханды алдарына салып қаша ұрыс салып жонеле берді.

Жаудап аман-есен құтылды. Бұрынғылардың «Таудай талап бергенше, бармақтай бак берсін» шеңін осы. Қенесары бақсызыдан еңбегі еш, гұзы сор бола берді де, орыс ілгері басып бағы қайттай тұрған құйінде талай талпынса да бір іш ері бастырмай бетін қайтара берді. Жұрттан болық, шеттөн қарғып түскендіктен Толабайға жеке батыр деген ат сол жолы қойылған. Қырғыз соғысында Шәкір мен Жәүке, Толабай шеңіндегі Толабай осы жеке батыр атанған Толабай болатын. Шәкір-ногай, Жауке-арғын, тоқал шришан Толас деген табыннан шыққан.

Қенесары Куандық, Сүйіндік, Қаракесек, бес мейрамды соңынан ертіп алыш Шу, Қаратауға ауамыз деп Әлке, Байдалы және томенгі Алтайдың басшысы болған. Аққошқар Сайдалимын Сүйін Жарқынышты ертіп алыш, ер Алтайы - Алдажұманға келіп, оны соңынан ертіп, «Азынабай Сапаку» атанған Азынабай ғаштаға келеді. Орысқа қарап бағынып койған Ашабай балалары - Тайжан-қазы, Сейтенбайын еді. Болыстық, қазылықты керек қылған тоқ. Қенесарыға еріп ауды. Алтай, Алда Жұман ғашшалар түйеге жүк етіп артқандарын көлте суға тогшы кеткен. Қаржас та ауды, Орманшы да ауды. Һиянауылдың дуан басы - аға сұлтаны Поштай - соңынад алдырып, казак орыс алдырып Айдағол, Құлқіті қойдай қамап жер аудырмай алыш қылды. Қоныржұлжа Қараоткелге аға сұлтан, дуан басы еді, ол да орысты арқа сүйеу таяныш қылып, ез тілін казакты алыш қалды... Кейіннен Азынабай балалары елге қайтады. Елге оралған соң болыс пен қажылар оларды үстап

алып, Тайжанды ағашқа таңдырып отырады да, Сейтенді айдатып жібереді. Осы замандағы шайырлардың олеңдері:

*Он жеті миң Азынабай жысылық айдалған,
Үш жерден наизасына ту байлаган.*

Ол кімнің төбесіне күй қазыпты,

Тайжанды атып, Сейтежсанды ішке айдалған...

Қыргыздың Кенесарыға қарсыласып жатқан кезі 1848 жылдары еді. Патша үкіметі Аягзәден Кенесарымен қатысуға Нухалов деген жасауылды қосып алып шығарған. Оған көп жігіт-желең Абылай ұлы Сөк тере, Абылайдың тұнғышы Әділ ұлы Әлі тере, Салтыбай ұлы Барак тере, Шапкай ұлы Белен тере ерген екен. Әрдегі Үйсін, Найман тырп ете алмай орысқа бағынып қалған. Сол себепті Кенесары қамауды тастап Шу бойына ауған, Нухалов Қызылағашты қыстаған. Ол сонда жатын қыргыздың манаптарына хат жазған, оның хат жазған адамдары – Борамбай Баймұрат ұлы, Сарбағы руынан Орман Ниязбек ұлы, Солты руынан Жанқарааш Есқожа ұлы. Хатында былай деген екен:

– Кенесарыға бағынбаңдар, көзін жоуга тырысындар! Кенесары сендерге де, патша хұқматына да дұшман, біздің патша хұқматы сендерге күш-комек береді, Кенесарының көзін жоуга, қолға түсірсөндер шен-шекпен де береді, – депті.

Бұл хат қолдарына тиген соң қыргыздар күшеген. Оттыз ұлды Абылайдың 29-ның тұқымы Кенесары, Наурызбайға қас болған.

Копейұлы М.Ж.

Абылай ханының алғашқы бәйбішесі Қарауыл қызы, оナン туған ұл жоқ, жалғыз қыз болған. Ол қыздан туған Жамантай тере.

Қарақалпақтан алған қатыннан туған Жәнгір султан, Әділ султан. Осы Әділді Шүршітке Ақ берген, султан екен. Әділден Нұралыға, Нұралыдан Тезек тере болған. Тезек тере Шоқанның қайын атасы болған, және Абылай Қарауылдан қыз алған – оナン: фай, Тоғай, Сек туған. Сөктен Жошы, Жошыдан Есмұхамбет Абылайханов туған. Хожа қызы қатыннан Қосым, Арқы Тоқ туған. Токтан Ыбрали туған. Оナン туған Шалғын бай Қарқаралыға ага султан болған.

Қалдан шерін тоқалдыққа Аяукенін қызын илгаш. Оナン Топыш сұлу туған екен, оны Абылай алғып сонан Қасым хан ғана жалғыз туған. Ішінде Қасым үрлағынан басқа Абылай үрлағы ас ішіп, аяқ босатқаннан басқа ешнәрсеге жарамаган.

Қарақыстақ, Шоңгір деген екі өзеннің атасы. Бұлар Алатаудан шығып Шуға құяды. Бұлардың бойындағы тауларда осы екі өзеннің атасымен итілады: Әүлие ата оязына қараған Дулат, Богнай рулары осы Қарақыстақ, Шоңгірде болады. Кенесары Қосцы деген қыргызды, шапқанда, сол жерлерде отырганда шапқан екен.

Кекілік тауы Шудың он жағында Тоқмак деген каланың құншығыс жағында болады. Кекіліктің терістік жағындағы Шуға төніп тұрған Кекіл Сенгір дег атайды. Қыргызбекин соңғы соғысқан жері Кенесары-Наурызбайдың ту тіккен жері – Кекілік сенгірінен бес

шакырымдай жоғары Майтобе деген жер екен. Майтобениң қырғыздар «кежелден қанды жер!» - деп атайды екен. Бірақ түбінде майлыш болар деседі екен.

Қызылсу Токмактың тұсынан шығып Алатаудан аққан бір өзен Қоқыйдың колі, Өүлиесат аязында Шұлының жағасында Ағашақ болысина қараған жер.

Кенесарының колға тұсқен соң, Жаманқаралыңың Боданы, (Соты руынан) үйнен алған, Наурызбайды, Қалпақ батырды Сарбағыс - Тілеуқабыл манаң алған.

Шоң бидің Қуандық еліндегі асқа баруы (бірінші нұсқа)

Шоң – Торайғырдың Шоңы қартайғанда, Қуандықта бір асқа барған әңгімесі. Қуандықта: Қопа, Сапақ, Қорысбай деген байлар болған. Сол «Қорысбайдың асы бар!» – деп, сауын айтты. Ошақ қазған жері – Есіл бойы: Амантай, Қаркаралының қақ қасында. Сол асқа Шоң биді шақырды. Шоң би ат бойгесіне қосуға Жаманың Қараласын алып жүрді. Балдуан бәйгесінс түсірге Қаржас: Ақша – Байболаттың Байболатынан шықкан Жаманқара – Кенжеқаралың Жаманқарасын алып жүрді. Ақын бойгесіне жарысқа салуға Орманшыдан шыққан Сакау ақынды алып жүрді.

– Осы жолы бағымды сынаібын деп едім, осы астан тапқан, алған олжаң менікі болсын! Үйге қайтып келіп тұсқен соң, қыздың қалың малыш алсан да, колың бос болсын! – деп, Қараланың алдына жанды қара түссе, аттырамын! – деп,

Күнік: Жақабатыр бидің баласы «Қаһарлық Жанакты» алып жүрді. Бул Жанак: «Аттым!» – десе, мінда, жан да мұрттай үшады екен. «Шоң бидің сабасы – деп айтын!» – деп, Ақбура: Қаралтайдың баласы Қарқымбайдың сабасын алып жүрді. Ол сабаның көрінісі-төрт сары айғырлың төрісінен – жүнін сыртына қаратып, жалқурығын өзіне қойып, бүлкіншінен бір оғіздің төрісін тіктіріп, езін түйеге тәндегендеге, сегіз қашат үйдің бір үзігі бір жағына тәң болады екен. Аяты атанға қымыз артып барса, асқа барғанда, сабаны үйге орынқырып, алты атанға артқан қымызды ішіне сол жерде құяды екен.

Шоң би асқа бара жатқан беттінде Амантайдың басына шығып, асқа тіккен үйлерді тамаша қылыш түрді. Қөптігі – бір шеті мен бір шеті – коз жеткісіз екен. Сол жерде тұрып, Қарала атты алдына алдырып, Қарала атпен серттесті дейді:

– Осы Амантайдың басынан қарақыш тіктирип, пәлен жерден айдатпасам, маған серт! Алдында келмесен, Қарала, саған серт! Алпыс тортте мен тұрмын, жырма тортте сен тұрсың! Гүлі Қуандықтың асы, Шоң саған да екіталай, сиді бойгейнің алды, Қарала, саған да екіталай: екесуміздің акыр-такырымыз -осы! – депті.

Асқа барып түсіпті. Шоң би ақын Сақауға:

Алдымен мына Шонтыжанға олең айтып, басыңдағы тақиясын алып ки, ырым болсын! Сонан соң бар да, ілкі бүрүн Саржан тереге айт онан сұра-тон. Өтебай жындыға айт, басынан соукелесін сұра. Қанша дүніне берсе, алма! Егер соукелесін берсе қалса, етегіңе ораИ, алды-ар-

тың қарамай, мұнда алып кел! Елі білсе, тартып алып қалар!— деп, батасы беріп, жөнелтіп.

Саржан тере олеңшінің елеңін керек қылмайды екен, алдына өлең айттырмайды екен. Бұл Сакау домбыра алмайды екен, домбырасы жоқ болған соң, мұның кім екенін қайдалап білсін?! Саржан төрениң алдына барып, шарт жүгініп отырып, өлеңді қоя беріпті. Сонда айткан өлеңі:

*Құдай артық жаратқан тілегінді,
Гауһар тастан жаратқан жүргегінді!*

Бір тарғықанда, еткізген жеті шоттан,
Айналсан да, болмай ма, білегінді!— дегендеге,

Саржан тере:

— Токта, токта, сөзің түгел болды, жетті. Аузыңа сез салып тұратының күшті перің бар ку екенсін. Мынаган бес көк алабас атан, бес дүріне шапал ап келіп беріндер! — депті.

Оны Шоң биге беріп жіберіп, Өтебай жындыға барыпты. Бұл Өтебай жынды Алтай: Тоқаңың Тоқасынан, Қектің көліндегі Инем баласынан шыққан сал екен. Әкесі Күшікбайга он екі мың жылды біткен екен. Сол он екі мың жылды мұны жынданырмай, қалай тыныш қояды?! Осы асқа киіп келуге езін арнап саукеле жасаттырған екен. «Тока: Сапак қызының соукелесінен де артық болсын, Алтай: Алдажуман қызының саукелесінен де артық болсын!»— деп, жасаған үсталар: «Жұз биенің құнына, пұлышы жеткіздік» — деген екен.

— Осы асқа бағраның бәрінен бік боламын, — деп, саукелені басына киіп түйеге мінни келген екен.

Ози бір үйде жалғыз жатады екен де, сауке-ле басында, улкен күс жастық арқасында, аяқ жаташа есіктің айна қойдырып, өз түрін езі шашадан көріп:

— Бар түрің осы ма, бар болғаның осы ма? — деп, — Ішіңе сиейін, көтімді сүртейін!— деп, шүзшін осыртып, айнаға қарап, ернін шығарып, оны-озі келемежед жатады екен.

Сақау кіріп барып өлеңді қоя берді.

— Үйден барып, қысырап ал, — деді, — жұзді ми, мынды ал,— деді.

— Басынан бермесең, тіпті алмаймын!— деп, бұл да олеңмен ерік еліне қоймай бүріп кетті.

Озім де сүйкіміз болып, түрімді бұзып жа-тыр еді, ененді сінді әрман ап кетші, кормегенім осы болсын! — деп, басынан жұлып алып, есікке нарай лақтырды дейді.

Сақау алды да, жөнелді, Шоң бидің алдына иш келіп қойды.

Сегіз үлдан соң қөрген жалғыз қызы,... жанды үзатқанда, басына кигізсін, — деп, саукелені Шоңтыға байллады дейді.

Міне, бұрынғылардың бәрі әулие екендігі осындаидан білінеді. Қашша уста жыдьрып, жұз биенің құнына жеткізіп жасатқан исесі Өтебайға бір тақия есебінде болды. Еңбек қылыш алып келтен ақын, әдебій жіберіп алдышып отырыған Шоң, — бөріне де бір тақиядан артық құны болмады. Сонда Тока: Сапак бай:

— Қарқынбайдың жылқысы қашша?— деп сұрансты.

— Торт жуз бар шығар, — десіпті.

— Менің бір қыста соятұғын соғымым күрлү жылқысы жоқ неменің сабасы қандай

кіншадыңыз. Сіздей кісі қақпайтұғын менін соңғы сонша мұлтікіз, он болып кетті ме, болмаса менің ақымақтанып, әүейленіп кете берсін деңгеліз бе! – депті.

Сонда Шоң бай айтыпты: Сенің ана бір соңғың ашадай сөкеті бар еді, о бір сезіннің миннадай оғашы бар еді, жүрт көзінше топ ортасында пәлән-паспадан демегенім: «Қарарадан хан болды –деген Шоң да бұған бір ауыз бір көрсө деуге жарамады», – деп, елің катықтай қынап, сүттей үйіп, қалта қарап тұрып қалыны! – дегенім ройбі! – дегенде, Алышынбай жылап жиберген екен.

Айыркезенді ұмытпасаң, бір қаруын қайыраңсың, балам! – деп жүре берген екен.

Жиберген кісісіне айтып жиберді:

– Алышынбайға бар: «Би жиберді, Айыркезен енніде бар ма?» – десең болады, – деді.

Жиберген кісісі барып, айтып еді.

– Би қайда? – деді.

– Би атқа мінгеп жоқ, жатып алды, төсегін жайлап салып алды, – деді.

– Би мінбесе, біз не алғалы міндік? – деп, түсіп отырып қалған жерінен атына қайта мініп алып,

– Қарқабат, Қарқабат! – деп, ұран шақырып, аяғайды салып келіп, түсіп жатып алды.

Куандық кісісі үрпісіп, шошып қалып:

– Бұл қалай, бұл қалай? – десті.

Күптені жоқ бір ку таңдай суырылып соңсайды:

– Мұнда аруақтың соңы болған, Айдаболдың Шоңы болған Шоң деген кісі бар. «Қай жерде қарқашы тігеміз, атты қай жерден жибереміз? –

екен, көмек керек, – дегенін естіп, Шоң би, Құдай раҳмат қылсын, тамам ер тоқымды бір жерге үйіріп, сабаны соңың үстіне орнатып, туырлықты тестіріп, піспектің басын сонаң шығартып, далада ат үстінде тұрып пісетүғын қылып койыпты. Үкісін бұлғандатып, күмісін жарқ-жұрқ еткізіп, атпен пісіп тұрганын Сапак анадайдан коріп, келуге ұялып, қайтып кетіпти.

Бұрын бес Мейрам ортасында ас берілсе, Шоң биге келіп: «Қарақшыны қайдан тігеміз, атты қай жерден жібертеміз?» – деп, ақыл сұрайды екен. Бұл күнде Конырқұлжаның аға сұлтан, дуанасы күні, бұл Қайыркоңырдың заманы болып тұрган күні екен. Төрелік қылып, Шоңға келмей:

– Ат шабар! Ат шабарлап, қарақшыны алып шығып кетті дейді. Шоң би атқа мінбей, жатып алды. Бұл аста Қаз дауысты Қазыбек үрлағы болған Тіленші баласы Алышынбай би бар екен. «Ат шабар, ат шабар»-лап қарақшыны ала жөнелген соң, олар да шығып кеткен екен. Соңда Шоң би Алышынбайға кісі жиберді дейді.

Тіленші би өлгенде, Шоң би орнына дұға (дуа) қыла барып, бір күн, бір түн жатып қайтқан екен. Соңда Алышынбай жылрима жетпесген уыз-жас күні екен, Шоң биді шығарып салу үшін еріп шығып, «Айыркезен»-деген таудың түбінде аттан түсे қалып, рұқсат (ұлықсат) сұрап:

– Кеше бесінде барып түскеннен бұғін бесінде аттандыңыз. Сіз түскеннен аттанғаныңызша алдыңызда жұлдыздай ағып сойледім де, бір

деп, маган сабағат салмады!»— деп, киянқылық қылым жатқаны,—деді.

Төрелер:

— Біз ондаійн білмедік, бара көріндөр, қарақышының қай жерден тіксін дейді, атты қай жактан жіберсін дейді. Өзі білсін!— деп, кісі жібері.

Сонда олардың жіберген кісісіне Шон бибылай сейледі:

— Бұл Қорысбай асы бес Мейрам басын қосып, ақылдастып берілетін ас еді. Солай болғанда, қар сүйнан осылай беттеге көшіп, ошақ басына қонаутұғын едік. «Коптеген қонақ аттандырады, комектеген жау қашырады»— дегендегі, оп-оңай тарқайтын еді. Ағайын-тұғандық ақылға алмай, бір-екі тере не десе, сол болады дегенмен, «Төрек ерген ерін арқалайды» — демеді ме? «Тұлқі алмайтын жаман күс ат енбегі, Абылайдан басқа тере-ет енбегі» - деген сез бар емес пе? Ел жайлайға беттегенде, сауын айтылмай, елдің жайлайдаудан қайтарына қарсы айтылып, қайта көшіп бара жатқан беттімізден: «Ағайын шакырған асымызға келмеді!»— деп, үялғаннан зорға келдік, Сілестіден шығып келдік. Атымыздың мойны қатып, азаматымыздың сілесі құрып келді. Ерте тұрып, бүрсігүні ат шаппаса, жайымыз жок! — депті.

Сонан соң Қуандық қайта саба жылп, қайтадан соғым сойып, ас екі берді. Міне, Шонның қара қазактан бағы аскан жері-осы.

Айткан ертең етіп, бүрсігүні болды. Амантайдан қарақышыны тіктіріп, Қаралаға серттескен жерінен атты айдатты. Атты жөнелтіп жіберген соң:

Балуан, балуан!— деген айғай шықты.

Сонда Шонның балуаны Жаманқара құреске қашай түседі? Бұл Жаманқара мойнына қыл шылбырды құрметтіп байлатады екен. Ол шылбырдың бір үшін, бір бозбаланы атқа мінгізіп, тиқымының астына бастырып ұстаратады екен де:

— Олсен, айрылма!— деп айтады екен.

Бір-екі бозбаланы атқа мінгізіл, қолына құрық беріп, құрықтың жінішке басымен:

— Құрайт, құрайт!— деп, құрықтың астына атап, аямай тарсылдатып сабатады екен.

Әбден бойы қызып дуылдан алған соң, шылбырды жұылып кетіп, биеге шабатұғын айғырдай оқыранып барып, құреске түседі екен. «Жылқы жыныш бар»— дейді екен. Бұл бүйтіп түсken соң, мүшінмен құрескен олмей қалғанын зор ғанибет лен биледі екен.

Балуан жықты, бас бойғені алды дейді ғой!

— Ат келеді, ат келеді!— десті.

Қараса, өзге ат жок. Бір-екі қара келеді: біреуі – Барапқара, біреуі – жазған Қарала. Барапқара Қараланың алдына түсіп келеді. Сонда Шон қасындағы мергеніне:

— Ат ана Қараланың алдына түсетін немесі!— дегендегі, мергені он қолының сұқ колын үрттана шығып:

— Өне, аттым!— депті.

Қара мұрттай үшылты: Қоңырқұлжа төрениң қара аты екен. Устіне мінген бала - Мұрат: Аманкелді деген бала екен. Бұл Аманкелдің інсі Малкелдігө езіміз ауызба-ауыз жолыбып, сойлестік.

Куандық тағы жуандығына кетіп:

— «Қарала жерінен шапкан жок, жолдан қосылды, бейте бермейміз» — ге түсті.

Шоң би ат үстіндегі бармағымен мәндайын тіреп, көзін жұмып түр екен. Өзінш әдете екен: жай отырганда, көзін жұмып, бармағымен мәндайын тіреп отырады екен де, сойлеуге келгенде, көзін ашып, ақыра сойлейді екен. Шоңнан дыбыс шыққанда, басқа жанның аузына, сойлейін десе, сөзі аузына түспей қалады екен. Сонда Шоң сезі:

— Делегей етек, жуан қоныш Куандық ағамның баласы, қамшыңың көптігіне де сөз жок, ақылыңың жоқтығына да сөз жок. Аттың жерінен шапты, талас, гартысыз жалтыз келді, бәйгемді бер! «Қапым бар!»—десең атты қайта жіберуге бүйірамын. Өзім құңсіп далада тұрмаймын, Алдажұман ауылына барып жатамын. Тағы бір аттың құйрық тістесіп Қараланың соңынан келеді. Екі аттың бәйгесін сол жерге алып келуге бас бұрып, бұл етпейсіндер!—деп, атты қайта айдатып жіберді де езі жөнелді.

Алдажұман ауылынан келіп түсіп жатып алды. Астан бұрын Абайділда хан түскен екен, оған да бір ат сойып, жеті ерек жойткен екен. Шоң биге де бір ат сойып, жеті ерек жойтті.

Айтса, айтқандай болып, Қараланың соңынан бір қарасқа ат құйрық тістесіп келіп, екі аттың байгесін шып-шыргасын шығармай Алдажұман ауылнан жатқан Шоңға айдал келіп берді.

Бұл қарасқа ат Айдабол — Құліктің Құлігінің ішіндегі есіп-онген Майлытон— Шегірдің

Копейұлы М.Ж.

Шегірі «Әлсіңійрдің (Алсысойырдың) қарақас-қасын» — атанған екен. Үстіне мінгел баланың шығы: «Жайылған» екен: «Қарақасқа жырма бесім шейін шаптый»— деген екен.

Сонда Куандық Сапак байға өкпелепті; оқпелеген себебі— қарақаш тіккен тобенің басында Сапак Шоңның қасында отырып калған екен.

— Шоң Сүйіндік күты еді, сен Куандық күты елің. Екі жарылған жерде ез ортамызда отырмай, Шоңның қасында неге отырып қалдың? Сен ез ортамызда болсаң, бүйтіп мәндайымыз жып-жылтыр болып қалмайтұғын едік!— десіпті.

Сонда Сапак айтыпты:

— Шоң деген кісінің алды— жарық, арты қарасты екен. Шоңнан былай бұрылып кетейін десем адасатуғын болдым. Мен оның қасына ғүсейн деп түсіппін бер? Амалсыз түстім: алдын-жарық, артын— қарасты қылып, бақытын аса тор қылып жаратқан Құдайға өкпелендер. Шіркіндер, Құдайдан деп білмей, менен көрді тон!— депті.

Алдажұманнан аттанып, былай елсізге шыққан соң, Қарасекес, Сүйіндік болып, бір жерде түсіп, бәйгесін ортага салып, үлесіп алыныпты. Аттың, балуаның бәйгесінен Сақау ғойгесі он есе үздік болып шығыпты. «Жүйрік ші, шешен жігіт жүрттың бағына тудады» — дегенді көзбен көріп, нанысыпты. Ақын Сақау шілге барған соң:

— Маған дүниес малын берсөң, алмаймын. Осы көптің көзінше, Шоң маған оң батайды берни! — деп, ұшып түрегеліпти, сойтіп бата алышып-

ты. «Шоң биден, шешен болды, бата алған соң!»—деген сезінің мөнісі осы екен. Сол астана қайтып келе жатып, Токада: «Үш қозы»—атанған: Телқозы, Байқозы, Қарақозының Телқозысына түстену үшін түсे калғанда, Телқозының бәйбішесі сабау ұстал, қымыз құйып отырып, Шоңының карапалысына көзі түсіп, бойы інген екен. Кідірмей бір ұл тауып, атын Шоң койған екен.

«Күні Кеше Алтай: Токада атағы жер жарып: «Шоң болыс» – атан Шоң сол еді», – дейді.

«Токсан ауыз сездің түймедей түйіні бар»—деп, бұл әңгімени ұмыттыраған Сақаудың бір ауыз олеци:

*Мейрамның бас қосқанды бес баласы,
Бул Қайырқоңыр екен дұнбасы.
Куандық Корысбайға ас бергенде,
Жананың келген екен Қараласы.
Бес Мейрамның ұлына түгел жесткен
Каржымбайдың үкілі бір сабасы.*

Қарқымбайдың сабасы Кетеш ақынның олецине косылған:

*Қаралтайдаңы баласы Қаржымбайды,
Мырзальығын Байғананы алқымдайды.
Үкілі піспек болғанда, күміс ожсау
Жынын сайын сабасы жарқылдайды.
Қүйіп ішер үйінде саумалы жоқ,
Олжаш неге би болып барқылдайды?*

Олжаш деген Күлік: Дербісөлі баласы— Олжаш би. «Олжаш би—дейді екен, – сезі бөтүасыз, берекесіз, езі де онғаған, арты да мәз болмагаш жан» — деседі. Осы жаздың келешек қысыны Шоң би дүниеден қайтып, денесін былғарыға тігіп, қыс ішінде жұз жылқымен Хазірет

(Әйрет) Сұлтанға апарыпты. Әзіретідегі қожашар: «Арқага қойып, үш жылдан соң ап келсөн едіндер. Еліңің құты екен, құт шайқалды гой!»— десіпти.

Шоң бидің олғен жылы қой жылы екен, келер ысына «Кү мешін»—деген жұт болышты. Шоң олғен жылы туған балалар екен. Шоңның өз немересі, Текі баласы Бажықай, Ақын баласы Лиман өмірінде онбай, қара қасқа кедей болып, енбеті жылтырап, қартайып еліпті. Шоң олғен соң жаз шыға ас беріпті. Сол асқа Батыр – Бөрмешің Бәрмені «Алакөз», «Кесеу»— деген екі атын алып келіп қосылты. Үндемей қосқан жоқ, айтып қосылты:

— Енді, Қарала, саған байғенің алды түгіл, қаямиң қақ басы да жоқ!—деп.

Айтса, айтқанында болып, Шоң бидің ысында Алакөз, Кесеу екеуін қүйрек тістесіп келіпті. Қарала төртінші болып зорға ілінітті, Қалғанының алды осы дейді.

«Кү мешінде» жұрт жұтап қалғанда, Кетеш ықиниң айтқан екі ауыз олеци:

*Қозған, Қақсал төп-төгіс қақсан қалды,
Жылқы – отарда, қолдағы ат ақсан қалды.
Баянаула бауырында Жанқозы атаң
Кара малдың түкымын жақсы ат қалды.
«Ақыл», «Сексен»—атанған еліміз-ди,
Аппен тартып қағатын жесілімізді.
«Мал кетті!»— деп, бозбала, мұжаймандар,*

Азар болса, үш жылғы төліміз-ди.

Айдабол: Боштай баласы Хұсайын, Қарасекес: Алшынбай баласы Қақабай, Қаржас: Грекебұлан баласы Жантемір- Шоң олғен жылы

тұған балалар. Осы айтылғандардың жиырма бес мүшесіндегі тұған Машын Жұсіп езінен жиырма бес жыл бұрын өлген Шоңың қасында бірге жүрген бе, қалай?

Шоң билің Қуандық еліндегі асқа баруы (екінші қысқа нұсқа)

Қуандық асында Жананның Қараласы келген жолы, Қуандық:

— Жері жақын болды, қайта шаптырамыз! — десіп, болмады дейді. Сонда Шоң айтты дейді, ат үстінде бармағымен маңдайын бір тіреп алды да:

— Жұан қонышты, делегей етекті Қуандықтың баласы, сенің қамшының көп скендігіне де ешкімнің таласы жоқ, ақылыңың жоқ екендігіне де ешкімнің таласы жоқ. Атым талассыз келді, бәйтемді бер! Қайта шаптырасын, тағы бір атын тағы келеді, екі аттың бәйгесін бересің! Мына мен күнқақты болып далада тұрмаймын. Жұман байдың аулына барып түсемін. Өздерің артымнан бәйтемді сол жерге атпіл беріңдер! — деп, атты қайта шабуга жіберіп, езі Жұман аулына келіп түсіп жатып алды дейді.

Алданда Абайділда хан түсіп, оған да бір ат, жеті ереккөй сойып үйіткен екен. Шоң биге де бір ат, жеті ереккөй сойып күтті дейді. Бидін айтқаныңдай, Қарала ат тағы алдында келіп, оның соңынан Айдабол-Қаржастың және бір аты жалғас келіп, екі аттың бәйгесін шып-шыргасын шығармай, Жұман аулында жатқан Шоңға әкеліп қолдан тапсырды дейді. Отебайдың сәүкелесін Шоң Шонтының қызының

Конейұлы М.Ж.

берігізді дейді. Немере інісі Сапактың, Байсақал қызы, келінін Мұса мырза әдейі көріп сейлескен екен:

— Елінің «жынды», — деген сезіменен, жыны жоқ екен. Төмен етекті әйелдің сымбатты, симқыт, қылыштысы екен. Аулының мінезін қарғапай, менсінбегендіктен, «жынды» атанған екен. Сонда бір шай қайнатты. «Үйімнен келген шаш еді», — деп, әудем жерден ісі мұрын жарып шылғып тұратуғының езі екен.

— Осы отырган аулым осының ісінің не скептін білмей: «Көп сақтаған сон, сасып кеткен гой!»—дейді. Мен жынды болмай, кім жынды болсын, обалым әкеме болсын! Мені осында жерге қор қылыш бергенде, қызықканы мал болса, үрім-бұтағы мал көрмей, шұбырып өтсін! — деп, оз әкесін қарғап, жылады дейді.

Сол келінін енеси шағыстырып, Сапак нақақ олтірген. Мұнда Сапак та қаңғырып, жылу өрірады. Онда Байсақалдың арты да қай оңа қойыды дейсіп? Үрғашы болса да, көз жасы далаға кеткен жоқ шығар.

*Мейрамның бас қосқанда бес баласы,
Бұл Қайырқоңыр екен дуанбасы.*

*Қуандық Қорысбай ас бергенде,
Жананның келген екен Қараласы.*

Қуандық асына алпып барғанда, Қарала — жиырма төртте еді. Шоң би — алпыс төртте екен. «Қаракшы тіккен тебенің аты — Амантай еді», — деседі. «Қоңырқұлжаның атына шапқан бала-шың аты — Мұрат: «Аманкелді» — деген бала еді», — дейді.

Ұлбике

Ұлбике [I] – ошакты, әкесі Жангелді де ақын. шешесі Жаңыл да ақын болған.

Ұлбикенің езіп жүн жеп жабагы тышкан бір байдың баласы қатындыққа алған екен. Қолына келін болып түсken соң: «өлең айтсан көзінді жоғалтамын, қарашығынды батырамын», – деп көяды. Жаман шірік иті үйде жоқ болған карсаңда бір той болып, ауыл-аймағымен, қайын ағалары «сөні біз сабаттаймыз», – деп тойға алып барып, тойдан қайтып келсе, иті келіп қалып «сөні ме» деп кіжініп, отырган үстіне оқтай ұшырып, койдың бір қатқан санымен қақ бастаң періп қалғанда, мұрттай ұшып, кете барылты.

Жұрт жиылып қалды, төркіні де аралас-құралас екен, құн сұралы. Сонда төркінің таңдау берді. «Бидің билігіне бересің бе? Пайғамбардың шаригатына көнессің бе? – Үй іші: «Пайғамбар шаригатына салдық» – деді. Сонда шаригат айтатуғын Құдере қожа екен. Айтқан шаригаты: «Өлер Ұлбике өлді, аяр да ас жоқ, тояр да ас жоқ. Мұны сойындар, өкпесін алып көріндер. Өкпесінде жазу жоқ болса, онда тойға бару, елең айту эйел жынысына дұрыс емес, езі кінәлі, бұған тұк болмайды. Егер өкпесінде жазу болса, онда ғұзыр айтпаса ішін жарып кетеді. Үш кісінің құнын берсін. Сүйек құны, онер құны, қара құн! Ұлбикені сойып, өкпесін алып көрсө, өкпесі жыбырлап тұрган жазу екен. Көрген жұрт ботадай, боздалтый. Кезімен көрген жұрт күйгендіктен, Бойтан серіні бас жестім үшін құнына беріпти.

Болтірік шешен

Ұлы жұз үйсіннен Болтірік би [I] шығыпты. Онымен замандас қыргыздың бір ханы бак-күйдес болып, қыргыздан пәлен шешен, түген шешен дегендерді алдырып, айтыстыра беретін сұқылды. Бір күн қыргыз-қазақтың бас қосқан жиһілсызында қыргыз-қазақ байлық айтысқанда, Болтірік би айтты дейді:

– Қыргыз шіркіннің байлығы сол, көшкен салыны ошағын жүртіна қалдырып көшеді мой, – дегі. Ол сезінің мәнісі қыргыз ошак алмайды, үш тасты ошак қылыш, қазан асады, көшкенде ол гасты артып кеше ме, жүртта калмак кой.

Қыргыз ханының жалғыз баласы жардал құлап, қарансуалып қалыпты. Болтірік: «Қыргыздың көжасы мен тұк білмес бықсық байшына саба жиындар, ту бие алып жүріндер, ханың баласына бата қылайық, көніл айтайық», – дегі. Сонда байлар: «Саба жиярмыз, ту бие ширазмыз, не деп көніл айтамыз, дәнeme біл-мейміз», – дегендеге Болтірік би саба аппаратын, ту бие аппаратын байға алдымен сен сейле: «Жазғытұргы кез, жаманышылық уақ кой, ейтіп-бүйтіп бір сабаны арең толтырып алып келдік, – десін» дегі. Хан сезінде балқып сұлап жата кетер, сонда екінші біреуін айт: «Түйе шіркін мен тере шіркіннің басы бір кисайған соң она ма», оған теге біреуін: тере өлметегенмен көп бола ма, бірі кілса да тек бола ма? – дегейсін, дегі. Үшлеуі үш сөзге ие болып, үғып альпты. Кетеріле аттаңып барып, сабаны үйге кіргізіп, хан алдына қойған соң, саба жиганы масаттанып, «Алдияр, так-сыр, жазғытұргы уақ, жаманышылық кез мой, бір

сабаны ейтіп-бұйтіп өрөң толтырып әкелдіқ», – дегенде, баласы өліп, қарасы суалып отырган хан жарылып кете жаздал, құлай кетті дейді. Онымен қоймай, екінші біреуі былшылдауды, үшінші біреуі тағы сондай. Сонда Бөлтірік би:

– Аққұ құсқа оқ тисе,
Қанатын суга тигізбес.
Ақсүекке оқ тисе,
Қарашиға сырын білдірмес. – деген
Котер, хан, басынды,
Мұжайтпа елінді,
Бекем бу белінді, –

дегенде, хан құліп жіберіп, басын көтеріп: «Мына иттерді былшылдатып қойған сен екенсін ғой!» – деген екен.

Бөлтірік қырғыздың ханына тағы бірде барғанда оған: «Тойға баратұғын апайларша үзын-қысқалы кініп жұргенің қалай?» – деп қырғыздың ханы құлпіті. Хан құлғен сон үй тола отырган қырғыздың бері күледі ғой. Сонда Бөлтірік:

– Ой, тақсыр-ай!
Үл ескен соң үл киеді,
Қызы ескен соң қызы киеді.
Бала-шагамен мен киемін деп,
Күімге таласайын ба?
Бір жаққа барарда солардың күімінің
Қай қолга түскенін кие саламын.
Ұзыны болса – қызыымдікі,
Қысқасы болса ұлымдікі.
Ұлы жсоқ, қызы жсоқ.
Қу бас болсам,
Күім табылмай ма? –

депті.

Қыргызда жан сейлеспейтін, аламаннан озған Ашық деген ділмар бар екен. Хан Бөлтірікпен қындыстуруға сол шешенді алдырып, үйінде сақтағаны. Бір қалын жиындыста Бөлтірік ғүрілдеп соғыспен отырганда, қыргыз шешені:

Ат екаманы соқтақысыл.
Адам жаманы тақтақышыл деген, –

депті. Онда Бөлтірік:

– Создің көркі мақал-ды,
Ердің көркі сақал-ды.
Сақалы жсоқ қоселер,
Қасабалы тоқал-ды, –

дегендес, көс ұлымп қалып, тұра жөнеліпті.
Сонда Бөлтірік:

– Қосені үйге кіргізбез,
Артын жерге тигізбез.
Кесірі жұгар көпірдің,
Қуалап жүріп,
Құйрығын жерге сүйгізбез, –
деген екен. Құдай рақмет қылсын Бөлтірік биге,
кісі болса осындей болсын!

1. Тұрмыс салт жырлары

Жар-жар (1-нұсқасы)

– Бір толарсақ, бір тобық
Санда болар, жар, жар!
Қырық кісінің ақылы
Ханда болар, жар-жар!

«Әкем-ай!» – деп, жылама,
Байғұс қыздар, жар-жар!
Әкең үшін қайын атаң
Онда болар, жар-жар!

— Жазғытүргы ақша қар
Жаумақ қайда, жар-жар?!
Кұлын-тайдай айқасқан
Оң жақ қайда, жар-жар?!

— Азар жақсы болса да,
Қайын атамыз, жар-жар?!
Айналайын әкемдей
Болмақ қайда, жар-жар?!

— Бір толарсак, бір тобық
Санды болар, жар, жар!
Қырық кісінің ақылы
Ханда болар, жар-жар!

«Шешем-ай!»—дең, жылама,
Байгүс қыздар, жар-жар!
Шешен үшін қайын енең
Онда болар, жар-жар!

— Жазғытүргы ақша қар
Жаумақ қайда, жар-жар?!
Кұлын-тайдай айқасқан
Оң жақ қайда, жар-жар?!

Азар жақсы болса да,
Қайын енеміз, жар-жар.
Айналайын шешемдей
Болмақ қайда, жар-жар?!

Бір толарсак, бір тобық
Санды болар, жар, жар!
Қырық кісінің ақылы,
Ханда болар, жар-жар!

«Ағам-ай!» — дең, жылама,
Байгүс қыздар, жар-жар!
Леген үшін қайын ағаң
Онда болар, жар-жар!

Жазғытүргы ақша қар
Жаумақ қайда, жар-жар?!
Кұлын-тайдай айқасқан
Оң жақ қайда, жар-жар?!

Азар жақсы болса да,
Қайын агамыз, жар-жар,
Айналайын, агамдай
Болмақ қайда, жар-жар?!

Бір толарсак, бір тобық
Санды болар, жар, жар!
Қырық кісінің ақылы
Ханда болар, жар-жар!

«Женгем-ай!» — дең, жылама,
Байгүс қыздар, жар-жар.
Женең үшін абысын
Онда болар, жар-жар!

Жазғытүргы ақша қар
Жаумақ қайда, жар-жар?!
Кұлын-тайдай айқасқан
Оң жақ қайда, жар-жар?!

Азар жақсы болса да
Абысыным, жар-жар?!
Айналайын женгемдей
Болмақ қайда, жар-жар?!

Бір толарсақ, бір тобың!
Санда болар, жар, жар!
Қырық кісінің ақылы
Ханда болар, жар-жар!

«Інім-ай!»-деп, жылама,
Байгүс қыздар, жар-жар?!

Інің үшін қайын інің
Онда болар, жар-жар?!

Жазғытүргы ақша қар
Жаумақ қайда, жар-жар?!

Құлыш-тайдаи айқасқан
Оң жақ қайда, жар-жар?!

Азар жақсы болса да,
Қайын ініміз, жар-жар?!

Айналайын інімдей
Болмақ қайда, жар-жар?!

Бір толарсақ, бір тобың
Санда болар, жар, жар!
Қырық кісінің ақылы
Ханда болар, жар-жар!

«Сіңлім-ай!»-деп, жылама,
Байгүс қыздар, жар-жар?!

Сіңлік үшін қайын сіңлік
Онда болар, жар-жар?!

Жазғытүргы ақша қар
Жаумақ қайда, жар-жар?!

Құлыш-тайдаи айқасқан
Оң жақ қайда, жар-жар?!

Азар жақсы болса да
Қайын сіңлім, жар-жар?!

Айналайын сіңлімдей
Болмақ қайда, жар-жар?!

Бір толарсақ, бір тобың
Санда болар, жар, жар!
Қырық кісінің ақылы
Ханда болар, жар-жар!

Шымылдығың серпі сал,
Көрсін әкең, жар-жар!
Көздің жасасын көл қылыш,
Төксін әкең, жар-жар!

«Жылда-жылда ногайдан
Пул аламын, жар-жар!
Бір міндеттен құтылдым!», -
Десін әкең, жар-жар!

Шымылдызың серпі сал,
Көрсін шешен, жар-жар!
Көздің жасасын көл қылыш,
Төксін шешен, жар-жар!

«Жылда-жылда бояжасама
Бояй бердім, жар-жар!
Бір міндеттен құтылдым!» -
Десін шешен, жар-жар!

Шымылдығың серпі сал,
Көрсін ағаң, жар-жар!
Көздің жасасын көл қылыш,
Төксін ағаң, жар-жар!

«Жылда-жылда базарға
Мал сатам» - деп, жар-жар!
«Бір міндеттен құтылдым!» -
Десін ағаң, жар-жар!

Шымылдығың серпі сал,
Көрсін жеңгөң, жар-жар!
Көздің жасасын көл қылыш,
Төксін жеңгөң, жар-жар!

«Жылда-жылда қүйеүге
Анарам» - деп, жар-жар!
«Бір міндеттен құтылдым!» -
Десін жеңгөң, жар-жар!

Шымылдығың серпі сал,
Көрсін інің, жар-жар!
Көздің жасасын көл қылыш,
Төксін інің, жар-жар!

«Жылда-жылда үй ішін
Топыр қылмай, жар-жар!
Бір міндеттен құтылдым!» -
Десін інің, жар-жар!

Шымылдығың серпі сал,
Көрсін сіңлің, жар-жар!
Көздің жасасын көл қылыш,
Төксін сіңлің, жар-жар!

«Жаман жездем жалпылдан,
Келе бермей, жар-жар!
Бір міндеттен құтылдым!» -
Десін сіңлің, жар-жар!

Жар-жар (2-нұсқасы)

- Алып келген базардан
Қара насыр, жар-жар?
Қара қүйрық сәүкеле
Шашың басар, жар-жар!

«Әкем-ай!» - деп, жылама,
Қыздар байгүс, жар-жар!
Әкең үшін қайын атаң
Орын басар, жар-жар!

Алып келген базардан
Қара насыр, жар-жар!
Қара қүйрық сәүкеле
Шашың басар, жар-жар!

«Шешем-ай!» - деп, жылама,
Қыздар байгүс, жар-жар!
Шешен үшін қайын енең
Орын басар, жар-жар!

Алып келген базардан
Қара насыр, жар-жар!
Қара қүйрық сәүкеле
Шашың басар, жар-жар!

«Ағам-ай!» - деп жылама,
Қыздар байгүс, жар-жар!
Ағаң үшін қайын ағаң
Орын басар, жар-жар!

Алып келген базардан
Қара насыр, жар-жар!
Қара қүйрық сәүкеле
Шашың басар, жар-жар!

«Жеңгем-ай!» – деп, жылама,
Қыздар байгүс, жар-жар!
Жеңгөн үшін абысын
Орын басар, жар-жар!

Алып келген базардан
Қара наасар, жар-жар!
Қара құйрық соукеле
Шашың басар, жар-жар!

«Інім-ай!» – деп, жылама
Қыздар байгүс, жар-жар!»
Інің үшін қайын іні
Орын басар, жар-жар!

Алып келген базардан
Қара наасар, жар-жар!
Қара құйрық соукеле
Шашың басар, жар-жар!

«Сіңлім-ай!» – деп, жылама
Қыздар байгүс, жар-жар!
Сіңлік үшін қайын сіңлі
Орын басар, жар-жар!

2. Жұбату

Қара суды жасагалай қаз барады,
Анасынан айрылып қыз барады.
Қара сүеге қан құйсаң, агар кетер,
Жат кісіге қыз берсең, алар-кетер!

Жылама, бикем, жылама,
Көзіңнің жасасын бұлама!
Үл бол тусаң әуелден
Сені мұндай қыла ма?!

Бүркендіріп қоя ма,
Көздің жасасын бояма,
Біз бермейк десек те,
Мал бергенің қоя ма?!

Ол кеңеске кірмессің,
Тұр десек те, тұрмассың,
Өзіңе билік тиген соң [I],
Жұртыңа тұлға болмассың!

Сен жылайсың: «Үйім!» – деп,
«Жиганым – қызыл бұйым!» – деп.
Әкең сенің ойлайды:
«Отырағаны балам қын!» – деп.

Сен ойлайсың: «Барсам!» – деп,
«Бір үйге тұлға болсам!» – деп,
«Оз алдыма мал салып,
Адамшалық құрсам!» – деп.

«Ақша отауга кірсем!» – деп,
«Барша манат кисем!» – деп,
Тілеуің бекем алдыңда:
«Әлділеп бала сүйсем!» – деп,

Сәрсенбі құні тоімыңыз,
Құтты болсын тоімыңыз,
Тілеулі құнитты тоімыңда
Көп жылауды қойыңыз!

Жыламай құлақ салыңыз,
Бу сөзіме наныңыз!
Мен айттамын осиет
Тыңдал, үгіп алыңыз!

Мұнан көшіп кетерсің,
Шын еліңе жетерсің!
Тең құрбың ішікса алдыңан,
Ойнан, ойлан етерсің.

Тең құрбың келіп сойлесер,
Қалжыңдастып ойнасар,
Жақсы-жаман екеніңді
Ойнаган болып барласар!

Құрбың келсе, қүлгейсің,
Әдеппенен жүргейсің!
Салмақпенен сөз сойлен,
Жақсы жауап бергейсің!

Бұз барғаннан барапсын,
Ата-енеңе барапсың!
Дүниесін құрметтеп,
Қабагына барапсың!

Құлдаі малын баққайсың,
Құндей жұмыс қылгайсың!
Ата-енеңе жасақтайсың!

Ата-енең айттар: «Келінім!» – деп,
«Келінім жасыс елім!» – деп,
Бөтен жақ, жат жұртына
Жақсылығың білінер!» – деп.

Қорана боліп мал берер,
Алдыңа келіп дәм берер!
Арқан есіп, жүн түтіп,
Адамшылық құра бер!

Адам болсаң, өлмессің,
Еш жамандық көрмессің!

Жақсы болсаң, білерсің!
Жаман болсаң, білмессің!

Күйеуіңді күткейсің,
Оз басын құрметтеп кеткейсің!
Қанша көңілің қалса да,
Біріңе-бірің түтпейсің (түтпайсың)!

Жыртық қылма күмін,
Шашапа жисиган бүйімін!
Күйеуің келсе бір жасақтан,
Оңай қылып түр қиынын!

Біріңді-бірің құрметтеп (құрметтеп),
Қызықпенен қүнелтсөң!
Келістіріп дүниесің,
Ақ сұңқардан түлетсөң!

Шаригаттың белгісін,
Білсөң жасыс үлгісін!
Сөзге сиңың қылдырмай,
Күтсөң жасыс құрбысын!

Аз асынды қөп етсөң,
Көп асынды қөл етсөң,
Бар асынды даяр қын,
Қонақты сыйлан жөнелтсөң,
«Мұниша қызмет қылды!» – деп,
Күйеуің көңілі жай болар:
«Малым адад болды!» – деп.

Күн жұмсасаң, қорлама,
Тіл алмаса, зорлама!
Тәтті, дәмді асынды
Онан бөлек үрлама!

Күл жұмсақасаң, үрманыңз,
Оған қорлық қылмаңыз,
Жетім ҳақын ойлаңыз!
Бұл сөзіме наңыңыз!

Өзің сараң болмаңыз,
Сараңдық атақ алмаңыз,
Қонақ қонса үйіңе,
Табагына шек-қарын салмаңыз!

Жаман қатын белгісі:
Әр неден жоқ үлгісі,
Қатты болар үйкесі,
Шірік болар терісі.

Жаман қатынның белгісі
Әр неден жоқ үлгісі,
Сасық болар үй-иши,
Онан жаман ез иісі,
Еш келмейді келісі!

Талқан түйіп, қызып берер.
Қарны тоғсын деп берер.
От басының боктығын
Төр алдына ат келер!

Аяқ болар құмғаны,
Қолын малып жүрганы.
Үсті-басы бок болар,
Қас құдайдың үрганы!

Шашы жүрер жасалбаңдан,
Балагы жүрер салбаңдан.
Маңдаидан шашы бүркүрар.
Екі емшегі салақтан!

Ол—адамнан үялмас,
Өзінің дүниелігін жасия алмас!
Өзінің малын танымас,
Қатын болып дәнегеме жарамас!

Замананың азганы,
Анштан байтал озғаны,
Некесізден хан тұрып,
Қайран қазақ тозғаны!

Сарғайып атқан сары таң
Сауле беріп көрінді.
Оқыра жүрген бұрыл ат
Тұсында сенің бүгілді.

Мінгенде атың боз гана,
Күңеуің жап-жасас бозбала,
Пайембар қызын ұзатқан,
Солар бір салған жекол гана!

Қыстаң бір тікітің сыйсұма,
Айтарым, жасар-жасар, сыйсұма!
Әжептәуір бала едің,
Обалың қырық бір жылқыга!

Бұрынғы заманда «сынсыма» – дейтін сарт
колы бір мата болушы еді, үргашылар койлек
кіюші еді. Алдынғы «сынсыма» дегені – сол,
соңғысы «жылқама» дегені.

Күңеуің жүр күлімден.
Қолына түйт жылқысы.
Ата-енеге жасақтайды
Келіннің шайпау тілдісі.
Ұзаттай сені қайтеді,
Зылиқа, Зәуре – екі атаң
Анаңтың салған үлгісі!

Мінгенде атың жириение,
Тықырышын түрмас мінгение,
Шын [сөн] ақылын кіргение,
Ақ тайлак шыгар інгение!

Мінгенде атың боз гана,
Күйеуің жас-жас бозбала,
Тана бір моншақ тағарсың,
Тұңғышың болсын қызы бала!

Сәрсенбі күні тоій етер,
Дүрілден, желден қой кетер.
Сен кетсөн, шешең жүдейді,
Келіні келіп күнелтер!

Әуеден үшқан сона-ды
Саялы жерге қонады.
Артыңда сіңлік жсоқ болса,
Шешең қынын болады!

Мінгенде атың ала-ды,
Теңселе басып барады.
Жыламай аттан, бикем-ай,
Апарып шешең салады!

Мінгенде атың ала-ды,
Тең күрбың мұнда қалады.
Жыламай аттан, бикем-ай,
Жаз бір, күз бір барады!

Мінгенде атың тенбіл көк,
Тең күрбың қалды мұнда көп.
Орамал берсең, барша бер,
Мақтайды сені мына көп.

Есіктің алды құмдақ-ты,
Құмдақтан қоян зымырапты.
Атасы басқа жау жеңеғе
Отауга салып тыңдапты.

Есіктің алды тастақ-ты,
Тастақтан коян бас бақтты.
Атасы басқа жау жеңеғе
Отауга салып тастапты.

Есіктің алды шашу ойын (үйін),
Шешең бір шашар шашуын!
Қалыңға берген кырық жылдық
Кешке де алар ашуын!

Жайықтан үшқан жалғыз қаз,
Еділден үшқан екі қаз,
Біреу шашкан, бірі боз,
Сандығың толған сары боз!

Әуеден үшқан көбелек,
Күйеуің жаман сүмелек,
Келіниек болып түскен соң,
Күн көрсетпес төпелен.

Беташар

Келін күйеудің үйіне келгенде, сөлем етіп отырады. Күйеудің туғандары, ағайындары бөрі отырады. Оナン соң бір кісі [1] ағаштың басына бір асыл бүйім шүберек байлат алып шығып отырып, келіннің басындағы бүркенген желегін көтеріп, бетін ашып, былайша өлең айтады:

*Айт, айт, келін, айт, келін,
Атыңың басын тарт, келін!*

Сауықсаннан сақ, келін,
Жұмыртқадан ақ келін!

Кер биенің – құлышақ,
Салбыраган тұлымшақ.
Алдыңғы түйең – итіншек,
Артқы түйең тартыншақ.

«Алдыңғы түйең – итіншек!» – деп,
Көтке соқта, келіншек!
«Артқы түйең тартыншақ!» – деп,
Басқа соқта, келіншек!

Шу-шу болар, шу болар,
Құлагыңды бері сал,
Асылыңды кері сал!

Ата-енеңмен ұрыссын,
Қақаңдама, келіншек!
Үй артына мал келсе,
Бақаңдама, келіншек!

Таңертеп тұрып, келіншек!
Құрт үрлама, келіншек!
Өзің жастып, баілыңды
«Тұр-тұрлама!», келіншек!

Аузы – мұрның сүйрөндең,
Өсек айтпа, келіншек!
Қайынагаңың алдынан
Кесіп отте, келіншек!

Сары етігің салтылдан,
Сазды баста, келіншек!
Сауыр етігің шоіңқаңдан,
Тогай кезбе, келіншек!

Көн етігің көрпілден,
Ауыл кезбе, келіншек!
Жаулығың тік шошаңдан,
Бұзау қорыма, келіншек!

Атаң ақыл үйретсе,
Адьраімла, келіншек!
Енең акыл үйретсе,
Едірәйме, келіншек!

«Абысыным жақсы!» – деп,
Сырынды айтпа, келіншек!
«Қайындарым жақсы!» – деп,
Қойныңа алма, келіншек!

Келін, келін (келіңіз) көрініз,
Көрімдігін берініз!
Ала-құла деменіз,
Түсін айтып қойыңыз.

Жылқы берсөң, қоктен бер,
Өзі жүйрік беріктен бер!
Қайын атага бір сөлем!

Түйе берсөң, тайлақ бер,
Мұрындыын сайдап бер!
Түйе берссң, ақтап бер,
Өсеріне бақтап бер!
Қайын енеге бір сөлем!

Сиыр берсөң қараңдан,
Сіра да өлмес жарадан,
Қайынагаға бір сөлем!

Қойды берсөң, қоңырдан,
Осеріне ондыдан,
Абысынга бір сөлем!

Ешкі берсөң, сарыдан.

Құлак шыдамас- дауысының зарынан,
Кайын ініге бір сәлем!

Мүйізі пышаққа сап болар,

Терісі бұтқа қап болар,

Бұты толған бұлақ болар,

Іні толған лақ болар,

Ақтыны қрійді айдаған,

Алалы жылқы байлаган,

Осы жсанның үлкені-

Атасы, саған бір сәлем!

— Мінгенде атың боз гана,

Жоргасы бар аз гана,

Таналы моншақ тақұалы,

Тұңғышы болсын қыз гана!

Есіктің алды терек-ті,

Қатындар тоқыр өрмекті,

Барған жылы ұл тапсан,

Құдайдың берген ермек-ті!

Аргымақ келер аяңдан,

Акырын сөйле баяндан.

Қой келеді жыбырлан,

Акырын сөйле сыйырлан!

Қойды берсөң ағынан.

Өсер-өстес bogынан!

Мінгенде атың жириение,

Ойнақтап тұрар мінгение.

Сірә да, мауқың басылmas

Әлділеп бала сүйгение!

Ақ түнең татырауда,

Ақ тайлақ жасатып матауда.

Қызыңде (екен де) қысылдың

Мейлінше ойна отауда!

Есіктің алды ақ балық

Ақ балық етін қақталық.

Орамал берсөң барша бер,

Елге барып мақталық!

Есіктің алды ақ балық

Ақ балық етін қақталық.

Орамал берсөң, бозден бер,

Шыга беріп боқталық!

Бата үлгішері

Бата

Иа, Құдайым, жарылқа:

Жарылқасаң, малды қыл,

Біткен жүрттый алды қыл,

Бұған қас сағынғаның

Малын алып, жарлы қыл!

Алла ақбар!

Иа, Құдайым, бала берсін,

Мал мен басты жөнене берсін,

Саған қас қылған дүшпашаға

Табаныңың астына сала берсін!

Алла ақбар!

Иа, Құдайым, оңдастын,

Мың саулығың қоздасын!

Сексен түнең боталан,

Сегіз келін қомдастын!

Тілешінің биесін берсін,

Үйсін, Қоңыраттың түмесін берсін,
Біткен аруақ бәріне тиे берсін!
Алла ақбар!
Құдайым, жарлықасын, бай қылсын
Төрт түлігін сай қылсын!
Кемпес дәулет берсін.
Кең пейіл берсін!
Құрмалдығың қабыл болсын,
Тілеуің дұрыс болсын.
Мұратың хасыл болсын,
Тілеген тілегінізді берсін!
Аллаақбар!
Асың, асың, асыңа,
Береке берсін басыңа!
Бөденедей жорғалап,
Қыргауылдай қорғалап,
Қыдыр келсін қасыңа!
Осы тұрган боз үйге
Қыбыр ата дарысын!
Бәйбішесі бұл үйідің
Он екі құрсақ көтеріп,
Ұлға көзі жарысын!
Желінің о шеті мен бұ шетінене
Оқ жіберсе, жетпесін!
Тәнірі берген несібен
Тепкілесең, кемпесін!
Әр кезде байлық кемпесін!
Кешке келіп шулатқан,
Қошқаидың атасы—
Қошқар бассын үйінді!
Бақайлары шыртылдан,
Мұйәздері жылтылдан,
Үй арасын боқ еткен,

Іисе, айранга тоқ еткен,
Бұзаулардың атасы —
Бұққа бассын үйінді!
Шудаларын шаш басқан,
Артқы өркешін қом басқан,
Ботақайдың атасы —
Бура бассын үйінді!
Шыңғыр-шыңғыр кісінескен,
Тышып, бояғын іскескең,
Құлыншақтың атасы —
Лігір бассын үйінді!
Саган қас қылған кісінің
Базарға барып, аты өлсін!
Ерте кетіп, қайтқанда,
Үйнегелсе, қатыны өлсін!
Көтіне тышқақ тисін,
Колына пышақ тисін!
Тышқағын тыйылмасын,
Тесең жишилмасын!
Шаңырагы шартылдан,
Шандырына қадалсын!
Босағасы бортылдан,
Борбайына қадалсын!
Күлдіреуіші күрт сынып,
Котіне қадалсын!
Алла ақбар!

Бұрынғылардың батасы

Әуегі Құдай жарылқасын,
Пайғамбардың берекетін берсін!
Әбубекір, Сызықтың салауатын берсін,
Әділ Омардың һайбатын берсін,

Әзіреті Оспанның ұятын берсін,
Әзіреті Әлінің құатын берсін!
Ибраім пайғамбардың малын берсін,
Әкім Луқранның жасасын берсін,
Әкім Сүлейменнің тақытын берсін!
Ескендері (Александр) Зұлкарнайның
бақытын берсін,
Атымтай жомарттың даңғылын берсін,
Дәүіт пайғамбардай отызын берсін!
Үл берсе, оразды берсін,
Қызы берсе, қылышты берсін!
Жасы ұзын болсын,
Жүзі қызыл болсын!
Айғырың үнді келсін,
Қошқарың жүнди келсін!
Қызың тұлды келсін,
Ұлың құнды келсін!
Дәүлеттің зияда болсын,
Дүшіпшың тияда (сияда) болсын!
Ұлың ұяда болсын,
Қызың қияда болсын!
Адам жаласынан, бұлт аласынан,
Көрінер, көрінбес мың да бір пәлесінен –
Патша Құдайым өзі сақтасын!
Көтірді мұсылман еткен,
Мұсылманға дін үйреткен,
Әкімдердің (Айымдардың)
сөлеметтігіне,
Халық қамын жеген –
Қарқарарадай хандардың сөлеметтігіне,
Ел қамын жеген –
Едігедей билердің сөлеметтігіне,
Өз еңбегін өзі жеген,

Құдай, шүкір, тәубе дейін –
Қара бұғара халықтың сөлеметтігіне!
Халықын, жұртын,
Қаны бірге ұттын
Ілгері бастирамын деген –
Еңбекшіл ерлердің сөлеметтігіне!
Қой орнына ат берген
Атымтайда жомарттардың
сөлеметтігіне!

Баяғыда тойға жасанып келген сұлу
қызы – дүние қартаіып, қайырши кемпір бо-
лып, қаралейіл байларды – үшынған сорпа,
қылғынған ет есепті қылып қапшығына салып
шаша. «Жемесе де, май жақсы, Бермесе де, бай
жақсы!» – деген.

Қан түбінде қалғандардың
сөлеметтігіне!
Молдаларга қол берген, көрте салып,
төрге алған –
Узызы арылмаган байлардың
сөлеметтігіне!

Халық, халайығы қостаган,
Орындықты (орнықты) саба ұстаган –
Бейбішелердің сөлеметтігіне!
Тақыр жерде тайғак бар.
Тәһірім, онан сақтасын!
Бату жерде пәле бар.
Машайық онан сақтасын
Шұғқыр жерде шайтан бар,
Сақтауыш онан сақтасын!
Ойнактаган оң қолың
Ак білекте қарайсын!
Қымылдаган екі аяқ,

Табаныңда қарайсын!
 Аузыңдағы отыз тіс
 Таңдаітыңда қарайсын!
 Құдай қосқан қосағын
 Бірге ілесіп қарайсын!
 Малыңызға, басыңызға берекет берсін!
 Саган қас сағынганга ала-құла
 әрекет берсін!
 Көктен жаудырсын,
 Жерден оніндірсін!
 Байды Құдай байытсын,
 Бөйбашені қайытсын!
 Кигенің кір болмасын,
 Мінгениң тер болмасын!
 Алла ойыңда түрсін!
 «Құл-хуалла» - қойныңызда,
 «Әлхам» - аузыңызда,
 «Иасин» - жақадыңызда болсын!
 Бұл оқыған аялтар ай болсын,
 Сегіз пейиш ортасында көнілің
 жас болсын!
 Іргеңді арапал, дая жетпесін,
 Елінді арапал, жау жетпесін!
 Сізге пәле сағынганның
 Өз басынан кетпесін!
 Иа, Жалыл, әл-әсаллат,
 Иа, Кәрім, әл-көремет,
 Пендең саган аманат!
 Сақтагайсың сәлемет!
 Алла экбар!

Бұрынғылардың тағы бір батасы
 Арқадагы Абылайдай бол,
 Бұхарадагы Даниярдай бол!
 Қойкелдіңің қойын берсін,
 Қойсоймастың ойын берсін!
 Тоқаның жылдысын берсін,
 Ақылдының құлтысын берсін!
 Боктыдай бай бол,
 Байкелді, Бостандай мырза бол!
 Қарасудан көпір салып еткен –
 Толыбайдың жолын берсін!
 Арқадагы Абылайдай даңғ берсін,
 Бұхарадагы Даниярдай бақ берсін!
 Қойсоймастың ойын берсін,
 Қойкелдіңің қойын берсін!
 Боктыдай байық берсін!
 Байкелді, Бостандай мырзалақ берсін!
 Азнабай, Сапактай бол,
 Байқонды, Бапактай бол!

Кейінгі бір бата

Кокшетау жағында бір үйге қоған екен:
 өкелі-балалы екеуі. Қонған үй көже қылыш
 беріпті. Соңда әкесі:

– Дастарқанға бата қыламын, – дегендे, әкес-
 шің қолын қағып жіберіп:

– Көже батасына мен жүйрікпін! – деп,
 шұбыртып сейлеп бата қылғаны:

–

– Көже, қөжесе, көр, үстан:

– Қайдан шықкан бұз қөжесе?

– Аузы тұкті орыстан!

Күдай үрган қу елсің,
 Жау шапса, саган болыспан!
 Күдай айдан біз келдік
 Ел шеті алыс қыырдан.
 Соймаган сорлы не еткен жсан,
 Кора толған сиырдан.
 Жеүінде қимай жұргендө,
 Түк қалмас жұмтта биылдан!
 Қоюсе шөптің басы екен,
 Қу кедейдің асы екен.
 Сен бай болып, не етесің?
 Төрт аяқты малдан-
 Түк көре алмай, кетесің!
 Ешкін елде көр.
 Қойды мың құнишілік жолда көр!
 Түңе тұа біттесін,
 Жылқыдан садақа көт!
 Кекшетаудың басын көре кел,
 Кокөзектен арман асып, қалага көт!
 Өлі аруақ жесебесін,
 Тірі аруақ демесін!
 «Осы үйден ет асаймын!» – деп,
 Келген баланың мен сі...ін енесін!
 Өзі аш қонақ,
 Өзі қу қонақ-
 Мұнан артық не дейін?!

Сонда үй іссе үялғаннан:

– Мына бәлекетке қуырдақ қуырып бер, қатын! – депті. – Айткан созі еттен өтіп, сүйккес жетті гой! – деген соң, қуырдақ қуырып, тойғызыпты. Қуырдаққа берген батасы:

– Мұның аты – қуырдақ,
 Шын ықыласпен берген соң,

Пісін қалды-ау жыуырда-ақ!
 Манағының бөрі ойын,
 Үрысың ессін дуылдан!
 Саган қастық, қылғаның
 Баласы қалсын шуылдан!

Жарапазан

Жарапазан айта келдім, сіз байларга,
 Кім кеміт, кім жетпеген бұл айларға?
 Кірерсіз сезіз бейін сараіларға
 Мұхаммед үмбетіне шаһыр рамазан!

Бір келген он екі айда шаһыр рамазан,
 Қылыңыз рамазанды жаңанды құрбан!
 Ұшбу айда енді бізге Калам, Құран,
 Мұхаммед үмбетіне шаһыр рамазан!

Бес парыз мұсылманға минат болған,
 Ораза, намаз, зекет, қажы, – ол – нұриман!
 Бұл айда рақмет нұрга дүние толған,
 Мұхаммед үмбетіне шаһыр рамазан!

Ораза тұт, ұшбу айда оқып құран,
 Қарашықы корде шамың жаңаның тұрган.
 Наныңыз бұл сөзіме, хак мұсылман,
 Мұхаммед үмбетіне шаһыр рамазан!

Бұл айды көрген де бар, көрмеген де,
 Білдерсіз жаңа қадірін төрғегендө.
 Жақсы емес садақаны бермеген де,
 Мұхаммед үмбетіне шаһыр рамазан!

Бұл айда кешер Алла жазығынды,
 Сыйласаң біздей пақыр гарібіңді!

Садақа, берген қайыр - азығын-ды,
Мұхаммед үмбетіне шаһыр рамазан!

Бұл айда береке нұр тәнірім шашар.
Бұл айда шайтан лағын қорқып қашар.
Есігін сезін жұмақ періште ашаар.
Мұхаммед үмбетіне шаһыр рамазан!

Әр айда бола бермес бұл рамазан,
Қасиетін оразаның білмес надан.
Ішкенас қып қарсы алыныз, келсе шамаң,
Мұхаммед үмбетіне шаһыр рамазан!

Наныңыз жұмақ, тамүқ – тамам барын,
Тагы бар гарышы, күрсі, лауҳи қалам,
Қоқжасы дүние, ақырет – Алла тағалам
Мұхаммед үмбетіне шаһыр рамазан!

ЖОҚТАУ ӨЛЕҢДЕРІ

Бұрынты жоқтау үлгісі

Алты атасы бай өткен,
Алты атанаға жық артқан.
Жемі атасы бай өткен
Жемі атанаға жық артқан.

Үяды сұңқар түлеткен,
Қияда сұңқар тілеткен.
Алтайды қызыл түшкі артқан.
Қиядан барып тіке атқан.

Баршаны бөздей жырттырған,
Жібекті жүндей тұттырған.
Қонақ қонса: «Қон!» - деген,
«Қой семізін соң!» - деген..

Тойға қазан астырған,
Жақсылыққа көзін жеткізген,
Шылауашын (сыйлау шыны) салып, ат мінген,
Шыңыраудан алып, су ішкен,
Шыңжырлы қауға тақтырган.

Қайыңнан астау шаптырган,
Қантатып жылдық жасаптырган.
Айдарлыға айдатқан,
Тұлымдыға байлаптқан.

Қалмақтан жылдық құдырыған,
Құлынын жолда тұдырыған.
Жамбасынан отырған,
Саннама жүлдіз батырған!

Бес тақа баршадан тон қылған,
Жемі рудан қол жисиган.
Әуелде құдай қалаган,
Асылы нұрдан тараған.

Ақ сұңқардаи түлеген;
Тояты оның қанған соң,
Алыстан тояят тілеген!

Алыстан дүштап аттанса,
Қар-жасаңбырдаи бораган.
Жақыннан дүштап аттанса,
Қарт бурадай жараган.

Барғанда, тере таныған,
Қайтқанда, қара қамаған.
Қарасы мен төресі
Қамап ақыл сұраган.

Тобықтының бүй еді
Сексенге келген Қенгірбай.
Еншің толды парага.
Параған алған көп мақпап
Олғенде жасайылды карага.

Екі жұртқа жем қылып,
Фынаждың не дүр Аллагада!
Айдаңың Алаттаудай бар еді,
Қайратың Қараттаудай бар еді.

Көріп пenen қасирге
Сауып тұрган бие едің.
Жетім менен жесірдің
Айттырмай мұңын біледі.

Толарсақтан саз келсе,
Қажымай оған қүледі.
Арғын-Найман- Орта жуз
Кыльшының жсанай жүрдеді.

Тұгырга қалған сұңқары,
Сұбытын койған тұлпары.
Алтыс басты ақ орда,
Ақ сұңқар үйде тұрган-ды,
Күні де түні базарым,
Алладан қайтты назарым!
Бетімнен кетті ажарым!

Хан иеміз кеткенде,
Бір күнде кетті базарым!
Жаздығын болғанды,
Күннің көзі байлантан,
Ақ сұңқар үшіп айналған!

Балғынды жоқтау

Іасында құ агаштың тақияң тұр,
Ақ күміс, айыра қалғыр, жарқыраптұр!
Келмесең со барғаннан, жалғызылмай,
Артында қалған анаң айыраптұр!

Жеткенде жесті жасақта құран бердім,
Молдага сені оқытқан құнан бердім.
Артында апасы жсоқ, сінлісі жек,
Қалыңды жалғызыма неге бердің?

Літамын, айт дегеннен атым тұсан,
Гұсан қойған жеріндегі тұрсын жусап.
Келгендеге елу беске, сұмырай Бәтен,
Гұар ма енді бала Балғынга үқсан?

Қарагым, айналайын, қандай еді,
Бауырсақ майға піскен, наңдай еді.
Мақтасам өзімді-өзім, болар елім,
Баланың өзі құрбы маңдаіы еді!

Қарагым, айналайын, ұлы кентім,
Сиргайды санаменен ақша бетім!
Болғанда қыс ортасы, сығырт ойбай,
Бұзылды жалғызыма құрған кентім.

Ақ ешкі келіп жатыр лагына (ұлагына),
Сұт берген ақ уртінен шырагына.
Қосылып, кел екеуміз, зарланайық,
Алланың түсер ме екен құлағына?!

Тапқаны ақ ешкінің - егіз лақ,
Біреу лаевиңің-салтаң құлақ.
Ақ ешкі, көкке қарап, көденді же,
Габарсың есен болсаң тагы да лақ.

Ақ ешкі, сен де мұнды, мен де мұнды,
Жаратып бір жаратқан бесеу (би сау) сұмдың,
Ақ ешкі, көкке қарап, көдеңді же,
Күдайым берер ме еken бізге де үлды?!

Бойынан Досхананың ел отеді,
Шаптанан жалсаң қабат жесел отеді.
Сығыр-ай, мен зарланбай, кім зарлансын,
Балғынның енді маган айы отеді!

Досхананың бауыры жалғыз там-ды,
Аямаган бір Құдай жалғызды алды.
Елу боссе келгенде, сұмыраі Бәтен,
Жалғызынан айырылып, аңырап қалды.

Бопы төрепі қарындасының жоқтаганы

Күдері белбеу белімде,
Азалы болдым елімде,
Бопекем жарлық берген соң,
Жүре бердім жөніме.

Бас, бас өлім, бас елім,
Басынан келген осы өлім.
Жапырағын жалтайдып,
Жарды бір алган осы өлім.

Мухаммед-Құдай достысы,
Оны да алган осы өлім.
Қылышынан қан тамған
Ғалыны да алган осы олім.

Өлімнің інісі- уайым,
Бұл істі салған Құдайым.

Қара бір шашым жаяйын,
Жаяйын да, жаяйын.

Күнәлі бармақ, жез тырнақ,
Күнінде қанға бояйын.
Албыраган ақша бет
Сүйегіне тағайын.

Моймілдеген қара көз,
Жаспенен оны ояйын.
Алисаңдан жүрген жасас торем;
Орнына кімді қояйын?!

Әркеш те, әркеш, әркеш тау,
Бауыры толған көк бастау.
Топ ішінде қыын екен
Жалғыз енді сез бастау.

Бастамасқа шарам не,
Басыма салған қарал не?!

Мен жыламай, кім жылар,
Бетімдегі жасар не?

Богастың бойын өрт алды,
Жүректің басын дерт алды.
Он жесті жасар Әбліссан
Қорасан деген дерт алды.

Асыл да гауһар болатым,
Ушайын десем, қанатым.
Әкекем қосқан қосақтап
Лайырды шебер Құдіретім.

Алты атана жүк арттым,
Ала арқанмен берік тарттым.
Алдынан жүрмес атакем,
Құшактап түрүп сез қаттым.

Аргымақ үйірін сағынса,
Артқы аяғын қағынап.
Алғанын бибақ сағынап,
Қаннан опанік жағынап.

Тәтиді жоктау

Қара бір таудың жылгасы,
Халқының бағлан құлжасы,
Сүйіндіктің ағасы,
Алтыннан салған сырғасы,
Алаштан дұштан сөз келсе,
Алдында жүрер жорғасы.

Қара бір таудың өлкесі,
Аты Алтайдың серкесі,
Жарлығы эксалған болмаган,
Хан, қараның еркесі.

Базардан келген бөз еді,
Жақсыдан қалған көз еді,
Ебінің қызыл жесіліней,
Саулап бір түрған сөз еді.

Айдыны таудан зор еді,
Дәүлеті қолден мол еді.
Өзім бір деген Алашақа,
Аласы бір жоқ, төре еді.

Айғыр бір құган құлышайдай,
Адам аулын жақтаган,
Әділдікке салғанда,
Көпір, қазақ мақтаган.

Құрама жыып, ел қылып,
Қосын таза сақтаган.

Тілі шайпау тентегі
Ақылымен тоқтаган.

Көлдегі аққу дауысты,
Ақ сұңқар құстай дабысты,
Ерекескен дұштанга
Айдаңардай шағысты.

Қайтпас қара бүлттайдай,
Қалишанмен қарысты.
Екі де тізгін, бір айыл,
Бір өзім деп салысты.

Толқын топқа барғанда,
Иығы асып сөйлеген.
Сүйіндіктің баласын,
Өз улындей билеген.

«Елім Алтай екен!» - деп,
Ырқына зорлық қылмаган
Ертегі еткен Асандаі,
Елдің қамын ойлаган.

Асылық айтып Аллага,
Күнәкар гасы, болмаган.
Адалдығы галымдай,
Дін сөзіне тоімаган.

Ақылы жөнене даныштан,
Кеудесіне сыймаган.
Мұнарадан жол алған,
Бұхарадан қол алған,
Жалғыз қылдан ніл алған.

Аруақты елдің қосы еді,
Адал пірдің досы еді.

Нияз алар мұртынан,
Мұрт деп барар жүрттынан,
Қожалар оқып құранды.

Құраннан басқа пайда жсок,
Ажсалдан хайла жсок.
Сарғайғанмен өлмек жсок,
Үйілінан өнбек жсок,
Әсіре қылыш жұзіндей,
Қалаіы сандық ішіндей,
Алтын ділдә алтыс мың.
Қыс қонысын сұрасаң,
Қоянды менен Жыланды,
Өзен ақжан бойында
Мекен қылды Нұраны.

Тірісінде көп берді:
«Зекет!» - деп тай мен құнанды.
Жесір қатын, жас бала,
Қайырымен жұбанды.

Жайлайга беттеп көшкенде,
Шаңдатып жылқы айдаган.
Тайы қысыр қалмаган,
Тайлагы бота салмаган
Сегіз руга мал беріп,
Сексен қысырақ байлаган.

Бетегелі кең тарлау,
Беткейге біткен раңдай.
«Дүниеден Тәти өтті!» - деп,
«Алтайдан қайрат кемті!» - деп.
Қожалар сызған сиядай
Дұшпанның көнілі тынды гой.

Барсақ, сөлем дегейсің,
Ақжолдың үглі Аргынга,
Аттен жесіл тарттырды
Кереге бойы шалғынга.

Дүгай сөлем дегейсің,
Қошқарбай ұлы Құрама,
«Қорам орта болды!» - деп,
Қоңсыны қүндел қазбасын,
Бір Аллага жазбасын (иазбасын)!

Іуіп, бір киіп, буласын,
Сүм дүниенің отерін,
Өлшенуменен ойласын!
Мың-миллионы кетсе де,
Төре алдына бармасын.

Жұмақтың төрі - он тарау,
Ойнай, қүле жүргейсің.
Пейіштің төрі - бес тарау,
Белгілі болып жүргейсің.

Аллага ісің ақ болса,
Ақ сарайга кіргейсің!
Нұрдың қызын сүйгейсің,
Торқадан кейлек күгейсің!
Шараба тұуыр шөрбатын,
Сусыныңа ішкеїсің!

Иә, Мұхаммед, қолдагай,
Көп іад еткен үмбетті!
Көп тілеуі көл болгай,
Көңсінгенде дәүләтті,
Аян болсын дүретті!

Парша менен мәулімді,
Боз, бояқтай жұмысаган,
Жорға менен жүйрікті,
Тай, құнандай жұмысаган,

Қожалардың айтқаны,
О дүниенің сезі еді,
Ақ кіреуке сыймаган
Алып бір тұган жетталы,
Жараптықты мырза еді!
Алладан бұйрық келген соң,
Бұ дүниені қығаны!

Шаңырағын идірген,
Шынар деген ағаштан,
Мал байлығы бір асты
Біткен қазақ алаштан.

Бетіне жан келмеген,
Майқыменен таласқан,
Үш Мейрамның ұлында:
Қуандық пен Сүйіндік,
Жан жсоқ бұған таласқан.
Ексе де елге, бітерме
Мырзада мұнданай жарапсқан?!

Бесінде мектеп оқыған,
Алтысында ақыл тоқыған,
Жетісіне шыққанда,
Жеттісі пірден сез сұрап,
Құдықтай көзін шоқыған
Сегізіне келгенде,
Сүйіндікке бас болған.
Аққан сеңдей толқыған!

Тогызына келгенде,
Тұған айдай балқыған.
Енді он жасқа шыққанда,
Дөүлемті көлдей шалқыған.

Он біріне шыққанда,
Ардагы асты халқынан,
Он екіге шыққанда,
Құр қайтпады нарқынан.

Жиырмадан откен соң,
Енді отызга жеткен соң,
Салиқалы би болды,
Жесір менен жетілмеге,
Тігіп бір қойған үй болды.

Жетім менен жесірдің,
Болып отті азығы,
Аз гана ауыл Сүйіндік.
Аз күн болды қазығы.

Оз бауырым деп жсан тартпай,
Тіл жазадырып, дат айтпай,
Әділдікке салғанда,
Еш бар ма еді жазығы?!

Ат басына сокытырып,
Ақы айтпаган дуа [ғың],
Аузына күпір көп түспей,
Алласын күткен мұжайып!

Сексен үшке келтірмей,
Ажсал берді Құдайы.
Откен іске салауат,
Артының қайырын сұрайық!

Самарқанда сайламты,
Сары алтыннан түймесін.
Хазірет те соқтырды,
Ақыретте күймесін.

Аруақ ата қалаумен,
Аруақты баба жебесін!
Жауаптамаң жар болып,
Ініне шайтан мінбесін.
Ғалам білген Тәтиді
Жоқтаусыз қалды демесін!

Бір әйелдің ботасын жоқтағаны

Ертеде бір қатынның бойжеткен қызы болыпты. Екі ботасы бір інгеге тел болыпты. Үйіне бір конак қонып: «Қырықтың бірі-қыдыры!» дес, тоіғызып, сыйлат алсыпты. Таң сөрінен катын түрегелсе (тұра келсе), екі ботаны ит-күс тыптипшыл қылып кетіпті. Түйе боздал, азынап түрдейді. Сонда қатын екі бүйірін таянып, отыра қалып, дауыс қылып ботасын жоқтағаны:

Боз інген боздал тұр-ау ботасына,
«Қонағым қыдыры болған!» жетасың ба?
Қыдыры болған кісіге қылдыр-дагы
Мен сиейін қонақтын батасына!

Екі ботам бар еді қауыны май,
Қара малдан аз еді-ау сауынам-ай!
«Кешикі қонақ қыдыры!» дег, жұрт айтады,
Енді қонақ жолалаттан ауылымам-ай!

Есік алды қара су, балдыры бар,
Балдырына атынды шалдырып ал.
Айдан келген ботамды байлан салмай,
Ерке қарым, үйқынды қандырып ал!

Екі ботам бар еді, бота-ақ еді,
Конған жерім ботага от-ақ еді.
Айдан келген ботамды байлан салмай,
Ерке қардың іздегені ко...к еді.

Қалмақ Сарыарқадан аугапда, тамақ сүрап жылаған балаларына айтқаны

Сорқара, Сортың бар ма?
Сорелеп жағын етің бар ма?
Конек, Толагайың бар ма?

Көнекте тұрган қызызың бар ма?! –
деп үрсады екен. Сорқара, Сорты – Сарысу мен Нұраның аралығында «Құлан өтпес», «Үшкөң» – дайтұғын езендер бар. Сол мандағы жер аттары. Көнек, Толагай – Сарысу бойындағы тебелердің аттары. Өзге жерден малының сүті мен еті күшті, куатты болады. Алтай, Қарпықтың қазығы, Тінәлі, Тоқтамбет деғен – халықтың жайлау, қыстауы.

Қалмактың Сарыарқашы жоқтаған жылаған зары

Қайран да, қайран, қайран тау.
Тиоюң еді пайдаш тау.
Пайдасының белгісі -
Үйімде тұрган үлгісі.
Үлгісінің орнегі:
Шаңырагым, уығым,
Үйде бақан сырғығым,
Ат үстайтын құрығым,
Қазанымда қақпағым,
Желі бір қагар тоқпағым,

Арбама арыс білігім,
 Ел қыстауга қонғанда,
 Сыр бір жатар шілігім,
 Ат жүре алмас арапдым
 Ішінде бұғы, маралдым!
 Бұғы да, марал жатқан жер,
 Мергендер таңдан атқан жер.
 Мерекеге батқан жер,
 Артығын алғын сатқан жер!
 Үш атамыз откен тау,
 Үш миң қара біткен тау,
 Әкем күйеу болған тау,
 Шешем келін болған тау.
 Ақ буркенишік салынып,
 Ала берен күгөн тау,
 Ит жүгіртіп, құс салып,
 Өзіме теңдік тиген тау!
 Мұнарланып артымда
 Қала бердін көрініп.
 Ілгері қарай аяғым
 Бір баспады-ау ерініп!
 Қоғіл еріп, жаса келіп,
 Кетті-ау енім езгеріп!
 Бай тоғаетім маңылдан,
 Даусы қудай саңқылдан,
 Байсал тауып үрген тау
 Балалы қаздай байтаңдан,
 Бөйбіше дәүрен сүйген тау.
 Дуадақтай тоңқаңдан,
 Токалдар дәүрен сұрген тау.
 Кетейін деп кетпедім,
 Төңірегің толған жасау.
 Шабынды (Сабынды), қопа, қамысым,

Тамам жүртқа танысым,
 Мына да көрген зорлықтан,
 Қалады-ау есіл қонысым!
 Боранда малым ықпаган,
 Үймді дауыл жықпаган.
 Шағыр бір жұсан, изендім,
 Сенен кеттін күйелдім.
 Байлаулы атқа пішенім,
 Матаулы атқа кісенім.
 Ат арқандар қазығым,
 Балаларға азығым!
 Кетейін деп, кетпедім,
 Ойда-орыс, қырда қазақтан
 Тынышым бір кетті-ау жазығың!
 Қожыр, қожыр тастарым,
 Сен есіле түскенде,
 Қозімнен ақты-ау жастарым!
 Ақының бойы ай татыр,
 Балауса шебін бал татыр,
 Балдырганың май татыр.
 Ақтылы қой айдатыр,
 Алаалы жылқы жусаттыр!
 Шыбынным лақ салмаган,
 Тоқтым бір қысыр калмаган.
 Үш ай тоқсан соқса да,
 Малым жұстап қалмаган,
 Желіні сыйдан маңыраган,
 Төлі шулап жасамыраган.
 Он екі қазылық, ой, Тұндік,
 Маңырап жатқан қой- Тұндік!
 Есіл-Нұра- екі су
 Еңкейіп онан бетің жу.
 Бірің- шекер, бірің- бал,

Қайбірінді айтайын?!

Бетеге, көде, жауылша
Шұлан тұрган бәрің мал.

Кеүір келді-ау құқылап,
«Аш құлақтан тыныш құлақ!»

Кете бердім зар жылап,
Көбейген соң кунде шу.

Қарқаралы, Қазылық,
Жатуышы едің жасағылып!

Жазевітұры қөшкенде,
Қалуышы едің, қара жсол,

Қабыргадан қазылып.
Құзгітұрым қонғанда,

Төрт түлік мал баурайда,
Жатуышы еді жай тауып,

Құлақтын керіп жасағылып.
Егізімнің сыңары;

Бірін сойсам, той болған.

Қалған бірі жетіліп,
Келер жылды озіндей

Ыңыранып семіз қой болған.

Сойғанымның терісі

Илей білген шеберге,
Бір езі бір бой болған.

Илей білмес жаманга,
Ел қыдырып кеткенде,

Көң ала шолақ иттерге
Көкпарат болып тартылып,

Зор мереке той болған.

Біз барадмыз, барадмыз.
Барып қайда оңармыз?!

Барсақ, залал тартармыз!
Сендей жерді жсалғанда,

Іздең қайдан табармыз?!

Егін де жаійн білмесек,
Арып, шаршап, талармыз!

Тарының согін жсалармыз,
Шөпшек теріп, шөп жиып,

Аштан өліп қалармыз!

Түсініктемелер**Қазақ шежіресі**

Жинағымызға енгізіліп отырған Мәшһұр Жүсіп Қөпейұлының қазақ шежіресіне қатысты ауыз-екі деректер С. Дәүітоваң құрастырыған нұсқасынан (Қөпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы; Жалын, 1993. – 76 б.) ал, басқа тарихи деректер мен түрмис-салт жырларының үлгілері М.Ж. Қөпейұлының шығармалар жинағының 6 және 8 томдарынан алынды (Мәшһұр Жүсіп Қөпейұлы. Шығармалары. 6, 8 томдар. Павлодар: ЭКО ФФ, – 2006;)

1. Қазақ шежіресінің негізгі ерекшеліктері, соның ішінде ауызша дәстүр туралы қарандызы: Артықбаев Ж.О. Историческое наследие М.Ж. Копеева, Павлодар, 2004. Бұл зерттеу жұмысында сондай-ақ «окуга сенген ұмытшақ, жазуға сенген жаңылшақ» сияқты мәтселдердің талдамасы бар. (Көрсетілген әдебиет: «Об истории и ее принципах. 153-160 бб.»).

2. Нұркен бай – дұрысы: Нұрекен (Нұрмагамбет) Жамансарыұлы (1799-1874). Мәшһұр қолжазбасын оқуда кеткен қате, аса бай адам болған, жағыз өзіне 12 мың жылқы біткен делинеді. Үақ ішінде Жансары

3. Толығырақ Тәқиелер туралы мәліметтерді қарандызы: Габжалилов Х.М. Қазақ қажыларының Мәденинада салдырыған тәқиелері туралы дерек //Алаш: тарихи-этнографиялық журнал. №1, 2005 жыл, 58-59 бб.

Копейұлы М.Ж.

4. Қазақ этногенезін араб елінен келген сарабалармен байланыстыру ете құмәнді. Бұл тұрасында А. Құнанбаевтың «Біраз сөз қазактың түбі қайдан шыққаны туралы» дейтін мақаласының нұсқауы дұрыс «біздің қазақтың ықыласы атасын гарабтан шықты дегенді, яки бәни Исраилдан шықты дегенді үнаптаңдай...». (Қара.: Абай (Ибраһим Құнанбаев) Екі томдық шығармалар жинағы. Т.2, Алматы, 1986, 165 б.; Ислам дінінің қазақ жерінде тарау тарихы туралы көптеген әдебиеттер бар: Сафи ад-дин орын Коілаки «Насабнаме». Түркістан, 1992. Баспаға дайындалған Ә. Құрбанұлы. З. Заманхана нұлы; Н.Д. Нұртазина «Ислам в истории средневекового Казахстана Алматы, 2000).

5. Ұыз хан – жазба деректерде Оғыз хан. Түркі халықтарының тарихи фольклорында үлкен орын алған мифтік қаһарман. Жырлар мен аныздарда ерте кешепелілер дәүірінің әр түрлі меселелері айтылады. (Қара.: Қ. Өмірәлиев «Оғыз қаган» эпосының тілі, Алматы, 1988; Артықбаев Ж.О. Материалы к истории правящего дома казахов. Алматы, 2003.).

Орта жүз тарихы

1. Жанарыс, одан алты үлдің тууы, олардың тараған үрпақтары туралы қазақ арасында кең айтылатын шежіренің фрагменті. Бұл шежіренің негізі Қазақ хандығы құрылатын тұста туыс-жақын рулардың одактарын нығайту мақсатымен жасалған деуге келеді. Таракты руының «ноқта ағалылығы» монғол үстемдігі дәүірінен қалса керек. Ұлы жүзде – жалайыр,

Орта жүзде – тарақты, Кіші жүзде – табын, бұладың бәрі де тарақ таңбалы, жалайыр тектес рулар. Жалайыр руы Шыңғыс ханға жас саби кезінде енбегі сіңген, ұлы қолбасшыларды шығарған ру (Саба, Мұқали нойон т.б.) (Қара.: Рашид-ад-Дин. Джами-ат-Тауарих. Перевод с персид. Л.А. Хетагурова и О.И. Смирновой. Ред. и примеч. проф. А.А. Семенова, ввод. статья И.П. етрушевской. Т I. Кн. 1-2. М.-Л., 1946, т.2 М. 1952, т 3. М-Л., 1960).

2. Аргын балаларының сопыларға қатысты болуы бұл елдің өзел бастан Орта Азияға бір табан жақындығының, сопы қауымдастырымынан байланысын көрсетеді. Бұл туралы Мәшінүр еңбектеріне қосымша Сапабекұлы Садықтың «Түркістанға тарихи зиярат» әңгімесімен танысқан дұрыс. (Қара.: Яссасу тағылымы. Түркістан, 1996).

Бұл қазақ қай үақытта үш жүз атанған

1. Қырық сан Қырым – Қырым хандығының елі. Негізгі субстраты анық емес, олардан баска скиф, грек, түрк /туркі/, ногай т.б. тайпалардың айтады. Қырым түбегі, Қырым елі деген түсінік тек Қырым түбегін ғана емес сонымен бірге теменгі Днепрден бастап Донның аяғына дейінгі үлкен алқапты қамтиды. Қазақ ауыз әдебиетінде Қырым түркі тілдес тайпалардың шекарасы /шеті/, мыс.: «Қырым мен Қытайға кетті» алысқа кетті деген мағынада қолданылды. (Қара.: В.В. Трапавлов. История Ногайской Орды, Москва, 2002, 59-61 бб.) «Қырық сан» көптікті білдіретін абстракциялық сан болуга

гіс. «Қырық сан» - егер нақты есептесек $40*10000 = 400\ 000$ (қырық мын терп жұз мын адам. Жалпы Қырым түбегінің маңындағы елдің есебі шығады.) Көшпелілер эпосында жиі қолданылатын «қырық сан» кебінесе саны мол, көп деген мағына да қолданылады.

2. Отыз сан Үрім – бұл жерде Византия, жалпы Кіші Азия айтылып тұр. Қазақта әлі күнге дейін «Ұлың Ұрымға, қызың Қырымға» дейтін мәттелдер бар. Белгілі дөрежеде Үрім көзірігі Турцияның иеліктеріне келеді.

3. Он сан оймауыт – бұл жерде ногайлы слі ішіндегі оймауыт тайпасы айтылуы мүмкін. Ауыз әдебиетінде оймауыт жиі кездеседі. Әлі де толық жауап беру қыны.

4. Тоғыз сан торғауыт – дүрбэн – ойрат слінің ішіндегі тайпалық бірлестік. XVII ғасырдың 30-шы жылдары торғауыт бірлестігі Ертіс бойымен жылжып Еділ мен Жайық арасындағы ногай елшін коныстарын басып алды.

5. Он сан ногайлы – қазақ эпосында кобінесе «ногайлының ауыр қолы» делінеді. Бұл туралы Ш. Ұәлиханов та атап етеді. (Қара.: Письмо пофессору И.Н. Березину //Собр. соч. т.1. Алма-Ата, 1985. с.163.) Он сан қазіргі олшеммен тым көп емес – 100 000 адам.

6. «Ала тайдай бұлдірді» – қазақ ауыз-екі әңгімелерінде жиі кездесетін мысал. Елдің бүліну, екі айрылып кетуі, ағайын арасындағы араздық айтылады. Ескі анызға қарағанда ногай – қалмақтың жаугершілігінде ногай ұлысында бір ала құлдың енесінен адасып бүкіл жылқыны үркітеді. Содан қалмақ шапты скен

деп ел де тұн ішінде дүрлігіп көшеді-мыс.
(Қара.: Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие //Собр. соч. Т.2. Алма-Ата, 1985. 166 б.).

7. Қондыгер, Қобан, Қотан, Қофам – қазақ этносын құраған тайпалардың тұп атасы есепті. Қондыгер жүрты деп қазақ аныздарында оғыз тайпалары айтылады (Мәшіһүр Жүсіптің жазбаларын қараңыз), Қотан – қазақтың үш жүзінің атасы дөлінді. Мұса Шорманов шежіресінде: «Предок всего киргизского (казахского) – Ж.А.) народа был Котан, он имел трех сыновей – Ак джол, Алын и Юсун...» (Қара.: Потанин Г.И. Очерки Северо-Западной Монголии. Вып. IV. Материалы этнографические. СПб., 1883, с.14).

8. Майқы би – түркі халықтарының тарихи аныздарында жиңі кездесетін мифтік тұлған. Қазақ «тұрғел сөздін тұбі бір, тұп атасы – Майқы би» дейді, яғни болік, жолға байланысты сөздіп бәрінің негізі Майқы биге бағтайды деген ишара. Майқы би Ұлы жұз қазақтарының тұп атасы дөлінеді, сонымен бірге Орта жүзде де Майқы аталағын ірі рулық белімшелер бар.

9. Қызыы Арыстан /Қызыы Арслан/ - шамасы Қарахан дәүіріндегі мемлекет билеушісі айтылып отыр. Алаша хан туралы анызға бұл тұлға кейіннірек енуі де мүмкін. Қарахан билеушісі Али Арслан хан тұсында карлуктар Бұқара мен Самарқандты басып алғы жеке империя құрды. (Қара.: Сыздықов С. Қарлық мемлекеттің тарихы. Алматы, 2000).

10. Алаш – Евразия қошпелілерінің тұп атасы, билеуші әулетінің бабасы есебінде қазақ аныздарының бәрінде де кездеседі. (Қара..

Артықбаев Ж.О. Кочевники Евразии в калейдоскопе веков и тысячелетий. СПб., 2005. с. 285-318; Артықбаев Ж.О. Историческое наследие М.Ж. Консева. Павлодар, 2004. с. 56-65).

11. Шамасы Алтын Орда дәүірі айтылып отыр. Асан қайғы жаңындағы кеңесші, ақылғей, елші есебінде айтылады, хан деген атагы жоқ. Асан қайғының өмір сүрген кезеңі Әз Жәнібек ханмен тұстас келеді. Әз Жәнібектің билік еткен тұсы 1340 – 1357 жж. (Қара.: Стэнли Лэн-Пуль. Мусульманские династии. СПб., 1899).

12. Бұл дерек Құрбанғали Халидтың «Тауарих хамса» кітабымен үндеседі. (Қара.: Құрбанғали Халид. Тауарих Хамса /бес тарих. Алматы, 1992. 65-66 б.).

13. Қадырғали Жалайри Қасым хан туралы «акырында Сарайшықта дүние салды. Бұл күндері оның қабірі Сарайшықта жаты» дейді. (Қара.: Қадырғали Жалайри. Шіскерлер жинағы. Алматы, 1997. – 121 б). Қасым хашыңың заманында тақтың Ұлығауға кешуі әбден мүмкін деп есептейміз. Ол белгілі дәрежеде Жошы углісіне сүйенеді. Шығыс тарихшылары да Қасым ханының тұсында Дешті-Қыпшактың атагы мен күші Жошыдан кем болған жоқ дейді. Бірақ өмірінің соңында Қасым хан қалалық омір қалыптасқан, ата-бабаларының корымы орналасқан Сарайшық қаласына барған болуы керек, не оның үрпактары /мысалы, Хақназар хан/ екесі сол Сарайшыққа апарып жерлеуі мүмкін. Қасым ханының Сарайшықта жерленуі Алтын Орда иелігі енді қазақ хандарының қонында деген ишара.

14. Ақназар – бұл жерде Қасым ханының ба-
ласы Қаңназар туралы айтылып отыр. (Қара.:
Абусеитова М.Х. Казахстан и Центральная
Азия в XY-XVII вв. Алматы, 1998; Первые лица
государства. Политические портреты с точки
зрения истории и современности. Под ред.
Е. Арын. Алматы, 2001; Артықбаев Ж.О. Ма-
териалы к истории правящего дома. Алматы,
2001).

15. Шибанилар/Шейбан, Шайбан, Шайбак/-
Жоны ханының бесінші ұлы және одан тараган
ұрпактары. Сібір ханы Қөшім хан осы Шибан
түкімьинан.

16. Сарт – бұл жерде жалпы өзбектің мем-
лекеті туралы. Шын мәнінде сарт деп Орта
Азияның отырықшы, саудагер тұрғындарын
айтады. Олар көбінесе қалалық еңірлердің
ко-
ныстанған.

17. Иманқұл (Имамқұл) – Имамкули т.б. –
Аштарханид әулетінің екілі. XVI ғ. ортасында
Астархан хандығының орыстардың бағындыруы-
на байланысты Жар-Мұхаммед және оның ұлы
Жан-Мұхаммед қашып келіп, Бұқара хандығы-
на Ескендір (1560-1583) ханға келіп паналаиды.
Жан-Мұхаммедтің ұлы Бақи Мұхаммед шайбан
тұқымы Абдолла II –ден кейін Бұқара билігіп
алады. Бақидың шешесі Ескендір ханың қызы.
(Қара.: Лен Пуль Стэнли. Мусульманские династии. СПб., 1899).

18. 1643 жылы қалмақтың құшсісे бастағаны
рас. Оның бір көрініс 1640 жылғы Тарбағатай-
дагы Ұлан-Бұрга жерінде ұлы кенес еткізіп,
қалмақтың «Цааджин Бічік» зандарын қабыл-

Копейұлы М.Ж.

дау болып табылады. (Қара.: Ш. Норбо. Зая
– пандита, Элиста, 1998).

19. Қалдан Цэрэнгे дейін 1723-25 жылдар-
дағы шабуылдан кезінде Тәшкент калмаққа
беріледі. Қалмақтар тікелей билемей ездеріне
сенімді аламдар арқылы билік жүргізді. (Қара.:
Артықбаев Ж.О. Қоғам және этнос. XVIII га-
сыр. Павлодар, 2004).

20. «Онекі Қазылық – Ой Тұндік» - Қазылық
таулары дег Сарыарқаның Қаркаралы, Кент, Қу,
Баянаула т.б. таулары айтылады, Тұндік осы
Қазылық тауларының арасымен солтүстікке
қарай (түнге қарай) ағатын өзен.

21. Жеті Момын – арғын ру конфедерация-
сындағы одақ: қанжығалы, бәсентиін, қарауыл,
атығай, тобықты, сарыжетім, шакшак рұлары
кіреді. Одақ шешелерінің атымен аталады.

22. Ақкөл-Жайылма - Өлеңті өзенінің
сағасындағы үлкен Ақкөл көлі және оның
жайылмасы. Дешті-Қыпшактағы үлкен тарихи
коныстардың бірі есебінде белгілі.

Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер

1. Файса пайғамбар (Иса, Иса машаих, Иисус
Христос) – христиан дінінің негізін салушы
пайғамбар. Қазіргі Еуропалық жыл есебі Файса
пайғамбардың тұған жылынан басталады.

2. Ескендір Зұлқарнайын – бұл жерде
араб мифтерінде айтылатын Зұлқарнайын
болса керек, себебі македондық Александр
Зұлқарнайының екесі Филипп патша екені
Мешінүр Жүсінке белгілі болса керек.

3. Шыңғыстың ата-тегі белгісіз деген әңгіме қисынсыз. Бұл жерде «Алтын бел» хан туралы анызы көлтіріледі. Ол ақыздың түпкі шыққан уақыты ғұн заманы болуы тиіс. «Алтын бел» әңгімессін В. Радлов та ел аузынан жазып алған. Бату – тарихи тұра деректерге қарағанда Жошының баласы. Осы тақырыпта Өтеміш қажының «Шыңғыснамасын» пайдаланған дұрыс. (Қара.: Утеміс хаджи. Чигиснаме /Факсимиле. перевод, транскрипция, текст, примечания В.П. Юдина, коммент. и указ. М.Х. Абусеитовой/ Алматы, 1992.).

4. Абылай хан – ел аузындағы ақызыға қарағанда Абылай хан Салқам Жәңғірдің Аула-Бақи (Ұәли-Бақи) деген ұлынан тарайды. Бірақ қазақ ортасына жас кезіндегі жетім болып келіп, өзінің тектілігі арқасында аты шыққаны шындық. Ұәли-Бақыдан тарайтын үрпактар ХҮН гасырдағы Жолбарыс, Сұлтанмөмөд сұлтандар жөнде т.б.

5. Арсалан – қазақ сртегілерінің кейіпкерлерінің бірі. Бұл жерде Досбол би адамның тұбі сртегілерде айтылатын адаммен туыс приматтарға бастайтының айтуы мүмкін. Қалай болғанда да қызық топшылаудың бір түрі.

6. Әмір Темірдін котерілуіне Орта Азиялық ірі сопылық одактардың тікелей ассрі, комегі бар скепі жасырын емес. Ол заманда билікке жетудің төте жолы сопылық серіктестіктермен тіл табысу болып табылады.

7. Осман түркілдеріне қатысты қызықты деректер, түркімен мем ногайлыға қатысты айтылған сөздер тарихи жағынан қосымша дәлелдерді көрек етеді.

Едіге би

1. Едіге би – Ногай ордасының негізін қалаушы (ХІҮ-ХҮІ). Тарихи жылнамаларда Алтын Орданы соғыс ханы Токтамыстың карсыласы ретінде белгілі. Қазақ ақыздарында Едіге батыр, ақылды, көретен саясаткер ретінде бейнеленген.

2. Токтамыс хан – Жошы үрпагы Түй-Қожа оғланның баласы. Алтын Орда мемлекетінің соғыс билеушісі. Мауреннахрдың әміршісі, атақты Темірдің қолдауымен Токтамыс Ақ Орданың билеушісі Орыс (Үрүс) ханымен болған саяси бақталаста женіске жетеді. Кейін Темірге қарсы шыққан Токтамыс бірнеше шайқастарда женеліс табады, сонымен қатар оның жеке билігінің әлсіреуіне ногайлардың (маңғытардың) әміршісі Едігенің іс-әрекеттері себеп болды.

Ақтабан шұбырынды, алқакол сұлама

1. Тобықты Әнет бабаң – қазақтың атақты би. Орта жұз ішінде Тобықты руының ел басшыларының бірі. 1723-ші жылы «Ақтабан шұбырынды» кезінде 97 жасында Қаратая олксесінде қайтыс болған. Ел қаша көшіп келе жатқандықтан ас бермегендігі сез болады.

2. Тілеуімбет – Мәшнүрдің ез атасы. Шежіреде он бес баласын соңынан ертіп Қара Қалмак – Қати Сыбанмен соғысты дөлінеді. Осы соғыстан үш-төрт баласы ғана аман қалады. (Қара.: М.Ж. Көпейұлы. Сарыарқаның кімдікі скендері. Қазан, 1907. 5 б.).

3. Тілеуімбеттің әңгімесі шамасы 1723-ші жылдарға дейін болған.

4. Шон, Торайғыр, Отеп сақаудың әңгімесі XIX ғасырдың алғашқы жартысында болуы көрек. Тікелей «Ақтабанға» жатысы жоқ.

Абылайдың қозғе түсі

1. Абылай хан – ХVІІІ ғасырдың 30-шы жылдары ішіндегі Қазақ хандығының басқарған мемлекет қайраткері, батыр, халықаралық сасисатты шебер жүргізген дипломат.

2. Қаракерей Қабанбай – найман ішіндегі Қарасрайден шықкан, азан шақырып қойған шыны аты Ерасыл. Қазақтардың жонғарларға қарсы (1724 жылы Түркістан каласын корғау шайқасы, 1728 ж. Шұбартеңіз жағасындағы шайқас, 1729 ж. Бұланты шайқасы және т.б.) ірі-ірі шайқатарға жатысқан. Кейір мөліметтер бойынша ұрысқа 103 рет кірген адам. (Қазақ халықының қадармандары. ред. Жеңіс Марданұлы, Целиноград 1991 ж. 40 бет.).

3. Қанжыгалы Бөгөнбай – Бөгөнбай Ақшаулы, Қаратаудан бастау алатын Бөген есіні бойында дүниеге келгендейдістан Бөгөнбай есімін алған. ХVІІІ ғ. қалмақтарға қарсы согысқан бүкіл қазақ қолының бас қолбасшысы.

4. Қаз дауыстың Қазыбек – Қазыбек Келдібекұлы – би, елші-мәмілегер, Төuke хан кезіндегі «Жеті жарғы» әдестің гүрүп заң кодексін жасаушылардың бірі.

5. Шақшақұлы Жәнібек – ХVІІІ ғ. батыр, қолбасшы, шешен, тархан, елші мәмілегер. Қарасрай Қабанбай, Қанжыгалы Бөгөнбай, Сүйіндік

Копейұлы М.Ж.

Олжабай, Найман Барап және т.б. батырлармен бірге қазақ жерін жонғарлардан азат ету үшін болған соғыстарға жатысқан.

6. Қекжарлы қекжас Барақ – Орта жүздің найман руынан шыққан батыр.

7. Шанышқылы Бердіқожса – төменде Шанышқылы Бердіқожага берілген түсініктемені қаралы.

8. Сырым Малайсары – Малайсары Тоқтауылұлы – атақты батыр, елші, мәмлекет, тархан, деулетті бай, бәсентін руының басшысы, қол бастаған қолбасшы ретінде танылған тұлға.

9. Сары, Баян – Орта жүздің уақ руынан шыққан ағалы-інілі батырлар.

Абылай аспас Арқаның Сарыбелі

1. Абылай аспас Арқаның Сарыбелі – бұл оқиға шамасы 1779 жылдары болған. Оның негізгі шығу себебі көшпелі рулардың хандық биліктің күшіне бағытталған наразылығы, рулық сепаратизм. Хан билігіне қара халықтың ру басыларының, билерінің қарсы шығу оқиғалары Евразия тарихында жиі кездеседі (мысалы: Едіге мен Токтамыс арасындағы тайталас т.б.).

Бұрынғы заманың адамдарының қандай екенін танытуға сойлемеген соз

1. Инжерәй Шәрін – бұл жерде әңгіме Бұхар қаласы туралы. XIX ғасырдың ортасына дейін қазақ рулары мен Бұхар хандығы арасындағы сауда-саттық қатнас тоқталған жоқ. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ саудасы

толықтай Ресейрыңгіне бейімделді. Қазақ жеріндегі тұзды көлдерден тұз алу үшін Ресейдің Сібір еңіріндегі қалалары да, Орта Азияның жеке иеліктері мен отырықшы қоныстары да мұдделі болды. (Қара.: Зияв Х.З. Экономические связи Средней Азии с Сибирью в XVI-XIX вв. Ташкент, 1983).

Шанышқылы Бердіқожа

1. Бердіқожа – Ұлы жұз шанышқылы ішінен шыққан батыр. Хан Абылай заманындағы атагы шыққан ерлердің бірі. Ол туралы Ресейлік тарихшылар да әлдененше рет жазды. Капитан И.Г. Андреев 1783-ші жылды шанышқылы руының басшысы Бердіқожа батырдың Семей бекінісіне келіп, Ресейлік командирлермен жолықканын баяндайды. Жазба дерекке қарағанда Бердіқожаның қонысы Жетісу, қыргызын шекаралас аймактар. Семейге Шыңғыстау арқылы келген, шамасы жаз жайлап, немесе қыргыздың шабуылынан қауіптеп. Қайтыс болған уақыты 1786 жылдың қаңтар айы. Жетісу, Шу жерінде қыргызын шекарада, жаңында жұз жігіт бар, жортуында жұрген кезінде тұн ішінде қыргыздың шабуылына үшыраған екен. Бердіқожаны үйіктап жатқан жерінен қыргыздар жабылып байлаپ алады, атқа мінгізген кезіндес, қолын ақырын босатып алғып, беліндегі кездігімен жапындағы қыргызды өлтірген. И.Г. Андреев: «прочие, схватя его, отрубили ему голову и руки и ноги, и распоров живот, в оной склали все части. И так, храбрый сей старшина, от кого много лет дикие были побеждаемы, окончил

живот свой несчастно». (Қара.: И.Г. Андреев. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков. Алматы, 1998. 80 б.) Капитан Бердіқожаның кегін аламыз деп, қазақтың қырғызы тағы да шапқанын, Есенгелді манаптың баласын тұтқынға алып, оны Бердіқожаның әйелдері өлтіргенін т.б. әңгімелерді баяндайды. Бердіқожа туралы А.И. Левшин де И.Г. Андреевтің жазбаларына сүйеніп және «Сибирский вестниктері» Бердіқожаның Семей бекінісіне келетін хабарын пайдаланып жазады. (А.И. Левшин. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы, 1996. с. 258-259.).

Кенесары - Наурызбай хақындағы әңгімелер

1. Шоқ би – XVIII ғасырдың соңы XIX бірінші жартысында өмір сүрген айдабол руынан шыққан ықпалдың би. Баянауыл сыртқы округтің 1833-1836 жж. ең алғашқы аға сұлтаны.

2. Шорман – Шорман Құшікұлы, Баянауыл дуанының аға сұлтаны.

3. Кенесары – Наурызбай көтерілісі – 1837–1847 жж. Абылай ханының үрпағы Кенесары Қасымұлы бастаған қазақтардың орыстардың отаршылдық саясатына қарсы көтерілісі. Наурызбай Кенесарының інісі және көтеріліс кезінде жақын кенесшілерінің бірі болып, ерекше жасақты басқарған. (Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жж. Алматы, 1992, 396 б.).

Ұлбике

1. Ұлбике – Ұлы жұз ішінде ошақты рұыпап шыққан ақын. Әкесі Жанкелді де, шешесі Жаңыл да ақын болған. (Кара.: М.Ж. Көпейұлы. Шығармалары. 6 том, 382 б.).

Болтірік шешен

4. Болтірік шешен – Ұлы жұз ішінде Жарайыр, әрі батыр, әрі шешен болған. Әмір сурғен уақыты XVIII ғасырдың соны – XIX ғасырдың бірінші жартысы.

Копейұлы М.Ж.

**Қазақ шежіресін зерттеуде
М.Ж. Көпесевтің тарихи
мұрасының маңызы**

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы қазақ шежіресінің жазба дәстүрінің қалыптасқан уақыты. Қазақ шежіресінің аузыша айтудан жазба-библиографиялық түрге әтуі Мәшінұр Жүсіп Көпейұлы, Шекерім Құдайбердіұлы, Нұржан Наушабаев, Құрбанғали Халид және т.б. терек шығарма-шылық еңбектерімен тығыз байланысты.

Шежірені жазбаша баяндаған гасырлар тоғысындағы қазақ халқының тарихын ғылыми түрғыдан зерттеу езектілігінің туындауымен түсіндіріледі деп үлт зиялышарының бірі М. Тынышпаев жазған еді: «...қазақ халқының жекелеген рулатының генеалогиясын алдын ала зерттеп алмайынша, сонымен бірге оның кіммен қай уақытта байланыста болғанын түсініп алмайынша, қазақ халқының тарихи тағдырының жалпы картинасын жасау мүмкін емес.»

Қазақ қоғамының дәстүрлі тарихи саласы шежіре аясында қалыптасты. Шежіре қошпелілердің тарихи білімінің құрылымының негізі болып табылады және ол біріншіден, нақты генеалогиядан, екіншіден, ойдан шығылған құрылымды қалыптастыратын шартты генеалогиядан, үшіншіден тарихи мифологиядан, азыздардан, эпикалық айтылымдардан құрылған.

Бұл тұрғысында зерттеуші В. Юдиннің көзқарасы қызыгушылық тудырады: «сверка известий источников устной стенной исто-

риографии с точно установленными фактами истории показывает, что источники степной историографии сообщают сведения верные», «большинство событий, лиц, о которых рассказывается в них – историчны», был пікір тарихнаманың белгісіз оқигалары мен адамда-рының шындық екендігіне корытынды жасауға мүмкіндік береді.

Шежіре ел қорғап өрлігімен көзге түскен казақ батырлары, қазақ халқының бірлігінің үйіткесі болған, бірлікке қарсы қандай болмасын құбылысты алдын –ала болдырмай отырган, халықтың рухани басшыларына ай-налған, тәуелсіздікті сақтап қалудағы күрестің идеологтары билер туралы кеңірек мәліметтер береді.

Қазақ шежіресінің материалдарын деректік талдау нәтижесінде тарихи құнды мәліметтердің мол екендігін байқаймыз, сонымен бірге қазақ шежіресі Ұлы даланы зерттеудің негізі дерегі гана болып қоймай оның ішкі құрылымынан да көріпсі береді. Шежіредегі тарихи-генеалогиялық материалдар этнос пен қоғам құрылымын да баляндайды. Орыс тілді зерттеу дәстүрінде бұл құбылысты Ш.Ш. Уедиханов атап көрсеткен еді. Қазақ халқының өзіндік генеалогиялық құрылымын ол былайша суреттеп жазады: «Вот родоподразделение киргиз [казахов - Ж.А.] в том строго неизменном порядке, как принято у них. Самый порядок разделения, обуславливая собою, право старейшиства и силу племени, что и, по понятию киргиз, выражается правом физического первородства

предка, имеет большое значение в их родовом праве и принимается совершенно в генеалогическом смысле: посему форма отношений орд к ордам и родов одной орды между собою соответствуют правам кровного братства, а отношения родов к своей орде - отношению сына к отцу, к старшему роду старшей орды - отношением племянника к дяде; всего более характеризуется этот патриархальный родовой быт отношением в диспутах степных импровизаторов из разных родов о превосходстве и старейшинстве своего предка...» [1, с.325].

Біздің шежіремізлегі материалдар оның дәстүрлі қазақ қоғамында қоғамның негізі болған генеалогиялық катнастарды реттеу меканизмін атқарғандығын көрсетеді. Этнос пен қоғамның өзін өзі қалыптастыруының (самоконструирования) негізінде рулық, туыстық қағидасы жатыр, ол өмірдің әртүрлі жағдайларына белгілі бір тәртіп береді. Осылайша этностың кеңістіктері және уақыттағы мағынасыз бос (хаотическое) қозғалысы нақты мағына мен тәртіпке не болады. Бұл тұрасында XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы белгілі тарихшылардың бірі Құрбанғали Халил былайша талдау жасайды: «... Ұлы жұзден Үйсін, Қіши жұзден Алышын туады. Үйсін үлдарының ішінде аришындысы Жалайыр. Алиын балаларының ақылдысы Жаппас болған соң, аталағанда аталағымен қатарластыра “Үйсін-Жалайыр”, “Алышын-Жаппас” деп қосарланып айтылады.

Қазакта «құрбы, тұргы» деген екі сөз бар, «құрбы» - жасы қатар, «тұргы» - қарама – қарсы, тұтас, деңгейлес адамдар. Мысалы, Үйсімен Алишың тұргыда бірдей, Жалайир Алишынмен бір жылда туып, туысқан құрбы деп аталады, тұргылас демейді...» [4, с.92]. Қазақтардың этно-саяси үйімінің жоғарыда айтылған ерекшеліктері жайында құнды мәліметтер М.Ж. Көпеветің еңбектерінде де жазылған. Әсіресе «Алаша хай», «Орта жұздың жеті арысы» және т.б. М.Ж. Көпеветің жазып алған тарихи аңыздары мәліметтерге бай, құнды деректер.

Генеалогиялық қатнастар накты емірде бар рулық байланыстар мен иерархияларға негізделеді, оның ар жағында Қазақ хандығының өзіндік мемлекеттік-саяси құрылымы тұр. Қазақтардың рулық құрылымы этнос пен мемлекеттің шекарасындағы қымылмен ғана шектелмейді. Ру жүйесінің социомәдени кеңістігі Орталық Азияның көшпелі өркениетінің негізгі құндылығы ретінде саяси-территориялық организмін шегінен шығып жатыр.

Рулық құрылыштың иерархиялық құрылымы қазақ қоғамының этноәлеуметтік үйімі ретінде саяси қауымдақ институтына айналады. Р.Г. Күзеевтің жазғанындағы «разработка структур родоплеменной организации упомянутых народов по “полной схеме” создает многоступенчатую генеалогию с иерархической соподчиненностью включенных в нее родственных образований различного порядка ... в новое время, родоплеменная иерархия

и сама генеалогическая структура организации общества, были не более чем идеологической индустрией, отражающей былые генетические и политические связи, а также процессы этнической консолидации народа или его составных частей»[3, с.21].

Ру-тайпалық құрылымның негізгі деңгейлерінің әлеуметтік-саяси ролін ғылыми талдау оның бейімділік, қымыл-қозғалыстық сипаттарын көрсетеді. Сонымен бірге, аузыша тарихи білім этногенетикалық үрдістердің хронологиялық шектерін дәлелді тіркеуге де мүмкіндік береді.

Рулық құрылымның қызмет етүінің жөнө оның шешіре түріндегі идеологиясының ерекшеліктерін түсіну үшін біз әлеуметтік үйімінің ішкі ішкі құрылымын қарастырамыз.

Дәстүрлі этноәлеуметтік үйімінің негізі - жанұялық-тұысқан топ «ата баласы» жатыр. Бұл экзогамиялық патронимиялық бәлім, қандас туыстардың аз тобы. Бірден жетінші атага дейінгі топтардың бірлігі болғандықтан, бұл топтардың іс-әрекеттерінің диапазоны кең. Қоғамның қалыптасуының негізгі қағидасы туыскандықтың осы деңгейінде басталады. Бұл әлеуметтік топтың басында – ақсақалдар тұрады.

Этноәлеуметтік үйімның құрылымдық бәлігі - туыскандықтың келесі бір деңгейі – ру саяси бірлік. Мұндай топтағы билік бір жанұяның қолында болып, мұралық жолмен билік үрпақтарына беріледі. Бұған бірнеше жанұялық-тұысқан топтар еніп, іс-әрекетті

бақылау үшін билеуші жанұя сайланады. Бұл деңгейде қандас туыстық өзінің орнын гешеологиялық туыстықка береді. Үрпактардың санына, қоныстанушылардың санына және территоријына қандай да бір қатаң шектеу жок. Іс-әрекет жағдайға байланысты анықталады, бірінші орында саяси және территориялық мәселелер. Эрі карай этноалеуметтік үйімға одактар мен қауымдастырудың құрайтын басқа таксономиялық ірі топтар (арыс, тайпа, жұз) енеді.

Р. Күзесен «әкәп жағдайларда рулық үйімдарды тайпалық үйімдардан айыру киын немесе тіпті айыру мүмкін емес» деп жазады. Шынында да, көрсетілген схемада рулық деңгей классикалық турде жанұялық-тысыандық топтармен сейкес келеді. Оңда қандас туыстық-рулық қоғамның барлық белгілері сақталған.

Жұз деңгейінде көптеген субэтникалық топтар мен әлеуметтік страттар қауымдастыққа біргеді Сонымен бірге мұндай әртүрлі сословиелік топтардың жалпы этникалық интеграциясын ірі тайпалық одактар деңгейінде байқай аламыз (арғынның қожасы, үйісіннің тересі және т.б.).

Сонымен, шежіреде халықтың және мемлекеттің біргігінің фундаментальді бастауы жазылады. Қазақ шежірелерінде мифтік сипаттағы құнды аңыздар сақталған, еріне оларда халықтың бірлігін, мемлекеттің тұтастығын негіздеу үшін жасалған тарихи мазмұн да бар. Бірінші ол – қазактардың мифтік атасы, билеушісі - Алапша хан туралы аңыз. Оның атымен қоғамдағы этносаяси және әлеуметтік тәртіп

тығыз байланысты. Бұл циклдегі аңыздар түрі қазақтың үш жүзінің (Ұлы жұз, Орта жұз, Кіші жұз) рубасшылары деп Алаша ханың балаларын көрсетеді. «Ерте үақыттарда бір хан өмір сүріп, ертедегі салт бойынша ала туған балаларды өлтіріп отырған. Бірақ, бір күн қанның әйелі ала бала туады. Ол баласын ханнан жасасырып бағады. Бір күн ол ханга өз құпиясын айтты. Хан ашуланып, баланы өлтірмекі болады. Анасы баласының қашып кетуіне комектеседі. Құндердің бір күнінде баланың тауып алып келуге жүз адам жіберіледі. олар сонда қалып қояды, хан тағы да жүз жігіт жібереді. Оларда келмей қалады. Осылайша, адамның саны үш жүзге жетеді. Осы үш жүз адам Алашага қолдау көрсетеді. Осыдан бастап үш жүз пайда болады».

Шежіренің басқа вариантынан казак халкының пайда болуы туралы толығырақ мәліметтер аламыз. Құрбанғали Халилтін шежіресі бойынша: «Бір ханның ала баласы болады, сондыктан ол оған жұз алам беріп каладан күңшығады. Олар таулардың арасында көшпелі өмір салтымен өмір сүреді. Олардың сонынан хан жұз адам жібереді. Келген адамдар олардың бай тұратындықтарын көріп, оларға қосылады. Хан тағы да үш жұз адам жібереді, оларда сонда қалып қояды. Осылайша, үш ру пайда болады». [4,с.56]

Бұл мәліметтер басқа аңыздарда да кездеседі. Сонымен бірге кейінгі шежіре билігрлерінің айтуында түпкі қазақ шежірелері библиялық және мұсылмандық сюжеттермен аРАЛАСЫП кетеді.

«Ғақаштың балалары да лада мал багып, көншілел өмір салтымен өмір сүрді деп айталы қазақ аңыздары, - Ғақаштың Қабыл деген ұлы болды, одан Магаз, Магаздың ұлы Ісмайыл, одан Ақшолтан, одан Курай, одан Жайылхан, одан Майызы, одан Өзбек және Іспан. Өзбектің сезіз ұлы болған: Тұркімен, Қыргыз, Қарақалпақ, Қыт, Қызыл аяқ, Қайшилы, Қонақшы және ең кішісі Алай болды.

Алаш ұлken орында қалып бай болыт, малы көп болғандықтан ораза-намазды керек қылмай [Әбілгазада да солай – Ж. А.] қаза қыла берген себепті “қазақ” деп атапты. Қазақ деген сөз арабша салақ деген сөз екен.

Қазақтың балалары: Қара Құлымбет, оның баласы Құтманбай. Оның балалары: ұлкени Үсін [Ақ Арыс], ортанишысы Ақжол [Жан Арыс], кішісі Алишын [Бек Арыс].

Генеалогиялық аңыздардың негізгі міндегі қазақ этносының негізін құрайтын – үш қазақ жүздерінің бірлігін ынғайту. М.Ж. Қопеев шежіресіндегі аңыздарда негізгі сюжеттермен бірге қазақтардың туысқандық жүйесін сипаты, руладың территория алуы туралы мәліметтер де аламыз. Шежіренің кейбір нұсқаларында топонимикалық атаулардың сипаттаулары кездеседі.

Шежіре бойынша материалдарға қазақтардың әртүрлі субэтникалық топтарының династиялық мәліметтерінің (ата тарату) жинағы енеді. Біздің кезқарасымыз бойынша көбірек әнделгені «тере» және «қожа» (пайғамбардың ұрпақтары) генеологиясы. Генеологиялық жи-нақтармен бірге жүретін мифтік және аңыздық

сюжеттер этноәлеуметтік үйымдардың жалпы моделінің қажеттілігін негіздей түседі. Қазақтардың этноәлеуметтік үйымының конфигурациясына жоғарыда атаптандардан басқа көптеген бөгде этникалық топтар да енеді, олардың көп белігі негізгі үштік құрылымдық жүйеге бейімделу мен ассимиляцияның әрденгейінде тұрды. Шежіреде қазақтардың рулық сегменттерінің арасындағы қарым-қатнасты және этностың негізгі белігінен әртүрлі құрылымдық қашықтықтар орналасқан субэтникалық топтар арасындағы қарым-қатнасты реттейтін мекенізм орналасқан. Шежіре тере әлеуметтік тобының жоғары дөрежесіне қарай саяси миссияны береді. Бұған катысты қазақ аңыздарында Шыңғыс ханың шығу-тегіне талдау жасау жеткілікті: Шыңғысханың тегі қазақ аңыздарында «Алтынбел деген бір хан болыпты» деп басталады – Бір күні ханың әйелі екіқабат болып қыз тудады. Қыз әте сулу болғандықтан шешесі оны ешкімге көрсетпей, темір үйде асырайды. Қыз есекеннен кейін, кемпір қызыды жарыққа шығарады. Қыз жарыққа шықсымен талып құлап қалады. Құлайдаң нұрлынаң қыз екіқабат болып қалады. Әке-шешесі қызыды алтын сандыққа салып, өзенге ағызып жібереді. Сандықты Токтагұл тауып алады..бала еседі. Ол ете жақсы болып әділ болып еседі. Оны Шыңғысхан деп атайды. Шыңғыс хан болып, әділлітті билік құрады. [2, с.91-96]

Шежіре көғамдық санаға тере субэтникалық топтары арқылы дәстүрлі қогамның саяси құрылымының қасиетін сіндірді. Осыған орай

терлерге этноинтегральдық қызметтерді орындау және қоғамның саяси бірлігін сақтау жүктелді. Шежірлердің барлық негізгі нұсқаларында басты сюжеттер белгілі тарихи тұлғалармен байланысты. Тұлғалардың қызметтерін баяндау арқылы шежіре Ұлы даланың тарихынан мәліметтер береді, қалыптасқан әлеуметтік және саяси тәртіпті bekite түседі.

Осылайша, шежірениң негізгі міндепті - қоғамның өмір сүріп тұрган этноәлеуметтік құрылымын негіздеде.

М.Ж. Көпесевтің қазактың тарихын зерттеуде және ауыз әдебиеттің үлгілерін жинақтаудағы еңбегі ете зор. Мәшінүр Жұсіптің өр уақыттарда қазақ фольклорларының үлгілерін жинақтады, оларда әсіресе жер-су, елді-мекен атаулары, әулие адамдар, тарихи тұлғалар туралы мәліметтер сақталған.

Тұган тілді терең білу Мәшінүр Жұсілке фольклорды жинақтап, үлттық колоритін сақтай отырып жеткізді. Материалдарды жинау барысында айтушының беделі, ол туралы мәліметтерді толық беруге тырысты немесе пайдаланған деректеріне сілтеме жасап отырды. Фольклор үлгілеріне талдай жасай отырып, Мәшінүр Жұсіп олардың тарихи-этнографиялық реконструкциялауға қажетті екендігін терен түсінді. М.Ж. Көпесевтің жазбаларында рудың пайда болуы, құрамы, коршаган табигат, белгілі бір халықтың киім үлгілері және рухани мәдениеті туралы мәліметтер көптеп кездеседі. Мысалы, қазактар қашаннан бастап үш жүзге белгіндеген аңызға ол Алаша туралы езінің

талдауларын береді, «жұз» атауының қайдан шыққанын түсіндіруге тырысады.

Мәшінүр Жұсіптің тарихи еңбегі сол, ол ауыз әдебиетінің ХVIII ғасырдағы ірі екілі Бұқар жыраудың мұраларын жинақтады. Мәшінүр Жұсіптің шежірелерінде Бұқар жырау бейнесі өділ, бірліктің үйтқысы және әз заманының озық қасиеттерін бойына жинаған адам ретінде көрсетіледі. Мәшінүр Жұсіп Бұқар жыраудың өмірі туралы мәліметтер жинақтап, әмбебаның бірнеше болып жазған еді.

М.Ж. Көпесевтің шығармалары тарихымыз үшін құнды негізгі деректер болып табылады. Оның еңбектері келешек үрлакты әткен дәуірлерге қатысты тарихи мәліметтермен байтағы түседі және бір қарағанда кездейсоқ болып көрінетін қазақтардың коршаган ортамен байланысын, оларлың бір үрдістегі әлемдік тарихтың дамуындағы рөлін анықтауға мүмкіндік береді.

Осылайша, Мәшінүр Жұсіп Көпейұлы халықтың санасында тарихи әткенін сақтауға, қазақ халқының тұтас бір үлт болып қалыптасуына әз үлесін қости. М.Ж. Көпесев қазақ халқының тарихи фольклорын жинақтаушы ғалымдар В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Ч.Ч. Валиханов сијақты ғалымдармен бірге алдыңғы орын алады. М.Ж. Көпейұлы - езінің өмірде көрғендерін, естігендерін фәлсафалық тұрғыдан талдап, оларды халық иғілігіне жарап деген ииетпен әз жазбаларында бір жүйеге келтірді.

Артықбаев Ж.О.

Әдебиеттер:

1. Валиханов Ч. Ч. Киргизское родословие // Собр. соч.: в 5 т. т. 2 Алма-Ата, 1985. С. 148-166
2. Қепеев М. Ж. Таңдамалы. Екі томдық Т. 2 Алматы, 1992.
3. Күзев Р.Г. Происхождение башкирского народа. М., 1974
4. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса. Алматы, 1992.

Содержание

Қазақ шежіресі	5
Орта жұз тарихы	11
Мейрам тарауы	14
Бошан	17
Сүйіндік	18
Құлік, құлік, жүрген жерін бұлік, атандын күлікке келейік	21
Тілеуімбет, Наурыз	22
Наурыздан алтау	23
Қуандықтан алтау туады	27
Қуандықтың бір баласы –алтай	29
Мойынды таратайық	30
Сармантайдан	31
Қаракесек	33
Қарсұн	40
Бұл Мәшінүр шежіресі қазақ ертегісінен алынып сойлейген	49
Қаракерейді сейлейік	51
Ақбура	55
Шәүке тараулары	56
Бәсентийн, Сырым	64
Бәсентийн	65
Молда Мәшінүр Жүсіп Көпейбаласының жинаған сөздері	67
Орманшы тарихы	72
Керей тарихы	73
Бұка, Кебір тарихы	74
Бұл қазақ қай уақытта үш жұз атандан	83
Атасының аты білінбей әз аты шыққан ерлер	92
Ер Едіге	99
Еңсегей бойлы ер Есімнен	103

Қазақ шежіресі

Ақтабан шұбырынды, алқакөл – сұлама....	104
Ақтабан шұбырынды	105
Абылай хан дөүірі	106
Абылайдың тұтын болуы	109
Абылай тұсындағы заң-жоралғылар	114
Қазыбек би ешілігі	116
Жәнібек батырдың түсін	
Абылайдың жоруы	118
Абылай аспас Арқаның Сарыбелі	122
Бұрынғы заманның адамдарының кандай екенін танытуға сөйлемен сез	130
Шанышқылы Бердікожа	133
Кеңесары - Наурызбай хақындағы әңгімелер	134
Шоқ бидің Куандық еліндегі асқа баруы (бірінші нұсқа)	140
Шоң бидің Куандық еліндегі асқа баруы (екінші қысқа нұсқа)	152
Ұлбикс	154
Белтірік шешен	155
1. Тұрмыс салт жырлары	157
Жар-жар (1-нұсқасы)	157
Жар-жар (2-нұсқасы)	163
2. Жұбату	164
Беташар	171
Бата ұлтілері	175
Бата	175
Бұрынғылардың батасы	177
Бұрынғылардың тағы бір батасы	181
Кейінгі бір бата	181
Жарапазан	183
Жоқтау әлеңдері	184
Бұрынғы жоқтау үлгісі	184

Копсіұлы М.Ж.

Балғынды жоқтау	187
Болы торені карындастының жоқтағаны	188
Тәтиді жоқтау	190
Бір ейелдің ботасын жоқтағаны	196
Қалмақ Сарыарқадан аугандада, тамақ сүрап жылаған балалярына айтқаны	197
Қалмақтың Сарыарқаны жоқтаған жылаған зары	197
Түсініктемелер	202
Артықбаев Ж.О. Қазақ шежіресін зерттеуде М.Ж. Көпесетің тарихи мұрасының маңызы	217

М.Ж. Көпейұлы
Қазақ шежіресі

**Издательско-книготорговая фирма
«Алтын кітап»**

Для корреспонденции:
г. Астана
мкр. 3, д. 21, кв. 122
Телефон: 8/3172/ 363881
8 701 467 17 33
E-mail: altyn_kitap @ topmail.kz

Подписано в печать 12.07.07 г.
Формат 84x100 1/32.
Бумага офсетная. Гарнитура Times New Roman.
Объем в усл. печ. лист. 15,4.
Объем в уч. изд. лист. 10,5. Тираж 500 экз.

Отпечатано в ТОО НПФ "ЭКО".
140000, Республика Казахстан, г. Павлодар,
ул. 29 Ноября, 2, тел. (3182) 32-16-08

Для заказа:
РНН 301711103585
БИК 193201601
/ИИК/ счет № 026715992
В ПОФ АО «Народный Банк Казахстана»
КБЕ-19
Свидетельство № 0171405 от 03.02.2006
Серия 05915

